

ISSN 2518-1491 (Online),
ISSN 2224-5286 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

N E W S

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

SERIES
CHEMISTRY AND TECHNOLOGY
1 (462)

JANUARY – MARCH 2025

PUBLISHED SINCE JANUARY 1947

PUBLISHED 4 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Бас редактор:

ЖҰРЫНОВ Мұрат Жұрынұлы, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, РБҚ ҚР ҰҒА президенті, АҚ «Д.В. Сокольский атындағы Отын, катализ және электрохимия институтының» бас директоры (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602177960>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2017489>

Редакция алқасы:

ӘДЕКЕНОВ Серғазы Мыңжасарұлы (бас редактордың орынбасары), химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, «Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік холдингінің директоры (Қарағанды, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006153118>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/48648658>

АГАБЕКОВ Владимир Енокович (бас редактордың орынбасары), химия ғылымдарының докторы, профессор, Беларусь ҰҒА академигі, Жаңа материалдар химиясы институтының құрметті директоры (Минск, Беларусь) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004624845>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/28920574>

СТРНАД Мирослав, профессор, Чехия ғылым академиясының Эксперименттік ботаника институтының зертхана меңгерушісі (Оломоуц, Чехия) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=36789185000>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/18379>

БҮРКІТБАЕВ Мұхамбетқали, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=8513885600>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/691218>

ХОХМАНН Джудит, Сегед университетінің Фармацевтика факультетінің Фармакогнозия кафедрасының меңгерушісі, Жаратылыстану ғылымдарының пәнаралық орталығының директоры (Сегед, Венгрия) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004457196>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/15630788>

РОСС Самир, PhD, Миссисипи университетінің Өсімдік өнімдерін ғылыми зерттеу ұлттық орталығы, Фармация мектебінің профессоры (Окефорд, АҚШ) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7401610128>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/47926269>

ХУТОРЯНСКИЙ Виталий, философия докторы (PhD, фармацевт), Реддинг университетінің профессоры (Реддинг, Англия) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35606915700>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/221621>

ТЕЛТАЕВ Бағдат Бұрханбайұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6506225641>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/72161>

ФАРУК Асана Дар, Хамдар аль-Маджида Шығыс медицина колледжінің профессоры, Хамдард университетінің Шығыс медицина факультеті (Карачи, Пәкістан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55884056900>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/1796996>

ФАЗЫЛОВ Серік Драхметұлы, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Органикалық синтез және көмір химиясы институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары (Қарағанды, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701472056>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/1541357>

ЖОРОБЕКОВА Шарипа Жоробекқызы, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қырғызстан ҰҒА академигі, ҚР ҰҒА Химия және химиялық технология институты (Бішкек, Қырғызстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602652060>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/31723468>

ХАЛИКОВ Джурабай Халикович, химия ғылымдарының докторы, профессор, Тәжікстан ҒА академигі, В.И. Никитин атындағы Химия институты (Душанбе, Тәжікстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6603735641>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/9567106>

ФАРЗАЛИЕВ Вағиф Меджидоглы, химия ғылымдарының докторы, профессор, АҰҒА академигі (Баку, Әзірбайжан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6601962486>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/21617033>

ГАРЕЛИК Хемда, философия докторы (PhD, химия), Халықаралық таза және қолданбалы химия одағының Химия және қоршаған орта бөлімінің президенті (Лондон, Англия) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56010090400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/29866743>

«ҚР ҰҒА Хабарлары. Химия және технология сериясы»

ISSN 2518-1491 (Online),

ISSN 2224-5286 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Ақпарат агенттігінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі «Ақпарат комитеті» Республикалық мемлекеттік мекемесі **28.02.2025 ж.** берген N°KZ63VPY00113743 Күзлік.

Тақырыптық бағыты: *химия және химиялық технология*

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы РҚБ, 2025

Главный редактор:

ЖУРИНОВ Мурат Журинович, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, президент РОО Национальной академии наук Республики Казахстан, генеральный директор АО «Институт топлива, катализа и электрохимии им. Д.В. Сокольского» (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602177960>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2017489>

Редакционная коллегия:

АДЕКЕНОВ Сергазы Мынжасарович (заместитель главного редактора), доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного научно-производственного холдинга «Фитохимия» (Караганда, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006153118>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/48648658>

АГАБЕКОВ Владимир Енокович (заместитель главного редактора), доктор химических наук, профессор, академик НАН Беларуси, почетный директор Института химии новых материалов (Минск, Беларусь), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004624845>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/28920574>

СТРНАД Мирослав, профессор, заведующий лабораторией института Экспериментальной ботаники Чешской академии наук (Оломоуц, Чехия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=36789185000>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/18379>

БУРКИТБАЕВ Мухамбеткали, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=8513885600>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/691218>

ХОХМАНН Джудит, заведующий кафедрой Фармакогнозии Фармацевтического факультета Университета Сегеда, директор Междисциплинарного центра естественных наук (Сегед, Венгрия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004457196>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/15630788>

РОСС Самир, PhD, профессор Школы Фармации национального центра научных исследований растительных продуктов Университета Миссисипи (Оксфорд, США), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7401610128>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/47926269>

ХУТОРЯНСКИЙ Виталий, доктор философии (Ph.D, фармацевт), профессор Университета Рединга (Рединг, Англия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35606915700>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/221621>

ТЕЛЫТАЕВ Багдат Бурханбайулы, доктор технических наук, профессор, академик НАН РК, Министерство Индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6506225641>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/72161>

ФАРУК Ахсана Дар, профессор колледжа Восточной медицины Хамдарда аль-Маджида, факультет Восточной медицины университета Хамдарда (Карачи, Пакистан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55884056900>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/1796996>

ФАЗЫЛОВ Серик Драхметович, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, заместитель директора по научной работе Института органического синтеза и углекислотной химии (Караганда, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701472056>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/1541357>

ЖОРОБЕКОВА Шарипа Жоробековна, доктор химических наук, профессор, академик НАН Кыргызстана, Институт химии и химической технологии НАН КР (Бишкек, Кыргызстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602652060>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/31723468>

ХАЛИКОВ Джурабай Халикович, доктор химических наук, профессор, академик АН Таджикистана, Институт химии имени В.И. Никитина АН РТ (Душанбе, Таджикистан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6603735641>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/9567106>

ФАРЗАЛИЕВ Вагиф Меджид оглы, доктор химических наук, профессор, академик НАНА (Баку, Азербайджан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6601962486>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/21617033>

ГАРЕЛИК Хемда, доктор философии (Ph.D, химия), президент Отдела химии и окружающей среды Международного союза чистой и прикладной химии (Лондон, Англия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56010090400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/29866743>

«Известия НАН РК. Серия химии и технологии».

ISSN 2518-1491 (Online),

ISSN 2224-5286 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство №KZ63VPY00113743 о повторной регистрации периодического печатного издания информационного агентства, информационного агентства и сетевого издания, выданное Республиканским государственным учреждением «Комитет информации» Министерства культуры и информации Республики Казахстан 28.02.2025 г.

Тематическая направленность: химия и химические технологии

Периодичность: 4 раза в год.

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

© РОО Национальная академия наук Республики Казахстан, 2025

Editor in chief:

ZHURINOV Murat Zhurinovich, doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK, President of NAS RK RPA, general director of JSC "D.V. Sokolsky Institute of fuel, catalysis and electrochemistry (Almaty, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602177960>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2017489>

Editorial board:

ADEKENOV Sergazy Mynzhasarovich (deputy editor-in-chief) doctor of chemical sciences, professor, academician of NAS RK, director of the International Scientific and Production Holding «Phytochemistry» (Karaganda, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006153118>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/48648658>

AGABEKOV Vladimir Enokovich (deputy editor-in-chief), doctor of chemistry, professor, academician of NAS of Belarus, honorary director of the Institute of Chemistry of new materials (Minsk, Belarus) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004624845>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/28920574>

STRNAD Miroslav, head of the laboratory of the Institute of Experimental Botany of the Czech Academy of Sciences, professor (Olomouc, Czech Republic) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=36789185000>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/18379>

BURKITBAYEV Mukhambetkali, doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=8513885600>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/691218>

HOHMANN Judith, head of the department of pharmacognosy, faculty of Pharmacy, University of Szeged, director of the interdisciplinary center for Life sciences (Szeged, Hungary) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004457196>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/15630788>

ROSS Samir, Ph.D, professor, school of Pharmacy, National Center for scientific research of Herbal Products, University of Mississippi (Oxford, USA) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7401610128>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/47926269>

KHUTORYANSKY Vitaly, Ph.D, pharmacist, professor at the University of Reading (Reading, England) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35606915700>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/221621>

TELTAYEV Bagdat Burkhanbayuly, doctor of technical sciences, professor, academician of NAS RK, Ministry of Industry and infrastructure development of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6506225641>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/72161>

PHARUK Asana Dar, professor at Hamdard al-Majid college of Oriental medicine, faculty of Oriental medicine, Hamdard University (Karachi, Pakistan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55884056900>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/1796996>

FAZYLOV Serik Drakhmetovich, doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK, deputy director of the Institute of Organic Synthesis and Coal Chemistry (Karaganda, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701472056>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/1541357>

ZHOROBEKOVA Sharipa Zhorobekovna, doctor of chemistry, professor, academician of NAS of Kyrgyzstan, Institute of Chemistry and chemical technology of NAS KR (Bishkek, Kyrgyzstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602652060>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/31723468>

KHALIKOV Jurabay Khalikovich, doctor of chemistry, professor, academician of the Academy of Sciences of Tajikistan, V.I. Nikitin Institute of Chemistry AS RT (Tajikistan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6603735641>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/9567106>

FARZALIEV Vagif Medzhid ogly, doctor of chemistry, professor, academician of NAS of Azerbaijan (Azerbaijan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6601962486>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/21617033>

GARELIK Hemda, PhD in chemistry, president of the department of Chemistry and Environment of the International Union of Pure and Applied Chemistry (London, England) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56010090400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/29866743>

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of chemistry and technology.

ISSN 2518-1491 (Online),

ISSN 2224-5286 (Print)

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of Information of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ66VPY00025419**, issued **29.07.2020**.

Thematic scope: *organic chemistry, inorganic chemistry, catalysis, electrochemistry and corrosion, pharmaceutical chemistry and technology.*

Periodicity: 4 times a year.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2025

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224-5286

Volume 1. Number 462 (2025), 5–20

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1491.262>

MPHTI 61.33.31

ЭОЖ 6664.41;636.087

A.A. Anarbayev*, B.N. Kabylbekova, J.E. Khusanov, G.M. Ormanova, 2025.

M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

*E-mail: abib_28@mail.ru

INVESTIGATION OF THE PROCESS OF OBTAINING A COMPLEX PHOSPHOHUMATE MINERAL FERTILIZER

Anarbayev Abibulla Abildaevich – doctor of technical sciences, professor of the department of Technology of inorganic and petrochemical industries, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: abib_28@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-0019-4381>;

Kabylbekova Balzhan Nurmanovna – candidate of technical sciences, professor of the department of Chemistry and pharmaceutical engineering, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: balzhan.kbn@bk.ru. <https://orcid.org/0000-0001-8461-8008>;

Khusanov Zhakhangir Evadullayevich – candidate of technical sciences, professor, head of laboratories Regional testing laboratory for engineering “Structural and biochemical materials”, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: zhakhangir@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-4408-2066>;

Ormanova Gaukhar Meyrbekovna – master of engineering and technology, PhD, doctoral student of the department of Technology of inorganic and petrochemical industries, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: ormanova_g@inbox.ru. <https://orcid.org/0000-0002-9625-5790>.

Abstract. Currently, the quality of agricultural plants and their products depends on the fertility of the earth's crust and the quality of mineral fertilizers used. A special place in it is occupied by complex mineral fertilizers with a phosphorus composition and their processing from low-grade phosphate raw materials is an urgent issue. After all, the reserves of high-grade phosphorous ore are almost exhausted in all fields. In Kazakhstan, the phosphorites of the Zhanatas mine belong to one of the low-grade phosphate ores. Zhanatas phosphorites are carbonate because of their composition. High molecular weight organic acids not only promote plant growth, but also reduce the retrograde activity of P_2O_5 in water and citrate solvent. However, such effective complex mineral fertilizers are not produced at the industrial level. For the treatment of complex mineral fertilizers, studies were conducted in this direction and as a result, monocalcium phosphate was obtained with the treatment of low-quality phosphorus raw materials from the Zhanatasskoye deposit with phosphoric acid with a consumption of 540-560% at a temperature of 95-100°C and it was found that with the addition of

sodium humate, neutralizing the free acid in its composition with ammonia, a complex mineral fertilizer with a P-N content is obtained-Ca-Gum and its effective indicators. It was found that when the ratio of the MCF changes:Gum in the range from 1:0 to 1:0.8 UF gradually turns into calcium humate. Such a complex mineral fertilizer containing P-N-Ca-Gum, obtained during processing, has a significant impact on plant growth and product quality.

Keywords: phosphate raw materials, sodium humate, complex mineral fertilizer

А.А. Анарбаев*, Б.Н. Кабылбекова, Ж.Е. Хусанов, Г.М. Орманова, 2025.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.
*E-mail: abib_28@mail.ru

КҮРДЕЛІ ФОСФОГУМАТТЫ МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШ АЛУ ПРОЦЕССИН ЗЕРТТЕУ

Анарбаев Абибулла Абилдаұлы – техника ғылымдарының докторы, «Бейорганикалық және мұнайхимия өндірісінің технологиясы» кафедрасының профессоры, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: abib_28@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0019-4381>;

Кабылбекова Балжан Нурманқызы – техника ғылымдарының кандидаты, «Химия және фармацевтикалық инженерия» кафедрасының профессоры, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: balzhan.kbn@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8461-8008>;

Хусанов Жахангир Евадуллаевич – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» ИБАС зертханасының меңгерушісі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: zhakhangir@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4408-2066>;

Орманова Гаухар Мейрбекқызы – техника және технология магистрі, «Бейорганикалық және мұнайхимия өндірісінің технологиясы» кафедрасының PhD докторанты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: ormanova_g@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9625-5790>.

Аннотация. Ауылшарушылығы өсімдіктерін және оның өнімдерінің сапасы жер қыртысының құнарлығына және қолданылатын минералды тыңайтқыштардың сапасына байланысты. Онда фосфор, азот, гумат құрамды күрделі минералды тыңайтқыштардың алатын орны ерекше және оларды төмен сортты фосфатты шикізаттардан өңдеп алу өзекті мәселе. Қазіргі уақытта жоғары сапалы фосфор кенінің қорлары барлық кен орындарында іс жүзінде таусылған. Қазақстанда төмен сұрыпты фосфосфатты кендердің біріне Жанатас кенішінің фосфориттері жатады. Жанатас фосфориттері құрамына байланысты карбонатты болып келеді. Мұндай фосфоритті ыдыратқанда көмірқышқыл газының бөлінуіне байланысты үлкен көлемде көбіктің пайда болуы байқалады және айтарлықтай тыңайтқыштың өнімділігіне әсер етеді.

Тыңайтқыштардың құндылығы олардағы қоректік элементтердің суда ерігіштігімен, заттардың сіңірімділігінің массалық үлестерімен өлшеніп өнімге әсер етеді. Өсімдіктердің нақты өсіп өнуіне орғано-минералды тыңайтқыштар

айтарлықтай әсер етеді. Ондай минералды тыңайтқыштарды құрамына гуматты қосылыстарды қосу арқылы өңдеп алуға болады. Органикалық заттар түрінде жоғары молекулалық органикалық қышқылдар, олар тек қана өсімдіктің өсуіне ғана емес, P_2O_5 -тің суда және цитратты еріткіште ретроградацияға түсуін төмендетеді. Жоғары тиімді күрделі минералды тыңайтқыштар өндірістік деңгейде шығарылып жатқан жоқ. Күрделі минералды тыңайтқыштарды өңдеу үшін осы бағытта зерттеулер жүргізілді және нәтижесінде Жанатас кенорнының төмен сапалы фосфатты шикізатын фосфор қышқылымен 540-560% шығындық мөлшерімен температура 95-100°C өңдеп монокальцийфосфат алынды және оның құрамындағы бос қышқылды аммиакпен бейтараптап натрий гуматын қосу арқылы P-N-Са-Гум құрамды күрделі минералды тыңайтқыш алынатындығы және оның тиімді көрсеткіштері анықталды. МКФ:Гум қатынасын 1:0 ден 1:0,8 аралығында өзгерткенде МКФ біртіндеп кальций гуматына өтетіндігі анықталды. Өңдеп алынған мұндай P-N-Са-Гум құрамды күрделі минералды тыңайтқыш өсімдіктердің өсуіне және өнімнің сапасына айтарлықтай әсер етеді.

Түйін сөздер: фосфатты шикізат, натрий гуматы, күрделі минералды тыңайтқыш

А.А. Анарбаев*, Б.Н. Кабылбекова, Ж.Е. Хусанов, Г.М. Орманова, 2025.

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

*E-mail: abib_28@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССА ПОЛУЧЕНИЯ КОМПЛЕКСНОГО ФОСФОГУМАТНОГО МИНЕРАЛЬНОГО УДОБРЕНИЯ

Анарбаев Абибулла Абилдаевич – доктор технических наук, профессор кафедры «Технология неорганических и нефтехимических производств» Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, e-mail: abib_28@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0019-438>;

Кабылбекова Балжан Нурмановна – кандидат технических наук, профессор кафедры «Химия и фармацевтическая инженерия» Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, e-mail: balzhan.kbn@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8461-8008>;

Хусанов Жахангир Евадуллаевич – кандидат технических наук, профессор, заведующий лабораторией ИРЛИП «Конструкционные и биохимические материалы» Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, e-mail: zhakhangir@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4408-2066>;

Орманова Гаухар Мейрбековна – магистр техники и технологии, PhD докторант кафедры «Технология неорганических и нефтехимических производств» Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, e-mail: ormanova_g@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9625-5790>.

Аннотация. Качество сельскохозяйственных растений и их продукции зависит от плодородия земной коры и качества применяемых минеральных удобрений. Особое место в нем занимают фосфор, азот, гуматсодержащие комплексные минеральные удобрения и актуальным вопросом является их переработка из низкосортного фосфатного сырья. В настоящее время запасы высокосортной фосфорной руды практически исчерпаны на всех месторождениях. В Казахстане к

одной из низкосортных фосфосфатных руд относится фосфориты рудника Жанатас. Фосфориты Жанатаса карбонатные из-за своего состава. При разложении такого фосфорита наблюдается образование большого объема пены из-за выделения углекислого газа существенно влияет на производительность удобрений.

Значительное влияние на фактическое прорастание растений оказывают органо-минеральные удобрения. Такие минеральные удобрения получают с добавлением в состав гуматных соединений. В виде органических веществ используются высокомолекулярные органические кислоты, они не только способствуют росту растений, но и снижают ретроградаций P_2O_5 в воде и цитратном растворителе. Высокоэффективные комплексные минеральные удобрения не выпускают промышленном уровне. Для обработки комплексных минеральных удобрений проведены исследования в этом направлении и в результате получены монокальцийфосфат с обработкой фосфорного сырья низкого качества Жанатасского месторождения фосфорной кислотой с расходом 540-560% при температуре 95-100°C и установлено, что с добавлением гумата натрия, нейтрализующего свободную кислоту в его составе аммиаком, получают комплексное минеральное удобрение с содержанием P-N-Ca-Гум и его эффективные показатели. Было обнаружено, что при изменении отношения МКФ: Гум в диапазоне от 1:0 до 1:0,8 МКФ постепенно переходит в гумат кальция. Такое комплексное минеральное удобрение с содержанием P-N-Ca-Гум, полученное при переработке, оказывает существенное влияние на рост растений и качество продукции.

Ключевые слова: фосфатное сырье, гумат натрия, комплексное минеральное удобрение.


Кіріспе. Химия өндірісінің өнімдері адам өмірінің күнделікті тіршілігінде, халық шаруашылығының көптеген салаларында қолданылуда. Олардың қатарына ауыл шаруашылығына қажетті минералды тыңайтқыштар жатады. Тыңайтқыштар өсімдіктермен жақсы сіңірілуінің арқасында оның жақсы жетілуімен қатар өнімнің шығымын арттырып, сапасын жақсартады. Өндірісте жоғары тиімді минералды тыңайтқыштардың көптеген түрлерін шығару арқылы өсімдіктердің өнімділігін арттыруға болады. Ондай минералды тыңайтқыштарға суперфосфат, аммоний фосфаты, күрделі тыңайтқыштар, гумусты тыңайтқыштар, аммофос, диаммофос, нитрофос, нитроаммофоска т.б. жатады.

Тыңайтқыштардың құндылығы олардағы қоректік элементтердің суда ерігіштігімен, сіңірімділігінің массалық үлестерімен өлшенеді. Сіңірімділік тыңайтқыштардың құрамындағы қоректік элементтердің суда ерігіштігімен қатар, аммоний цитраты және 2% лимон қышқылы ерітінділерінде ерігіштіктерімен өлшенеді. Қазіргі уақытта суперфосфат өндірісінде фосфат шикізатының толық пайдалануы ыдырау шамасымен анықталады және H_2SO_4 мөлшері көп болған сайын ыдырау шамасыда жоғары болады. Нормалық шығыны 68-72% болғанда суперфосфатты фосфатты концентраттан алғанда ыдырау шамасы 83-88% тең болып және суперфосфат құрамында көп мөлшерлі бос фосфор қышқылы (11-

12%) болады. Белгілі әдіс бойынша оны қоймада ыдыратады немесе ұнтақталған кальций карбонатын қосу арқылы бейтараптап ыдырау шамасы 93-95% жетеді және бос фосфор қышқылының мөлшері 3-5% дейін төмендейді (Андронов, 1976: 242). Өңдеп алынған суперфосфаттың құрамында ерімейтін заттар және кальций сульфаты қалып отырады. Қаратау фосфоритінен алынған суперфосфаттың құрамындағы бос фосфор қышқылын аммиактандыру тиімді. Бұл жерде кальций және магний фосфаттарын толық бөліп алу және температураны 25⁰С дейін суытқанда монокальциймен қатар магний және алюминий фосфаттары күрделі екі және үштүзды кристаллогидраттарға кристалданады. Сондықтан Қаратау фосфоритінен алынған суперфосфатты аммиакпен қосымша өңдеп, суыту кезінде жақсы физикалық қасиетті тыңайтқыш алынатындығы анықталды (Молдабеков, 2001: 246; Левин, 2006:13; Новицкий, 2003,5; Li, 2023: 345).

Ауылшарушылық өсімдіктерінің нақты өсіп өнуіне орғано-минералды тыңайтқыштар айтарлықтай әсер етеді. Ондай тыңайтқыштарды құрамында гумусы бар табиғи заттарды қосу арқылы өңдеп алады. Оларды N:P:K, N:P:Ca үштік орғано-минералды тыңайтқыштар деп атайды. Органикалық заттар түрінде гумин қышқылдары қолданылады. Жоғары молекулалық органикалық қышқылдар тек қана өсімдіктің өсуіне ғана емес, P₂O₅-тің суда және цитратты еріткіште ретроградацияға түсуін төмендетеді. Жер қыртысы құрамында көп жағдайда минералды тыңайтқыштар ретроградацияға ұшырайды және сіңірімді фосфордың жоғалуын болдырмау үшін тыңайтқыштардың құрамына гумин қышқылы бар органикалық заттарды жерге бірге беру ұсынылуда. Құрамында гумин қышқылы бар заттар ретінде шымтезектер, гидролиз лигниндерін, гумин құрамды көмір ұнтақтарын қолдануға болады және оның жер қыртысында өсімдіктерге әсер ету механизмдері ғалымдармен жан-жақты зерттелуде (Khil'ko, 2021: 69).

Гуминді тыңайтқыштарды пайдалану кезінде микроағзалардың топтары биохимиялық белсенділіктері артады. Өсімдіктердің тамырмен қоректенуі кезінде заттардың тасымалдану процесіне гуминді тыңайтқыштарды бір гектар жерге 1-2 тонна мөлшерде қолданады. Гуминді фосфаттарды қолдану топырақтың микрофлорасын дамытуға айтарлықтай жақсы әсер етеді және өсімдіктің өсуіне тұрақты әсер ету нәтижесінде топырақты қоректі элементтермен байытады. Зерттеулер бойынша анықталғандай, түрлі активті тотықтырғыштардың кальций фосфатына әсер ету нәтижесінде суда еритін P₂O₅ мөлшері жоғарылайтындығы анықталды. Тотығу процесі кезінде гумин қышқылы және активті функционалды топтар жер қыртысына өте бастайды және кальций фосфатымен алмасу реакциясы жүреді. Ондағы кальций ерімейтін гумат кальциіне өтіп бос фосфор қышқылы пайда болады және ол ортаны (pH) төмендетеді. Сондықтан CaHPO₄ және Ca₃(PO₄)₂ қышқылда еріп фосфорды ерігіш түріне өткізеді (Chen, 2023: 149; Lucakova, 2014: 3; Zhu, 2022: 10). Қоссуперфосфат және аммофосты сульфолигнин құрамды заттарды түрлі қатынаста араластырғанда, ондағы кальций және аммиак гумин қышқылымен әрекеттесіп бос қышқылы пайда болады:



Активтендірілген гуматты қосылысты қосқан сайын P_2O_5 суда еритін түрі жоғарылайды. Нәтижесінде кальций гуматы көбейіп тыңайтқыштың өсімдікке әсері артады және өнімділік жоғарылайды.

Фосфатты азот қышқылды әдіспен және қоңыр көмірмен бірге өндегенде кальцийді гуматпен байланыстыру кезінде аммиакты қосу кальций гуматының түзілуіне жағдай жасайды. Азот қышқылды қоспаны бейтараптап, бірінші сатыда H_3PO_4 – аммоний фосфатына өткізеді, кейіннен оған қоңыр көмір қосып қосымша бейтараптайды және бірінші сатыда бейтараптау 80%, екінші сатыда бейтараптау 100% жүреді. Нәтижесінде өндеп алынған өнімде $P_{2O_{5сін}}/P_{2O_{5жалпы}}$ 96-98%; $P_{2O_{5сулы}}/P_{2O_{5ж}}$ 45-50% құрайды. Заттың құрамындағы $CaO:Гум$ қатынасы 1:0,5 болғанда суда еритін P_2O_5 мөлшері айтарлықтай жоғарылайды. Онда дикальцийфосфат аммоний гуматы мен әрекеттесіп монокальцийфосфат және кальций гуматы түзілді. Сондай-ақ ғылыми зерттеу жұмыста Қаратау фосфоритінен алынған құрамында $N:P:K$ бар орғано-минералды тыңайтқышты азот қышқылымен өңдеу арқылы алу қарастырылған. Бастапқы кезде фосфорит азот қышқылымен кальций сульфатының қатысуымен, ерімейтін заттармен бірге құрамындағы $CaO:P_2O_5$ қатынасы 1:1 түрінде алынып, соңынан аммиак және қоңыр көмірмен өңделеді (Безуглова, 2016:12;).

Өндеп алынған тыңайтқыштың физикалық қасиеті жоғары, ылғалды аз сіңіреді және сақтағанда жабыспайды. Мұндай органикалық минералды тыңайтқыштармен мақта және басқа дақылдарды өндегенде жыл өткен сайын өсімдіктерге агрохимиялық жақсы әсер етіп өнімділіктің жоғарылайтынын көрсетті.

Ғылыми мақалада суперфосфат және қоссуперфосфатты полиэлектролит туындысы және полиакрилонитрилдермен түрлендіру минералды тыңайтқышты пайдалануды жақсартып қана қоймай және ауылшарушылық өсімдіктерінің өнімділігін арттыратындығын (Beysenbayev, 2019:38; Artykova, 2023: 2315; Dzhakipbekova, 2018: 1779; Kratochvílová, 2023: 590; Jarosiewicz, 2003:413), сондай-ақ күрделі минералды тыңайтқыштың беткі қабатында жұқа қабыршақ түзетіндігі көрсетті.–

Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараптай келе, төмен сапалы фосфатты шикізаттардан минералды тыңайтқыш және таза монокальцийфосфатты алу жолдары толық зерттелмегендігі анықталды. Қазіргі уақытта төмен сапалы Чилисай фосфатты шикізатының қорының көптігін ескере отырып одан минералды тыңайтқыш және монокальцийфосфатты алу өзекті мәселе болып саналады. Сондықтан мұндай шикізаттарды өндеудің технологиясын жасау үшін жан-жақты зерттеулер жүргізіп, күрделі $P-N-Ca$ -Гуминқұрамды минералды тыңайтқышты алудың тиімді көрсеткіштерін анықтап өндіріске ұсыну қажет.


Материалдар мен әдістер

Күрделі фосфогуматты минералды тыңайтқыш алу үшін зерттеу жұмысы барысында химиялық, атом-абсорбциялы, рентгенофазалы және расторлы электронды микроскопиялық талдау әдістер қолданылды. Шикізат және өнімнің құрамын талдауда келесі жабдықтар: атом-абсорбциялы спектрометр Contra-AA300, расторлы электронды микроскоп JSM-6490LV энергия дисперсиялы

микроталдау INCA Energy 350 құрылысты жүйелі және поликристалды HKL Basic сынамалы құрылысты талдауы, рентгенофазалы дифрактометр Дрон-4 қолданылды. Зерттеу жұмыстары араластырғыш және көлемі 0,5 л шыны ыдыспен жабдықталған ULABUT-4302E маркалы термостатта жүргізілді. Шикізат ретінде Жанатас кенорнының төмен құнарлы фосфориті қолданылды. Фосфориттің құрамы келесі мас. %: P_2O_5 -19,36, CaO-30,6, MgO-2,80, Na_2O -0,4, Al_2O_3 -1,2, Fe_2O_3 -1,8, SO_3 -2,1, CO_2 -12,3, F-2,9, K_2O -0,2, SiO_2 -4,9 тұрады. Фосфоритті арнайы шарлы диірменде түйіршігі 0,074-0,100 мм дейін ұнтақталып дайындайды. Сондай-ақ 36-42% P_2O_5 фосфор қышқылы және натрий гуматы қолданылады. Натрий гуматын гуминқұрамды көмірлерден өңдеп алады. Оның құрамындағы гуминді қышқылдар – жалпы құрылымдық түрге ие, табиғи күңгірт түске боялған, петрографиялық құрамы және қышқылдану дәрежесі бойынша ерекшеленетін гумиттердің тобын құрайды. Тотыққан және қоңыр көмірлердің құрамында фенолды гидроксилдер, карбоксилді және карбонилді топтар болады.



Натрий гуматының құрамы келесі техникалық шартқа ТУ – 39-1223-87 УЩР – 13-2,5 сәйкес дайындалып алынды. Алдын ала дайындалған ұнтақ гуминқұрамды көмірге 20% NaOH ерітіндісін қосып температура 30-40°C және уақыт 10-15 минутта араластырып, алынған затты 90-100°C кептіреді. Гуматтың құрамында натрий гуматы 40%, натрий сілтісі 12,0%, ылғал 23%, күлділігі 25% құрайды. Өңдеп алынған натрий гуматы қоңыр түсті, түйіршіктері 0,5-3,0 мм, суда жақсы ериді (ерігіштігі -90%, рН-11).

Алынған гуматқарентгеноспектральды сараптама жасалып, құрамы анықталды. Гуматтың рентгеноспектральды талдауы төмендегі 1 суретте келтірілген.



Сурет 1– Гуматтың рентгеноспектральды талдауы

Электронды микроскоп арқылы, яғни электронды-зондты микросараптама жүргізу барысында сынаманың химиялық құрамы және сол түсірілген аймақтың микроскопиялық көрінісі зерттелді. Микроскопиялық көрінісі төмендегі 2 суретте келтірілген.



Сурет 2– Гуматтың микроскопиялық көрінісі

Гуматтың рентгеноспектральды (1 сурет) және микроскопиялық (2 сурет) талдауын пайдаланып оның құрамы анықталды. Гуматтың құрамы төмендегі 1 кестеде келтірілген.


Кесте 1 – Гуматтың құрамы

Element	(keV)	mass%	Error%	At%	Compound		mass%K
O	0.000	40.25	0.00	0.00		0.00	0.0000
Na K	1.041	26.53	0.45	39.48	Na ₂ O	35.76	50.0886
Al K	1.486	2.84	0.51	6.29	Al ₂ O ₃	4.27	16.6321
Si K	1.739	14.29	0.59	14.81	SiO ₂	16.56	19.9677
S K	2.307	1.25	0.58	2.66	SO ₃	3.12	2.4411
Cl K	2.621	0.67	0.29	0.53	Cl	0.67	1.1274
K K	3.312	0.36	0.33	0.31	K ₂ O	0.43	0.8133
Ca K	3.690	2.57	0.43	4.39	CaO	3.59	6.2766
Fe K	6.398	1.24	0.80	1.52	FeO	1.60	2.6532

1-кестеде көрсетілгендей алынған гуматтың құрамында Na₂O және Al₂O₃ SiO₂ т.б. заттар бар екендігі анықталды.


Таңдап алынған бастапқы шикізаттарды пайдаланып Жанатас кенорны фосфоритінен күрделі фосфогуматты минералды тыңайтқышты алу және тиімді оның негізгі көрсеткіштерін анықтау үшін жоғарыда келтірілген қондырғыда зерттеулер жүргізілді. Бастапқы шикізатты құрамын анықтау үшін расторлы электронды микроскопты қолданып фосфориттің элементті құрамы зерттелді және ол 3 суретте көрсетілген.

Элемент	Салмақ. %
C	3.35
O	50.94
Na	0.29
Mg	1.67
Al	1.21
Si	9.68
P	8.42
S	0.82
K	0.16
Ca	21.84
Fe	1.25
Жалпы	100



Сурет 3- Жанатас кенорны фосфоритінің энергия-дисперсиялы талдауы

Элементті зерттеу барысында фосфориттің құрамында P, Ca, Mg, Si, C мөлшері анықтал-ды. Фосфор кальций фосфаты, ал ондағы көміртегінің мөлшері фосфоритте CaCO_3 байланысты болады. Төмендегі 4 суретте фосфориттің рентгенфазалы талдауы көрсетілген.






Сурет 4- Жанатас фосфоритінің рентгенофазалы талдауы

Рентгенограммада (сурет 4) Жанатас фосфоритінің құрамында $\text{Ca}_5(\text{PO}_4)_3\text{F}$ дифракциялы максимумдары сәйкес $d/n=3,44; 3,058; 2,798; 2,69; 2,62; 2,24; 1,93; 1,835; 1,790; 1,72 \text{ \AA}$ және SiO_2 $d/n=4,25; 3,34; 2,45; 2,28; 2,12; 1,63; 1,54 \text{ \AA}$, сондай-ақ CaCO_3 $d/n=2,061, 2,014 \text{ \AA}$ келетінін дәлелдеді.

Жанатас фосфоритінің құрамында кальций карбонаты, дала шпаты, глауконит кездеседі. Карбонатты көмір қышқыл газына есептегенде CO_2 12,3% құрайды. Фосфоритті ыдырату кезінде көмір қышқыл газы тұрақты көлемде көбік түзеді және ол процестің жүруін қиындатады. Сондықтан фосфатты шикізатты бастапқы кезде аздаған мөлшерде фосфор қышқылымен ыдырату арқылы біртіндеп CO_2 түзілуін және көбіктің пайда болуын төмендетуге болады. Келесі сатыда

фосфоритті ыдырату фосфор қышқылының нормалық шығынын артық мөлшерде беру арқылы жүргізіледі. Құрамында $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2 \cdot \text{H}_2\text{O}$ бар ерітіндіні 100°C тұнба заттардан сүзеді және сүзілген ерітіндіні салқындатып монокальцийфосфатты кристалға түсіреді.

Зертханалық араластырғыш термостатқа 100г фосфорит ұнтағын және алдын ала есептеліп алынған белгілі мөлшердегі фосфор қышқылын құяды. Термостағы температура $95-100^\circ\text{C}$ ұсталады. Араластырғышты жұмысқа қосып берілген мөлшердегі фосфатты 36-42% P_2O_5 құрамды фосфор қышқылымен 40-50 мин аралығында ыдыратады. фосфор қышқылының нормалық шығыны 540-560%. Ерітіндіні тұнба заттардан сүзіп $40-45^\circ\text{C}$ салқындатады. Кристалды монокальций фосфатты сүзіп араластырғышта құрамында 5% $\text{P}_2\text{O}_{5\text{бос}}$ қышқылы бар өнімді аммиакпен өңдейді және өлшенген натрий гуматын қосып $100-105^\circ\text{C}$ $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2 \cdot \text{H}_2\text{O}$ жұмырлап кептіреді. Жоғарыдағы тәжірибенің нәтижесінде келесі реакция жүреді.




Натрий гуматы төмендегі реакция (3) бойынша гуминқұрамды Ленгер кенорнының көмірінен натрий сілтісін қосып алады. Натрий гуматы монокальцийфосфатпен $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$ әрекеттесіп реакция (4) бойынша кальцийгуматын және натрий фосфатын түзеді. Сондай-ақ келесі реакция (5) жүру нәтижесінде гумин қышқылында кальций еріп кальций гуматы және бос фосфор қышқылы түзіледі және ол қосымша аммиакпен реакция (6) бойынша бейтараптандырылады.

Зерттеу процессі кезінде есептеп алынған фосфоритті қатысты есептелген фосфор қышқылымен ыдыратады. Чилисай фосфоритінен монокальцийді алу үшін экстракциялық және термиялық фосфорқышқылың қоспасын 2:1 қатынаста, концентрациясы 50-58% H_3PO_4 (36,2-42,0% P_2O_5) қолданылды. Ерітіндіден кристалды монокальцийфосфатты сүзіп алған соң, сүзінді ерітіндіні сульфаттап гипсті алу үшін 93% H_2SO_4 қолданылады. Фосфор қышқылының нормалық шығынын фосфориттегі CaO , MgO , Fe_2O_3 , Al_2O_3 есептеліп 5 есе артық мөлшерде алынды және оның мөлшері 100 г фосфоритке 80,2 г құрады.

Бірінші сатыда фосфоритті ыдырату қайтарымды салқындатқыш және жылдамдығы 200 об/мин. Лопасты араластырғышпен жабдықталған терсостта жүргізілді.


Фосфоритті температурасы 95°C фосфор қышқылына мөлшерлеп қосылды және қоспа заттар белгіленген уақытта араластырылды. Фосфоритті ыдырату белгіленген фосфор қышқылының нормалық шығыны және концентрациясында келесі көрсеткіштерде жүргізілді: температура 80; 95°C , фосфоритті ыдырату уақыты 1-50 мин.

Төмендегі 5 суретте фосфориттің ыдырау дәрежесінің әрекеттесу уақытына тәуелділігі көрсетілген.



Сурет 5- Фосфориттің ыдырау дәрежесінің әрекеттесу уақытына тәуелділігі

Зерттеу нәтижесінде 5 суретте көрсетілгендей заттардың әрекеттесу уақытының өсуіне байланысты 1 және 50 мин. аралығында фосфориттің ыдырау дәрежесі алғашқы 10 -15 мин. артады. Уақыт өскен сайын фосфориттің толық ыдырау жүреді және 40 мин. фосфориттің ыдырау дәрежесі 98% құрайды. Температураны 80°C-ден 95°C-қа дейін көтеру ыдырау дәресінің 0,05-0,07 % артатындығын көрсетті. Температура 95°C және уақыт 30 мин. ыдырау дәрежесінің жоғарғы мәні 98% құрайды, ал уақыт 40 мин. жоғарылағанда ыдырау дәрежесі сол деңгейде өзгеріссіз қалады. Фосфор қышқылын 5 есе артық мөлшерде (540-560% стехиометриялық) қолдану фосфоритті толық ыдыратып кремнийді тұнбаға түсіреді. Нәтижесінде монокальций түзіліп СаО қаныққан еретіндіде негізінен кремний қосылыстары тұнбаға түседі. Төмендегі 6 суретте фосфориттің ыдырау жылдамдығының уақытқа тәуелділігі көрсетілген.



Сурет 6 - Фосфориттің ыдырау жылдамдығының уақытқа тәуелділігі

5 суретте көрсетілгендей бастапқы 5 мин. фосфориттің ыдырау жылдамдығы жоғары деңгейді (4-5 г/мин) көрсетті. Фосфориттің ыдырау жылдамдығының төмендеуі уақыт 5 минутқа жеткенде байқалады және ол сұйық фазадағы сутек ионының активтілігінің төмендеп сутек иорнының бейтараптануына байланысты болады. Фосфориттің ыдырау дәрежесі мен ыдырау жылдамдығына уақыттың 10 - 50 мин. аралығында температураның айтарлықтай әсері болмайды. Процестің жоғары жылдамдықта жүруі, фосфоритті шоғыры $36,2\%P_2O_5$ фосфор қышқылымен ыдыратуға байланысты болады. Нәтижесінде нақты, іс жүзінде фосфориттің толық ыдырауы заттардың әрекеттесу уақыты 40 мин. және процестің температурасы $95^\circ C$ жүретіні анықталды. Өндеп алынған монокальцийфосфатқа натрий гуматын қосып, жоғарыда атап өтілгендей бос фосфор қышқылыг қосымша аммиакпен бейтараптандыру арқылы гуминофосфатты минералды тыңайтқыш алынды.

Зерттеу нәтижесінде монокальцийфосфатты және гуминофосфатты минералды тыңайтқышты өндеп алу процессінің негізгі көрсеткіштері анықталды. Бірінші стадыда фосфоритті ыдырату және монокальцийфосфатты алудың келесі көрсеткіштері анықталды:

- фосфор қышқылының концентрациясы $36-42\% P_2O_5$
- фосфор қышқылының нормалық шығыны $540-560\%$
- фосфоритті ыдырату температурасы $95-100^\circ C$
- ыдырату процессінің уақыты 40-50 мин.
- сұйықтықтан ерімейтін тұнбаны сүзу температурасы $85-90^\circ C$
- монокальцийфосфатты кристалға түсіру температурасы $40-45^\circ C$
- кристалдау уақыты 85-90 мин.

Екінші сатыда алынған монкальцийфосфатты гумат натрийімен өндеудің келесі көрсеткіштері анықталды:

- монокальцийфосфатқа натрийгуматын қосып (МКФ:ГумNa=1:0,2-0,8) араластыру температурасы $35-40^\circ C$
- гумат қосылған монокальцийфосфаттағы $P_2O_{5\text{бос}}$ амиакпен бейтараптау және кептіру температурасы $100-105^\circ C$.

Кепкен өнімнің құрамынан $P_2O_{5\text{жалпы}}$, $P_2O_{5\text{сіңірімді}}$, $P_2O_{5\text{судаергіш}}$ және гумат құрамды заттар анықталды. Оның құрамындағы P-N-Са, P-N-Са-Гум түрлі қатынаста болады. Мұндай фосфогумат құрамды күрделі тыңайтқыштар құрамындағы қоректік элементтер өсімдіктерге жан-жақты әсер етіп өнімділікті жоғарылатады. Осы тыңайтқышты қолдану нәтижесінде қосымша бидай өнімділігін 30%-ға, басқа өнімдерді 20-60% қосымша алуға болады, мұның ішінде картоп, қызанақ, қызылша, жүгері, күріш т.б. өнімдерге өте жоғары әсерін тигізетіндігі анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Зертханалық іс-тәжірибе барысында монокальцийфосфатты және гуматтың түрлі қатынасында араластырып күрделі P-N-Са-Гум тыңайтқышы өндеп алынды. Зерттеу нәтижелері және өнімнің құрамы 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2-Монокальцийфосфаттың гуматпен түрлі қатынаста араластырылып алынған құрамы

№	Монокальций фосфаттағы заттар, %	Монокальцийфосфат және гуматтың қатынасы (МКФ:Гум)				
		1:0	1:0,2	1:0,4	1:0,6	1:0,8
1.	P_2O_5 жалпы	52,30	-	-	-	-
2.	P_2O_5 суда ер.	51,28	51,86	51,98	52,05	52,29
3.	P_2O_5 цит.	0,20	-	-	-	-
4.	CaO жалпы	17,49	-	-	-	-
5.	CaO суда ер.	18,12	16,52	15,10	14,68	13,51
6.	CaO цит.ер.	0,16	1,96	3,12	4,31	5,01
7.	N	12,01	11,23	10,82	10,16	9,84


2-кестедегі нәтижелер бойынша МКФ:Гум қатынасы өзгерген сайын құрамындағы P_2O_5 суда ерігіштігі 51,28%-дан 52,29% көбейіп 1,01% артады, ал CaO ерігіштігі 18,12%-дан 13,51% төмендейді. Қосымша пайда болған суда ерігіш P_2O_5 аммиакпен бейтарап қосымша $NH_4H_2PO_4$ алынады және ол күрделі фосфогуматты тыңайтқыштың құрамында болады. Сондай-ақ монокальцийфосфатқа түрлі қатынаста натрий гуматын қосу арқылы оның тыңайтқыштың құрамына әсері зерттелді. 3-кестеде зерттеу нәтижелері және МКФ:Гум түрлі қатынаста араласқандағы заттың құрамы көрсетілген.

Кесте 3-Гуматтың МКФ әсері

№	Фосфогуматтағы анықталған заттар, %	Монокальций фосфат және гуматтың қатынасы (МКФ:Гум)				
		1:0	1:0,2	1:0,4	1:0,6	1:0,8
1.	$Ca(H_2PO_4)_2 \cdot H_2O$	78,96	71,02	64,12	62,23	56,83
2.	Гуматтағы CaO	-	2,96	3,02	3,32	4,96
3.	H_3PO_4	-	0,12	0,31	0,82	1,01
4.	pH	3,47	3,12	2,81	2,76	2,63

3-кестеде көрсетілгендей МКФ:Гум қатынасы 1:0,8 өзгергенде тыңайтқыштың құрамындағы $Ca(H_2PO_4)_2 \cdot H_2O$ мөлшері 78,96%-дан 56,83%-ға төмендейді. Өнімнің қышқылдық ортасы жоғарыдағы реакцияның жүруіне байланысты pH 3,47-ден 2,63 дейін өзгереді. Тыңайтқыштың құрамындағы $P_2O_{5\text{суда ер}}$: $P_2O_{5\text{жалпы}}$ қатынасы 98,05 % -дан 99,96% жоғарылайды және тыңайтқыштың құрамындағы $Ca(H_2PO_4)_2 \cdot H_2O$ мөлшері 22,0% төмендейді. Оның себебі тыңайтқыштың құрамында гумат көп болған сайын МКФ құрамындағы кальцийді гумин қышқылы өзіне байланыстырып $(Гум)_2Ca$ түзіледі және бос фосфор қышқылы 0,12-1,01% түзіледі. Оның себебін 3-кестедегі кальций гуматының жоғарылауымен байланыстыруға болады. Тыңайтқыштың құрамындағы бос қышқылды аммиакпен бейтараптағанда қосымша аммонийфосфаты түзіліп өнімнің құрамында азоттың мөлшері жоғарылайды. Алынған фосфогуматты өнімінің химиялық талдауы нәтижесінде өнімнің құрамындағы негізгі P_2O_5 жалпы мөлшері $Ca(H_2PO_4)_2 \cdot H_2O$ байланысты болатындығы анықталды.

Нәтижесінде жоғары тиімді азот құрамды күрделі фосфогуматты минералды тыңайтқы алынды және оның құрамы $P_2O_{5\text{жалпы}}$ -52,3%, $P_2O_{5\text{суда ер}}$ - 51,2%, N-12,0% анықталды. Алынған тыңайтқыштың кристалдарының электронды микроскопиялық бейнесі, сондай-ақ олардың элементтік талдау нәтижелері 5 - суретте және 4-кестеде көрсетілген.




Сурет 5 – Күрделі фосфогуматты тыңайтқыштың электронды микроскопиялық кескіні

Кесте 4 - Күрделі фосфогуматты тыңайтқыштың элементтік талдауының нәтижелері

Элемент	Mg	Al	P	S	C	Ca	Fe
Салмағы, %	0,04	0,05	22,9	0,08	1,08	25,05	0,06

5-суреттегі және 4-кестедегі деректерден өнімде магний, алюминий және темір 0,04-0,06% аралығында, ал фтор жоқтығы анықталды.

Алынған тыңайтқышты рентгенофазалық талдау жасағанда, өнімнің ішінде $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2 \cdot \text{H}_2\text{O}$, $(\text{Гум})_2\text{Ca}$, $\text{NH}_4\text{H}_2\text{PO}_4$ бар екендігі анықталды және рентгенограммада



Сурет 6- Күрделі гуминфосфатты минералды тыңайтқыштың рентгенофазалы талдауы

(сурет 6) заттарға қатысты интенсивтік биіктіктер $d/n = 1,806, 2,06, 2,71 \text{ \AA}^0$ $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$, $d/n = 2,76, 2,79, 2,81, 3,34, 4,24 \text{ \AA}^0$ $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2 \cdot \text{H}_2\text{O}$ қосылысына және $d/n = 1,72, 1,79, 1,97, 2,23, 2,75, 3,21, 4,07 \text{ \AA}^0$ $(\text{Гум})_2\text{Ca}$ және $d/n = 3,06, 3,53 \text{ \AA}^0$ $\text{NH}_4\text{H}_2\text{PO}_4$ қосылысына сәйкес келеді. Нәтижесінде алынған күрделі минералды тыңайтқыш $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2 \cdot \text{H}_2\text{O}$, $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$, $(\text{Гум})_2\text{Ca}$, $\text{NH}_4\text{H}_2\text{PO}_4$ құрамды заттардан тұратыны анықталды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде Жанатас кенорнының төмен сапалы фосфатты шикізатын фосфор қышқылының 5 есе артық (540-560% стехиометриялық) шығындық мөлшерімен температура 95-100⁰С өңдеу процесі кезінде монокальцийфосфат түзіліп және оның құрамындағы бос қышқылды аммиакпен бейтараптап натрий гуматын қосу арқылы Р-N-Са-Гум құрамды күрделі минералды тыңайтқыш және оның тиімді көрсеткіштері анықталды.

МКФ:Гум қатынасын 1:0 ден 1:0,8 аралығында өзгерткенде МКФ біртіндеп кальций гуматына өтетіндігі анықталды. Өңдеп алынған Р-N-Са-Гум құрамды күрделі минералды тыңайтқыш өсімдіктердің өсуіне жақсы әсер етеді және бидай өнімділігін 30%-ға, басқа өнімдердің өнімділігін 20-60% арттырады.

Төмен сапалы Жанатас кенорнының фосфатты шикізатынан Р-N-Са-Гум құрамды күрделі минералды тыңайтқыш өңдеп алу зерттелді және зерттеу жұмысы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бағдарламасының BR21882181 «Минералды шикізаттар және техногендік қалдықтар негізінде жоғары тиімді материалдар өндірісінің технологиясын жасау» тақырыбы бойынша жүргізілді.

Әдебиеттер

Андронов В.И. и др. (1976). Термическая фосфорная кислота, соли и удобрения на ее основе. М.: Химия, -242с. Молдабеков Ш.М., К.Т. Жантасов., Анарбаев А.А. т.б. (2001) Минералды тыңайтқыштар технологиясы. Алматы, РБК,- 246 б.

Левин Б.В., Довиденко В.В., Сушев С.В. и др. (2006). Актуальность и практические шаги по вовлечению низкосортного фосфатного сырья в переработку на сложные удобрения. Химическая промышленность сегодня. № 11. С. 11–18.

Новицкий Я.А., Лапенков С.В., (2003) Патент Россия №2203255, Жидкое органо-минеральное гуминовое удобрение. МПК C05 B 11/02,7/00 от 27.04.2003.

Li K., Shahab A., Li J., Huang H., Sun X., You S., He H., Xiao H. (2023) Compost-derived humic and fulvic acid coupling with *Shewanella oneidensis* MR-1 for the bioreduction of Cr(VI) *Journal of Environmental Management*, 345, DOI: 10.1016/j.jenvman.2023.118596

Khil'ko S.L., Taperko G.V., Rogatko M.I. (2021). Interaction of modified humic acids salts with transition metal salts // *Vestnik NovSU. Issue: Engineering Sciences*. №4(125). P.68-71. DOI: [https://doi.org/10.34680/2076-8052.2021.4\(125\).68-71](https://doi.org/10.34680/2076-8052.2021.4(125).68-71).

Chen X., Zhang P., Wang Y., Peng W., Ren Z., Li Y., Chu B., Zhu Q. (2023) Research progress on synthesis of zeolites from coal fly ash and environmental applications. *Frontiers of Environmental Science and Engineering*, 17 (12), art. no. 149. DOI: 10.1007/s11783-023-1749-2

Lucakova M., Kolajova R. (2014) Dissociation ability of humic acids: Spectroscopic determination of pK a and comparison with multi-step mechanism. *Reactive and Functional Polymers*, 78 (1), pp.1-6, Cited 35 times. DOI: 10.1016/j.reactfunctpolym.2014.02.005

Zhu K., Liu Q., Xiong X., Zhang Y., Wang M., Liu H. (2022) Carbon footprint and embodied carbon emission transfer network obtained using the multi-regional input-output model and social network analysis method: A case of the Hanjiang River basin, China. *Frontiers in Ecology and Evolution*, 10, DOI: 10.3389/fevo.2022.941520.

Безуглова О.С., Полиенко Е.А., Горовцов А.В. (2016). Гуминовые препараты как стимуляторы роста растений и микроорганизмов. *Известия вузов*. № 2. С. 11-13.

Beysenbayev O.K., Ahmedov U.K., Issa A.B., Smailov B.M., Esirkepova M.M., Artykova Zh.K. (2019), «Receiving and research of the mechanism of capsulation of superphosphate and double superphosphate for giving of strength properties» *News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, series of Geology and technical sciences*. №6 (438), Almaty, p.36-45. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-170X.153>

Artykova Zh K., Beisenbayev O.K., Kadyrov A.A., Sakibayeva S.A. and Smailov B.M. (2023). Synthesis and preparation of polyacrylonitrile and vinyl sulfonic acid in the presence of gossypol resin for drilling fluids. *Rasayan J. Chem.*, 16(4), 2313-2320 <http://doi.org/10.31788/RJC.2023.1618497>

Dzhakipbekova N., Sakibayeva S., Dzhakipbekov E. and etc. (2018). The study of physical and chemical properties of the water-soluble polymer reagents and their application as an ointment. *Oriental J. Chem.* 34(4), 1779–86. DOI: <http://dx.doi.org/10.13005/ojc/3404010>

Romana Kratochvílová, Milan Kráčík, Marcela Smilková and etc. (2023). Functional Hydrogels for Agricultural Application. *Gels*. 9(7):590. DOI: <https://doi.org/10.3390/gels9070590>

Jarosiewicz A, Tomaszewska M. (2003). Controlled release NPK fertilizer encapsulated by polymeric membranes. *J Agric Food Chem.* 51(2):413–7. DOI: <https://doi.org/10.1021/jf020800o>

References

Andronov V.I. et al. (1976). Termicheskaja fosfornaja kislota, soli i udobrenija na ee osnove. [Thermal phosphoric acid, salts and fertilizers based on it.]. M.: Himija, -242p. (in Russian)

Sh.M. Moldabekov., K.T. Zhantasov., Anarbayev A.A. t.b. (2001) Mineraldy tynajtkyshtar tehnologijasy. [Mineral fertilizer technology]. Almaty, RBK. - 246 p. (in Kazakh)

Levin B.V., Dovidenko V.V., Sushhev S.V. i dr. (2006). Aktual'nost' i prakticheskie shagi po vovlecheniju nizkosortnogo fosfatnogo syr'ja v pererabotku na slozhnye udobrenija. Himicheskaja promyshlennost' segodnja. [Relevance and practical steps for the involvement of low-grade phosphate raw materials in the processing of complex fertilizers. Chemical industry today.] № 11. p. 11–18. (in Russian)

Novickij Ja.A., Lapenov S.V., (2003) Patent Rossiya №2203255, Zhidkoe organo-mineral'noe guminovoe udobrenie. [Liquid organo-mineral humic fertilizer]. MPK C05 B 11/02, 7/00 from 27.04.2003. (in Russian)

Li K., Shahab A., Li J., Huang H., Sun X., You S., He H., Xiao H. (2023) Compost-derived humic and fulvic acid coupling with *Shewanella oneidensis* MR-1 for the bioreduction of Cr(VI) *Journal of Environmental Management*, 345, DOI: 10.1016/j.jenvman.2023.118596 (in English)

Khil'ko S.L., Taperko G.V., Rogatko M.I. (2021). Interaction of modified humic acids salts with transition metal salts. *Vestnik NovSU. Issue: Engineering Sciences.* №4(125). P.68-71. DOI: [https://doi.org/10.34680/2076-8052.2021.4\(125\).68-71](https://doi.org/10.34680/2076-8052.2021.4(125).68-71). (in English)

Chen X., Zhang P., Wang Y., Peng W., Ren Z., Li Y., Chu B., Zhu Q. (2023) Research progress on synthesis of zeolites from coal fly ash and environmental applications. *Frontiers of Environmental Science and Engineering*, 17 (12), art. no. 149. DOI: 10.1007/s11783-023-1749-2 (in English)

Lucakova M., Kolajova R. (2014) Dissociation ability of humic acids: Spectroscopic determination of pK a and comparison with multi-step mechanism. *Reactive and Functional Polymers*, 78 (1), pp.1-6, Cited 35 times. DOI: 10.1016/j.reactfunctpolym.2014.02.005 (in English)

Zhu K., Liu Q., Xiong X., Zhang Y., Wang M., Liu H. (2022) Carbon footprint and embodied carbon emission transfer network obtained using the multi-regional input-output model and social network analysis method: A case of the Hanjiang River basin, China. *Frontiers in Ecology and Evolution*, 10, DOI: 10.3389/fevo.2022.941520. (in English)

Bezuglova O.S., Polienko E.A., Gorovcov A.V. (2016). Guminovye preparaty kak stimulyatory rosta rastenij i mikroorganizmov. [Humic preparations as growth stimulators of plants and microorganisms]. *Izvestiya vuzov.* № 2. S. 11-13. № 2. C. 11-13. (in Russian)

Beysenbayev O. K., Ahmedov U.K., Issa A.B., Smailov B.M., Esirkepova M.M., Artykova Zh.K. (2019), «Receiving and research of the mechanism of capsulation of superphosphate and double superphosphate for giving of strength properties» *News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, series of Geology and technical sciences.* №6 (438), Almaty, p.36-45. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-170X.153> (in English)

Artykova Zh.K., Beisenbayev O.K., Kadyrov A.A., Sakibayeva S.A. and Smailov B.M. (2023). Synthesis and preparation of polyacrylonitrile and vinyl sulfonic acid in the presence of gossypol resin for drilling fluids. *Rasayan J. Chem.*, 16(4), 2313-2320 <http://doi.org/10.31788/RJC.2023.1618497> (in English)

Dzhakipbekov N., Sakibayev S., Dzhakipbekov E. and etc. (2018). The study of physical and chemical properties of the water-soluble polymer reagents and their application as an ointment. *Oriental J. Chem.* 34(4), 1779–86. DOI: <http://dx.doi.org/10.13005/ojc/3404010> (in English)

Romana Kratochvílová, Milan Kráčík, Marcela Smilková and etc. (2023). Functional Hydrogels for Agricultural Application. *Gels*. 9(7):590. DOI: <https://doi.org/10.3390/gels9070590> (in English)

Jarosiewicz A, Tomaszewska M. (2003). Controlled release NPK fertilizer encapsulated by polymeric membranes. *J Agric Food Chem.* 51(2):413–7. DOI: <https://doi.org/10.1021/jf020800o> (in English)

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224–5286

Volume 1. Number 462 (2025), 21–32

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1491.263>

МРНТИ: 31.23.39

УДК: 547.9

**G.Zh. Baisalova^{1*}, A.A. Zhanybekova², A.B. Shukirbekova²,
B.B. Torsykbaeva², Sh.K. Utzhanova³, 2025.**

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;

²Astana Medical University, Astana, Kazakhstan;

³Comprehensive School №58, Astana, Kazakhstan.

E-mail: galya_72@mail.ru

QUANTITATIVE DETERMINATION OF FLAVONOIDS IN *ULMUS PUMILA* LEAVES BY SPECTROPHOTOMETRIC METHOD

Baisalova Galiya – Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, galya_72@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1338-0308>;

Zhanybekova Adel – Master's degree student of Astana Medical University, Astana, Kazakhstan, adelzhanybekova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-8436-5217>;

Shukirbekova Alma – Professor of Astana Medical University, Astana, Kazakhstan, shukirbekova.a@amu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-3316-558>;

Torsykbaeva Bigamila – Associate professor of Astana Medical University, Astana, Kazakhstan, maha-1505@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6999-3900>;

Utzhanova Shynar – Chemistry teacher at comprehensive school №58, Astana, Kazakhstan, u.shynar23@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-0880-8185>.

Abstract. The presence of bioactive phytochemical components contained in various parts of the plant gives them therapeutic value and biological activity. One class of natural chemical compounds, the so-called flavonoids, plays a very important role for the human body. Flavonoids have a number of therapeutic properties, including anticancer, anti-inflammatory, antimalarial effects, and a potential treatment for diabetes. In this work, the quantitative determination of the amount of flavonoids in the leaves of *Ulmus pumila* was studied using a spectrophotometric method. At the first stage of our research, we studied the optimal conditions for the extraction of flavonoids from plant materials, as well as the selection of optimal conditions for the reaction of complexation with aluminum chloride and the development of a method for the quantitative determination of flavonoids. 70% ethyl alcohol was chosen as the optimal extractant. Optimal values of optical density at $\lambda_{\max} = 399$ nm are observed at $V_{\text{extract}}:V_{\text{AlCl}_3} = 5:2$, the optimal duration of complexation is 40 minutes. The second stage of the study is the validation of the resulting methodology in terms of linearity and accuracy. When studying the

indicator of the correctness of the technique, the percentage of recovery is in the range of 81.92-97.11%; the average value of this indicator is 89.81%. The technique has good reproducibility. The relative error of the method, with a confidence level of 95%, does not exceed 0.41%.

Keywords: *Ulmus pumila*, extract, extractant, optical density, wavelength, spectrophotometer

**Г.Ж. Байсалова^{1*}, А.А. Жаныбекова², А.Б. Шукирбекова²,
Б.Б. Торсыкбаева², Ш.К. Утжанова³, 2025.**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Астана медициналық университеті, Астана, Қазақстан;

³«№58 жалпы білім беретін мектеп, Астана, Қазақстан.

E-mail: galya_72@mail.ru

ULMUS PUMILA ЖАПЫРАҚТАРЫНДАҒЫ ФЛАВОНОИДТАР МӨЛШЕРІН СПЕКТРОФОТОМЕТРЛІК ӘДІСПЕН АНЫҚТАУ

Байсалова Галия – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры м.а, Астана, Қазақстан, galya_72@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1338-0308>;

Жаныбекова Адель – Астана Медицина университетінің магистранты, Астана, Қазақстан, adelzhanybekova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-8436-5217>;

Шукирбекова Алма – Астана Медицина университетінің профессоры, Астана, Қазақстан, shukirbekova.a@amu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-3316-5558>;

Торсыкбаева Бигамила – Астана Медицина университетінің доценті, Астана, Қазақстан, maha-1505@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6999-3900>;

Утжанова Шынар – № 58 жалпы білім беретін мектептің химия пәні мұғалімі, Астана, Қазақстан, u.shynar23@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-0880-8185>.

Аннотация. Өсімдіктің әртүрлі мүшелерінде кездесетін биоактивті фитохимиялық компоненттердің болуы оларға емдік құндылық пен биологиялық белсенділік береді. Осы орайда химиялық қосылыстардың ішіндегі – флавоноидтар класының да адам ағзасына үшін маңызы зор. Флавоноидтардың бірқатар емдік қасиеттері бар, соның ішінде қатерлі ісікке, қабынуға, вирусқа безгекке қарсы әсерлерін, сонымен қатар сусамыр ауруын емдеу мүмкіндігіне де ие. Осы еңбекте *Ulmus pumila* жапырақтарындағы флавоноидтардың жиынтық мөлшерін спектрофотометрлік әдіспен зерттеу қарастырылған. Зерттеуіміздің бірінші кезеңінде өсімдік шикізатынан флавоноидтар жиынтығын экстракциялаудың оңтайлы жағдайларын зерттеу, сонымен қатар алюминий хлоридімен комплекс түзу реакциясының оңтайлы жағдайларын таңдау мен флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау әдістемесін жасау жұмыстары қарастырылды. Оңтайлы экстрагент ретінде 70%-тік этил спирті таңдалды. Оптикалық тығыздықты өлшеудің ($\lambda_{\max} = 399$ нм) оңтайлы жағдайы: $V_{\text{сығынды}} : V_{\text{АICl}_3} = 5:2$, комплекс түзілу ұзақтығы 40 минутты құрады. Зерттеудің екінші кезеңі алынған әдістеменің сызықтылық пен дұрыстылық көрсеткіштері бойынша валидация жасалынды. Әдістеменің дұрыстылық көрсеткішін анықтау барысында қалпына келтірудің

орташа пайызы 81,92-97,11% арасында, бұл көрсеткіштің орташа мәні 89,81% екендігін көруге болады. Әдістеме қайта жаңарады, сенімді ықтималдылық 95% болған жағдайда, әдістің салыстырмалы қателігі 0,41% аспайды.

Түйін сөздер: *Ulmus pumila*, сығынды, экстрагент, оптикалық тығыздық, толқын ұзындығы, спектрофотометр.

**Г.Ж. Байсалова^{1*}, А.А. Жаныбекова², А.Б. Шукирбекова²,
Б.Б. Торсыкбаева², Ш.К. Утжанова³, 2025.**

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан;

²Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан;

³КГУ «Общеобразовательная школа №58», Астана, Казахстан.

E-mail: galya_72@mail.ru

КОЛИЧЕСТВЕННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ ФЛАВОНОИДОВ В ЛИСТЬЯХ *ULMUS PUMILA* СПЕКТРОФОТОМЕТРИЧЕСКИМ МЕТОДОМ

Байсалова Галия – и.о. профессора, ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан, galya_72@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1338-0308>;

Жаныбекова Адель – магистрант медицинского университета Астана, Астана, Казахстан, adelzhanybekova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-8436-5217>;

Шукирбекова Алма – профессор медицинского университета Астана, Астана, Казахстан, shukirbekova.a@amu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-3316-558>;

Торсыкбаева Бигамила – доцент медицинского университета Астана, Астана, Казахстан, maha-1505@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6999-3900>;

Утжанова Шынар — учитель химии общеобразовательной школы №58, Астана, Казахстан, u.shynar23@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-0880-8185>.

Аннотация. Наличие биоактивных фитохимических компонентов, содержащихся в различных частях растения, придает им терапевтическую ценность и биологическую активность. Один из классов природных химических соединений, так называемые флавоноиды, играет очень важную роль для организма человека. Флавоноиды обладают рядом терапевтических свойств, включая противораковые, противовоспалительные, противомалярийные эффекты, а также являются потенциальным средством для лечения диабета. В данной работе спектрофотометрическим методом изучено количественное определения суммы флавоноидов в листьях *Ulmus pumila*. На первом этапе наших исследований изучены оптимальные условия извлечения флавоноидов из растительного сырья, а также определены подбор оптимальных условий реакции комплексообразования с хлоридом алюминия и разработка методики количественного определения флавоноидов. В качестве оптимального экстрагента был выбран 70% этиловый спирт. Оптимальные значения оптической плотности при $\lambda_{\text{max}}=399\text{ нм}$ наблюдаются при $V_{\text{экстракт}} : V_{\text{AlCl}_3} = 5:2$, оптимальная продолжительность комплексообразования составляет 40 минут. Вторым этапом исследования является валидация полученной методики по показателям линейности и правильности. При изучении показателя правильности методики процент восстановления находится в пределах


81,92-97,11%; средняя величина данного показателя составляет 89,81%. Методика обладает хорошей воспроизводимостью. Относительная ошибка метода, при доверительной вероятности 95 %, не превышает 0,41 %.

Ключевые слова: *Ulmus pumila*, экстракт, экстрагент, оптическая плотность, длина волны, спектрофотометр.

Кіріспе. Қазақстан Флорасында 6000-нан астам өсімдік түрі кездеседі. Жалпы бұл өсімдіктердің бірі дәрі-дәрмек жасаудағы субстанциялар, кейбірі құнарлы қорек көзі, енді бірі көгалдандыруда қолданыс тапқан (Baisalova, et al, 2022). *Ulmus pumila* (ұсақ жапырақты қарағаш) – биіктігі 20 метрге дейін жететін, бұтасы сирек үлкен ағаш. Еліміздің көптеген қалалары мен елді мекендерінде көгалдандыру мақсатында өсіріледі.

Ulmus pumila-ның гликозурия, қатерлі ісіктерді, жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромын, сондай-ақ патогенді вирустық ауруларды емдейтін қасиеттерге ие екендігі анықталған (Lee, et al., 2013; Jung, et al, 2007). Бұл ағаштардың жапырақтары мен сүрегінен алынған сығындылар несеп айдағыш, қызуды түсіретін және іш жүргізетін құрал ретінде қолданылады (Farouk, et al., 2021). Осы өсімдіктің жапырақтарынан алынған этанолды сығынды қабынуға қарсы белсенділік көрсеткен (You, et al., 2013). Қарағаш жемістерінен В1, В6 дәрумендері, никотин және аскорбин қышқылдары табылған. Сонымен қатар кейбір кальций, калий, магний, мыс, темір сияқты минералдық элементтер анықталған (Zhang, et al., 2019).

Өсімдіктің жоғарыда аталған биологиялық белсенділіктері олардың құрамындағы флавоноид, стероид тағы да басқа биологиялық белсенді қосылыстарға байланысты екендігі белгілі. Көптеген жылдар бойғы зерттеулерде флавоноидтардың адам ағзасына пайдалы әсерлері туралы мол ақпараттар берілуде (Asad, et al, 2020). Флавоноидтардың бірқатар емдік қасиеттері бар, соның ішінде қатерлі ісікке қарсы (Wagner, et al, 2009; Wang, et al, 2017), антиоксиданттық (Brunetti, et al, 2013), қабынуға және вирусқа қарсы қасиеттерін атап айтуға болады (Valsecchi, et al, 2008). Олар сондай-ақ сусамыр ауруына (Kasala, et al, 2015), зеңге (Wang, et al, 2015) және безгекке қарсы әсерлерге ие (Badshah, et al, 2018). Аталмыш жұмыстың мақсаты қарағаш жапырақтарындағы флавоноид мөлшерін спектрофотометрлік әдіс көмегімен сандық анықтауға арналған. Бұл сандық талдау өсімдік шикізаты сығындыларындағы флавоноидтар мен стандартты ерітінді ретінде қолданылған рутиннің алюминий хлоридімен комплекс түзілу реакциясына негізделген (сурет 1).




Сурет 1 - Флавоноидтардың алюминий хлоридімен комплекс түзілу реакциясы

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ұсақ жапырақты қарағаш өсімдігінің құрамындағы флавоноидтарды сандық анықтау үшін, өсімдіктен сығынды алынды. Сығындыны алу үшін 500 мл дөңгелек түпті колбаға 0,6 грамм ұсақталған өсімдікті салып, 80 мл 70% спирт құйып, 45 минут су моншасында кері тоңазытқыш көмегімен қайнатады. Алынған қоспаны суытып, 100 мл колбаға фильтрлеп, үстінен 70% спиртті колбаның белгісіне дейін толтырады. Дайын ерітіндінің 5 мл көлемі 25 мл колбаға құйып, оған 2 мл 5% $AlCl_3$ қосып, 10 минут күтеді. Кейін 0,2 мл 3% сірке қышқылын құйып, колбаның белгісіне дейін 70% спиртпен толтырады. Дайын ерітінді 40 минут тұруы қажет. *Салыстыру ерітіндісі ретінде* бастапқы ерітіндінің 5 мл көлемі 25 мл колбаға құйып, үстінен 0,2 мл 3% сірке қышқылын қосады да, үстінен 70% спиртпен белгіге дейін толтырады. Дайын ерітінді 40 минут тұруы қажет.

Алынған ерітіндінің оптикалық тығыздығын анықтау Thermo scientific Multiskan SkyHigh микропланшетті спектрофотометрінде 350–450 нм аналитикалық толқын ұзындығында жүргізілді.


Нәтижелер және оларды талқылау. Өсімдік шикізаты құрамындағы флавоноид мөлшерін анықтау ұсақ жапырықты қарағаш жапырағы сығындысы мен рутин ерітіндісінің дифференциалды спектрлерін талдау арқылы анықталды (2 сурет). Ұсақ жапырықты қарағаш жапырақтары сығындысы мен рутин ерітіндісінің дифференциалды спектрлерін талдау кезінде олардың сіңіру максимумдары толқын ұзындығы 399 нм-ге сәйкес келетіндігі анықталды. Демек, флавоноидтар жиынтығын анықтау үшін салыстырмалы үлгі ретінде рутинді, ал аналитикалық толқын ұзындығы ретінде 399 нм-ді қолдануға болады.



Сурет 2 - *Ulmus pumila* жапырағы сығындысы мен рутиннің стандартты ерітіндісінің алюминий хлоридімен комплекс түзу спектрлері

Зерттеуіміздің бірінші кезеңінде өсімдік шикізатынан флавоноидтар жиынтығын экстракциялаудың оңтайлы жағдайларын зерттеу, сонымен қатар алюминий хлоридімен комплекс түзу реакциясының оңтайлы жағдайларын таңдау мен флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау әдістемесін жасау жұмыстары қарастырылды.

Ulmus Pumila жапырақтарынан флавоноидтарды бөліп алудың оңтайлы экстрагентін анықтау мақсатында 50%, 70%, 90% этил спирттері қолданылды. Осы сығындылардағы флавоноид пен алюминий хлориді комплекстерінің спектрлері 3-суретте көрсетілген.




Сурет 3 - Флавоноид пен алюминий хлориді комплекстерінің әртүрлі экстрагенттердегі спектрлері

Зерттеу нәтижесінде флавоноид мөлшері 70% этил спирті ерітіндісінде жоғары мәнге (1,9120%) ие екендігі, ал ең аз мөлшері (1,2805%) 90% этил спирті ерітіндісіне сәйкес келетіндігі анықталды (1 кесте).

Кесте 1 - Әртүрлі экстрагенттердің флавоноид мөлшеріне әсері мен экстракция шарттары

Шаманың (жүргізу жағдайы) аталуы		Көрсеткіштің шамасы		
Экстракция шарттары	Еріткіш (этил спирті)	50	70	90
	Шикізат массасы, гр	0,6		
	Уақыт, мин	45		
Спектрофотометрлеу шамалары	Сығындығың мөлшері, мл	5		
	λ_{max} , нм	350-450		
	AlCl ₃ бар кешендердің түзілу уақыты, мин	40		
	Сығынды аликвотасы мен AlCl ₃ 5%-тік ерітіндісі көлемдерінің арақатынасы	5:2		
Оптикалық тығыздық		0,2684	0,2843	0,1904
Флаваноид мөлшері, %		1,8051	1,9120	1,2805

Келесі талдау оңтайлы $V_{\text{сығынды}} : V_{\text{AlCl}_3}$ қатынасын таңдау үшін, сығынды мен 5%-тік алюминий хлоридінің көлемдерінің 5:2, 1:1; 1:3 қатынастарында комплекс түзілуі зерттелінді. 4-суретте сығынды көлемінің алюминий хлориді ерітіндісінің көлеміне оңтайлы қатынасын анықтау нәтижелері келтірілген. Оңтайлы $V_{\text{сығынды}} : V_{\text{AlCl}_3}$ қатынасы ретінде 5:2 қатынасы анықталған.



Сурет 4 – Түрлі $V_{\text{сығынды}} : V_{\text{AlCl}_3}$ қатынастарындағы кисықтар

Сығынды мен 5%-тік алюминий хлоридінің көлемдері қатынасының флавоноид мөлшеріне әсерінің нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.


$V_{\text{сығынды}} : V_{\text{AlCl}_3} = 5:2$ қатынасында флавоноид мөлшері ең жоғары мәнге 1,9201% ие болса, ал 1:3 қатынасында минималды 0,4714% құрады.

Кесте 2 - Өртүрлі $V_{\text{сығынды}} : V_{\text{AlCl}_3}$ қатынастарындағы флавоноид мөлшері мен экстракция шарттары

Шаманың (жүргізу жағдайы) аталуы		Көрсеткіш шамасы		
Экстракция шарттары	Еріткіш (этил спирті)	70%		
	Шикізат массасы, гр	0,6		
	Уақыт, мин	45		
Спектрофотометрлеу шамалары	Сығынды аликвотасының мөлшері, мл	5	1	1
	AlCl ₃ 5%-тік ерітіндісі көлемдерінің	2	1	3
	λ _{max} , нм	350-450		
	AlCl ₃ бар кешендердің түзілу уақыты, мин	40		
Оптикалық тығыздық		0,2843	0,0796	0,0701
Флавоноид мөлшері, %		1,9120	0,5353	0,4714

Келесі зерттеуде алюминий хлоридімен комплекс түзудің оңтайлы ұзақтығы анықталды. Комплекс түзудің оңтайлы ұзақтығы оптикалық тығыздықтың

максималды көрсеткішіне сәйкес және ол флавоноидтардың ең максималды мөлшерін көрсетеді (5 сурет). Зерттеулер 1,5 сағат бойы әрбір 10 минут сайын жүргізілді.



Сурет 5 - Флавоноидтардың алюминий хлоридімен комплекс түзілудің оңтайлы ұзақтығы

Комплекс түзілудің оңтайлы ұзақтығын анықтау нәтижелері 3-кестеде көрсетілген. Алынған мәліметтерге сәйкес, оптикалық тығыздықтың максимумы 40 минутта байқалған, одан әрі оптикалық тығыздықтың төмендеуі, яғни сәйкесінше флавоноидтар мөлшерінің төмендеуі байқалады.

Кесте 3 - Флавоноидтардың алюминий хлоридімен комплекс түзілуінің оңтайлы ұзақтығын анықтау нәтижелері

№	Комплекс түзілу уақыты	Оптикалық тығыздығы	Флавоноид мөлшері, %
1	10 мин	0,1887	1,2691
2	20 мин	0,2116	1,4231
3	30 мин	0,2437	1,6389
4	40 мин	0,2651	1,7829
5	50 мин	0,2552	1,7163
6	60 мин	0,2359	1,6473
7	90 мин	0,1709	1,1934

Осылайша, дифференциалды спектрофотометрия әдісімен ұсақ жапырақты қарағаш жапырағының сығындысындағы флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау үшін келесі әдіс ұсынылады: сыйымдылығы 25 мл колбаға 5 мл өсімдік шикізаты сығындысы құйылады, оған 2 мл 5% алюминий хлориді ерітіндісі және 0,2 мл сұйылтылған сірке қышқылының тамшылары қосылады. Ерітіндінің

көлемі 70% этил спиртімен белгіге дейін жеткізіледі, жақсылап араластырылады және 40 минутқа қалдырылады. Салыстыру ерітіндісі ретінде алюминий хлориді ерітіндісі 70% этил спиртімен ауыстырылады. Ерітінділер микропланшетті спектрофотометрде 350-450 нм толқын ұзындықтары арасында өлшенеді.


Зерттеудің екінші кезеңі алынған әдістеменің сызықтылық пен дұрыстылық көрсеткіштері бойынша валидация жасалынды.

Сызықтылықты анықтау 5 түрлі шикізат массасында 3 түрлі үлгіде орындалды. Ол үшін өсімдік шикізатының массасын өзгерте отырып, ерітінділер дайындалды: 0,4 г, 0,5 г, 0,6 г, 0,7 г және 0,8 г. Оптикалық тығыздықты өлшеп, алынған ерітінділердегі флавоноидтардың сандық мөлшері анықталды (4 кестеде).

4 кесте - Өртүрлі өсімдік шикізаты массаларындағы флавоноид мөлшері

m,г	1	2	3	Орташа флавоноид мөлшері, %
0,4 г	1,21	1,32	1,3	1,28
0,5 г	1,66	1,66	1,57	1,63
0,6 г	1,91	1,95	1,85	1,90
0,7 г	2,28	2,37	2,21	2,28
0,8 г	2,52	2,76	2,44	2,57

Сызықтылық көрсеткіштерін анықтау бойынша зерттеу нәтижелері 6-суретте көрсетілген.



Сурет 6 - Шикізат массасының флавоноид мөлшеріне сызықтық тәуелділігі

Сонымен қатар орташа арифметикалық мәндер, стандартты ауытқу және сенімділік интервалдары есептелді (5- кесте).

5 кесте - Алынған нәтижелерді математикалық өңдеу

m, г	n	X	S	S _x	P, %	t (0,95)	ε	X± ε
0,4г	3	1,28	0,0587	0,0339	95	4,303	0,15	1,28±0,15
0,5г	3	1,63	0,0519	0,0299	95	4,303	0,13	1,63±0,13
0,6г	3	1,90	0,0505	0,0292	95	4,303	0,13	1,90±0,13
0,7г	3	2,28	0,0806	0,0465	95	4,303	0,20	2,28±0,20
0,8г	3	2,57	0,1665	0,0961	95	4,303	0,41	2,57±0,41

Флаваноидтың ең жоғары мөлшері 2,57% шикізат массасы 0,8 грамында, ең минималды мөлшері 1,28% шикізат массасы 0,4 грамында көрініс тапқан (6-кесте).

Кесте 6 – Флаваноид мөлшерінің шикізат массасына тәуелділігі

Шаманың (жүргізу жағдайы) аталуы		Көрсеткіш шамасы				
Экстракция шарттары	Еріткіш (этил спирті)	70%				
	Шикізат массасы, гр	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8
	Уақыт, мин	45				
Спектрофото-метрлеу шамалары	Сығынды аликвотасы мен AlCl ₃ 5%-тік ерітіндісі көлемдерінің арақатынасы	5:2				
	λ _{max} , нм	350-450				
	AlCl ₃ бар кешендердің түзілу уақыты, мин	40				
Оптикалық тығыздық		0,1158	0,1911	0,2761	0,3918	0,5037
Флаваноид мөлшері, %		1,28	1,63	1,90	2,28	2,57

Қолданылатын әдістеменің дұрыстығы зерттеу үшін, зерттеу ерітінділеріне 1мл, 2мл, 3мл стандартты рутин ерітіндісін қосу арқылы, флаваноидтар жиынтығының сандық құрамын анықталды. Біз үш концентрация деңгейінде 9 оптикалық тығыздықты өлшедік (7-кесте).

7 кесте – Әдістеменің дұрыстылығын анықтау нәтижелері

Бастапқы ерітіндідегі мөлшері, мг	Рутиннің стандартты үлгісі, мг	Есептелген мөлшері, мг	Алынған мөлшері, мг	Ашылу, %	Нәтижелерді статистикалық өңдеу
1,0326	0,5	1,5326	1,3398	87,42	X,% =89,81 S ² = 16,678 S=4,084 ΔX =1,361 ε,%=1,52
1,0326	0,5	1,5326	1,4181	92,53	
1,0326	0,5	1,5626	1,3804	90,07	
1,0326	1	2,0326	1,9738	97,11	
1,0326	1	2,0326	1,8405	90,55	
1,0326	1	2,0326	1,8457	90,80	
1,0326	1,5	2,5326	2,2294	88,03	
1,0326	1,5	2,5326	2,0748	81,92	
1,0326	1,5	2,5326	2,2769	89,90	
Қалпына келтірудің орташа пайызы, %				89,81	

7-кестеден қалпына келтірудің орташа пайызы 81,92-97,11% арасында, бұл көрсеткіштің орташа мәні 89,81% екендігін көруге болады.

Қорытынды. Алғаш рет спектрофотометрия әдісі көмегімен *Ulmus pumila* жапырақтарындағы флавоноидтың жиынтық мөлшерін (рутинге бойынша қайта есептеу) анықтау мүмкіндігі ұсынылып отыр. Флавоноидтарды анықтауда оңтайлы экстрагент 70%-тік этил спирті. Оптикалық тығыздықты өлшеудің ($\lambda_{\text{max}} = 399$ нм) оңтайлы жағдайы: $V_{\text{сығынды}} : V_{\text{АІСІЗ}} = 5:2$, комплекс түзілу ұзақтығы 40 минутты құрайды. Ұсынылып отырған әдістеменің сызықтылық пен дұрыстылық көрсеткіштері бойынша валидация жасалынды. Әдістеме қайта жаңарылады, сенімді ықтималдылық 95% болған жағдайда, әдістің салыстырмалы қателігі 0,41% аспайды.

References

- Asad U., Munir S., Badshah S.L., Khan N., Ghani L., Poulson B.G., Emwas A.-H., Jaremko M. (2020). Important flavonoids and their role as a therapeutic agent. *Molecules*, 25(22):5243. <https://doi:10.3390/molecules25225243> (in Eng.).
- Badshah S.L., Ullah A., Ahmad N., Almarhoon Z.M., Mabkhot Y. (2018). Increasing the strength and production of artemisinin and its derivatives. *Molecules*, 23:100. <https://doi:10.3390/molecules23010100> (in Eng.).
- Baisalova G., Kokorayeva A., Klivleyeva N., Azhikanova Z., Torsykbaeva B. (2022). Anti-avian influenza virus H5N3 activity of ethanol extract of *Psoralea drupacea* Bge. in chicken embryos. *Planta Med.*, 88, 1567. <https://doi:10.1055/s-0042-1759334> (in Eng.).
- Baisalova G., Pankrushina N., Erkasov R., Shengene M., Kulanova K., Spanbayev A., Orazbaeva R. (2015). Virus inhibitory activity of methanol extracts of *Halimodendron halodendron* Voss. *Planta Med.*, 16, 1507. <https://doi:10.1055/s-0035-1565676> (in Eng.).
- Brunetti C., Di Ferdinando M., Fini A., Pollastri S., Tattini M. (2013). Flavonoids as antioxidants and developmental regulators: Relative significance in plants and humans. *Int. J. Mol. Sci.*, 14:3540–3555. <https://doi:10.3390/ijms14023540> (in Eng.).
- Farouk R.M., Soheir M.E.Z., Neveen S.G., Omar M.S., Walid F., Ann G.B. (2021). Phytoconstituents with cytotoxic activity from *Ulmus pumila* L. *J. Appl. Pharm. Sci.*, 11(5). <https://doi:10.7324/JAPS.2021.110517> (in Eng.).
- Jung H.J., et al. (2007). Anti-angiogenic activity of the methanol extract and its fractions of *Ulmus davidiana* var. *japonica*. *J. Ethnopharmacol.*, 112(2), 406–409. <https://doi:10.1016/j.jep.2007.03.006> (in Eng.).
- Kasala E.R., Bodduluru L.N., Madana R.M., Gogoi R., Barua C.C. (2015). Chemopreventive and therapeutic potential of chrysin in cancer: Mechanistic perspectives. *Toxicol. Lett.*, 233:214–225. <https://doi:10.1016/j.toxlet.2015.01.008> (in Eng.).
- Lee C., Ghosh S.H., Yang S.H., Hwang S.G. (2013). Methanol extract of *Ulmus pumila* L. exerts potent anti-inflammatory effects in murine macrophages and mouse skin. *FASEB J.*, 27(S1). https://doi:10.1096/fasebj.27.1_supplement.1168.11 (in Eng.).
- Valsecchi A.E., Franchi S., Panerai A.E., Sacerdote P., Trovato A.E., Colleoni M. (2008). Genistein, a natural phytoestrogen from soy, relieves neuropathic pain following chronic constriction sciatic nerve injury in mice: Anti-inflammatory and antioxidant activity. *J. Neurochem.*, 107:230–240. <https://doi:10.1111/j.1471-4159.2008.05614.x> (in Eng.).
- Wang Q.-H., Wu J.-S., Wu R.-J., Han N.-R., Dai N.-Y. (2015). Two new flavonoids from *Artemisa sacrorum* Ledeb and their antifungal activity. *J. Mol. Struct.*, 1088:34–37. <https://doi:10.1016/j.molstruc.2015.01.045> (in Eng.).
- Wang T.Y., Li Q., Bi K.-S. (2017). Bioactive flavonoids in medicinal plants: Structure, activity and biological fate. *Asian J. Pharm. Sci.*, 12. <https://doi:10.1016/j.ajps.2017.08.004> (in Eng.).
- Wagner C.E., Jurutka P.W., Marshall P.A., Groy T.L., Van Der Vaart A., Ziller J.W., et al. (2009). Modeling, synthesis and biological evaluation of potential retinoid X receptor (RXR) selective agonists: Novel analogues of 4-[1-(3,5,5,8,8-pentamethyl-5,6,7,8-tetrahydro-2-naphthyl) ethynyl] benzoic acid (bexarotene). *J. Med. Chem.*, 52:5950–5966. <https://doi:10.1021/jm900496b> (in Eng.).

You Y.-O., Choi N.-Y., Kim K.-J. (2013). Ethanol extract of *Ulmus pumila* root bark inhibits clinically isolated antibiotic-resistant bacteria. *BioMed Res Int.*, 2013, Article ID 269874. <https://doi:10.1155/2013/269874> (in Eng.).

Zhang Z., Zhang L., Li W., Wang Q., Qu F., Fan J. (2019). Transcriptome analysis of elm (*Ulmus pumila*) fruit to identify phytonutrients associated genes and pathways. *Forests*, 10(9), 738. <https://doi:10.3390/f10090738> (in Eng.).

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224-5286

Volume 1. Number 462 (2025), 33–42

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1491.264>

УДК 541.61/.614

МРНТИ 31.01.05

© N. Bektenov, G. Koszhanova*, 2025.

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: koszhanova.gulim02@gmail.com

QUANTUM-CHEMICAL MODEL CALCULATION REVIEW OF VERMICULITE AND ITS BASED MODIFIED SORBENT

Bektenov Nesipkhan Abzhaparovich – Doctor of Chemical Science, Abai Kazakh National Pedagogical University, professor of Chemistry department, e-mail: bektanbna@gmail.com <https://orcid.org/0000-0003-1427-438X>;

Koszhanova Gulim – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, department of chemistry, e-mail: koszhanova.gulim02@gmail.com <https://orcid.org/0000-0001-8093-3465>.

Abstract. Nowadays, environmental problems are arising from the technological development of the world. Pollution of water and soil with heavy and rare metals is of great concern. The main goal of chemists is to use natural, biodegradable sorbents and synthesize them to solve these problems. Natural, environmentally friendly, biodegradable sorbents are often obtained by modifying natural minerals. This work is based on a review of quantum-chemical calculations to obtain a naturally modified ion exchanger based on vermiculite and study its sorption properties for heavy and rare metals. Quantum-chemical calculations are carried out using the Gaussian W09 and GaussView programs. These programs allow you to build and optimize the structure of the mineral and the modified ion exchanger, obtain detailed information about the elements in it, the bond lengths and bond angles between them. Vermiculite is treated with phosphoric acid, glycidyl methacrylate and acrylonitrile, and an ion exchanger is obtained. Quantum-chemical calculations allow you to study the electronic and spectral properties of the synthesized system. According to the rules of quantum mechanics, the probability density of an electron is calculated relative to the square of the electron wave function. The electron wave function is calculated based on the Schrödinger equation. Quantum calculations were performed using the Gaussian and GaussView 6.0 graphical visualization programs. A piece of graphical vermiculite was built and calculations were performed using the Hartree-Fork 6-311G++** parameters. Brief information on quantum calculations was obtained and the calculation took a total of 104 hours. Theoretical proofs were performed using quantum-chemical calculations.

Key words: vermiculite, sorbent, modified, quantum-chemical calculations, Gaussian W09, GaussView 6.0.

© Н. Бектенов, Г. Қосжанова*, 2025.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: koszhanova.gulim02@gmail.com

ВЕРМИКУЛИТ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ МОДИФИКАЦИЯЛАНҒАН СОРБЕНТТІҢ КВАНТТЫ-ХИМИЯЛЫҚ МОДЕЛІН ЕСЕПТЕУГЕ ШОЛУ

Бектенов Несипхан – химия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Химия кафедрасының профессоры, e-mail: bektanbna@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1427-438X>;

Қосжанова Гүлім Жеңісқызы – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Химия кафедрасы, e-mail: koszhanova.gulim02@gmail.com <https://orcid.org/0000-0001-8093-3465>.

Аннотация. Қазіргі таңда ғаламның технологиялық дамуынан экологиялық мәселелер туындап жатыр. Су және жер қоймаларының ауыр және сирек металдармен ластануы аса алаңдатады. Бұл мәселелерді шешу үшін табиғи, биоыдырағыш сорбенттерді қолдану және оларды синтездеу химия ғылымдарының негізгі мақсаты. Табиғи, экологиялық зиянсыз, биоыдырағыш сорбенттерді көбіне табиғи минералдарды модификациялау арқылы алады. Бұл жұмыста вермикулит негізінде табиғи модификацияланған ион алмастырғыш алу және оның ауыр және сирек металдарды сорбциялау қасиетін зерттеу үшін квантты-химиялық есептеулер жүргізуге шолу жасау негізделген. Квантты-химиялық есептеулер Gaussian W09 және GaussView бағдарламалары арқылы жүзеге асыралады. Бұл бағдарламалар минерал мен модификацияланған ион алмастырғыштың құрылымын салып және оны оптимизация жасау арқылы оның құрамындағы элементтер мен олардың арасындағы байланыс ұзындығы, байланыс бұрыштары туралы толық мәлімет алуға болады. Вермикулитті фосфор қышқылы, глицидил метакрилат және акрилонитрил арқылы өңдеп, ион алмастырғыш алады. Квантты-химиялық есептеулердің негізінде синтездеп алынған системаның электронды және спектрлік қасиеттерін зерттеуге мүмкіншілік береді. Кванттық механиканың ережелеріне сәйкес электронның ықтималды тығыздығы электронның толқындық функциясының квадратына қатысты есептелінеді. Электронның толқындық функциясын Шреденгердің теңдеуі негізінде есептелінеді. Квантты есептеулер Gaussian және графикалық көрініс GaussView 6.0 бағдарламалары арқылы жүргізілді. Графикалық вермикулиттің бір бөлігі салынып, Hartree-Fork 6-311G++** параметрлері бойынша есептеу жүргізілді. Квантты есептеу бойынша қысқаша мәліметтер алынды және есептеуге барлығы 104 сағат кетті. Квантты-химиялық есептеулер арқылы теориялық дәлелдемелер жүргізілді.

Түйін сөздер: вермикулит, сорбент, модификациялау, квантты-химиялық есептеу, Gaussian W09, GaussView 6.0.

© Н. Бектенов, Г. Косжанова*, 2025.

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.

E-mail: koszhanova.gulim02@gmail.com

ОБЗОР КВАНТОВО-ХИМИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ РАСЧЕТА ВЕРМИКУЛИТА И МОДИФИЦИРОВАННОГО СОРБЕНТА НА ЕГО ОСНОВЕ

Бектенов Несипхан Абжапарович – доктор химических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, профессор кафедры Химии, E-mail: bektanbna@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1427-438X>;

Косжанова Гулим Женискызы – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кафедра Химии, E-mail: koszhanova.gulim02@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-8093-3465>.

Аннотация. В настоящее время экологические проблемы возникают в результате технологического развития мира. Большую тревогу вызывает загрязнение водных и земельных водоемов тяжелыми и редкими металлами. Для решения этих проблем основная цель ученых-химиков – использовать природные биоразлагаемые сорбенты и синтезировать их. Натуральные, экологически чистые, биоразлагаемые сорбенты чаще всего получают путем модификации природных минералов. В данной работе на основе обзора квантово-химических расчетов получен природный модифицированный ионит на основе вермикулита и изучены его свойства сорбции тяжелых и редких металлов. Квантово-химические расчеты выполнены с использованием программ Gaussian W09 и GaussView. Эти программы позволяют получить подробную информацию об элементах в его составе, длинах связей и валентных углах между ними путем создания и оптимизации структуры минерала и модифицированного ионита. Вермикулит обрабатывают фосфорной кислотой, глицидилметакрилатом и акрилонитрилом для получения ионообменника. Это дает возможность изучить электронные и спектральные свойства синтезированной системы на основе квантово-химических расчетов. По правилам квантовой механики плотность вероятности электрона рассчитывается относительно квадрата волновой функции электрона. Волновая функция электрона рассчитывается на основе уравнения Шрёдингера. Количественные расчеты проводились с использованием метода Гаусса и графической визуализации с использованием программного обеспечения GaussView 6.0. Кусок графитового вермикулита был построен и рассчитан по параметрам Hartree-Fork 6-311G++**. Была получена сводка квантовых вычислений, которые в общей сложности заняли 104 часа. Теоретические доказательства проводились с помощью квантово-химических расчетов.

Ключевые слова: вермикулит, сорбент, модифицированный, квантово-химические расчёты, Gaussian W09, GaussView 6.0.

Кіріспе. Молекулалық динамика (МД) модельдеудің артықшылықтары атомдық деңгейдегі процестерді сипаттауға, алынған нәтижелерді түсіндіруге және термодинамикалық қасиеттерді есептеуге мүмкіндік береді. МД әдісі байланыс ұзындықтары, байланыс бұрыштары және күштер сияқты параметрлерді дәл анықтауға көмектеседі. Алайда, кеуекті және сазды минералдардың кеуектілігін эксперименталды түрде өлшеу қиын, ал пакетаралық құрылымдағы өзгерістерді визуализациялау да күрделі мәселе болып табылады (Mooney, et al., Boek, et al.). Сондықтан молекулалық модельдеу атом деңгейінде саз минералдарының молекулалық құрылымы мен динамикасы туралы түсінік алудың тамаша тәсілі болып табылады.

Сазды минералдардағы пакетаралық катиондардың мөлшері мен заряды олардың ісінуінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, теріс зарядтардың саны мен кеңістіктік орналасуы ылғалдану дәрежесін анықтайтын негізгі факторлар болып табылады және олар пакетаралық қабаттардың ісінуіне жауап береді (Lui, 2008). Зерттеулердің көпшілігі таза вермикулит катиондарының бір түріне бағытталған. Вермикулиттің макроскопиялық үлгілеріндегі тәжірибелік көші-қон деректерін түсіндіру сазды агрегаттар, саз бөлшектері және саз пакеттері арасында көптеген тесіктердің болуымен қиындайды. Әдіс Ньютон механикасына негізделген микроскопиялық модельдеуді қолданады. Бұл молекулалық динамиканы модельдеу үшін қозғалыстар мен иондар туралы статикалық және динамикалық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, балшық пакеттері арасындағы жергілікті кеуекті күшейту арқылы зерттеулер жүргізіледі.

Экологиялық мәселелердің ең ауқымдысы – су және жер қойнауларының ластануы болып келеді. Қазіргі ғалымдардың бұл мәселені шешудегі ең оңтайлы, экологияға зияны жоқ, табиғи материалдардан алынған химия-физикалық модификацияланған сорбенттер деп есептейді. РПГ «КазГидромет»-тің ақпараттық бюллетеніне сүйенсек (2024, ақпан) (КазГидромет, 2024; Жаланқызов, және т.б., 2015), Қазақстанның ірі қалаларында зауыт, фабрикалардың қалдықтарынан су қорларының As, Hg, Cu, Cd, Cr сияқты металлдардың иондарымен ластануын байқаған (Казгидромет, 2024). Бұл металлдардың иондарын сулы ерітіндіден модификацияланған циолит $((\text{MAlO}_2(\text{SiO}_2)_x(\text{H}_2\text{O})_y)$, мұндағы М – H^+ немесе Na^+ иондары), монтмориллонит $(\text{Al}_2(\text{Si}_4\text{O}_{10})(\text{OH})_2 \cdot n\text{H}_2\text{O})$ вермикулит $((\text{Mg}^{+2}, \text{Fe}^{+2}, \text{Fe}^{+3})_3[(\text{AlSi})_4\text{O}_{10}] \cdot (\text{OH})_2 \cdot 4\text{H}_2\text{O})$ сияқты сорбенттердің кеуектілігінің және активтендірілген орталықтарының болуына байланысты оларды зерттеу және қолдану қарастырылған (Абдул, және т.б., 2021; Yang, және т.б., 2024). Бұл жұмыста вермикулит негізінде модификацияланған сорбенттің және табиғи вермикулиттің квантты-химиялық моделі зерттелінеді. Вермикулит – қабатты құрылымнан тұратын табиғи сорбент. Алайда, оның сорбциялау мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан, оның қабаттарының арасындағы металлдарды қышқылмен жуып, модификациялау арқылы оның кеуектілігімен, активті орталықтар санын арттыруға болады (Бектенов, және т.б., 2024).

Вермикулит пен оның негізінде өзгертілген сорбентті есептеудің кванттық химиялық моделіне шолу материалтану және химия саласындағы маңызды

аспект болып табылады. Вермикулит-жоғары кеуектілік, ион алмасу қабілеті және ыстыққа төзімділік сияқты бірегей физика-химиялық қасиеттері бар минерал. Бұл қасиеттер оны әртүрлі салаларда, соның ішінде ластаушы заттардың адсорбциясы, ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларында пайдалану үшін перспективті материал етеді.

Квантты-химиялық есептеулер арқылы химиялық заттың моделін алып қана қоймай, оның құрамындағы элементтер туралы, яғни байланыс ұзындықтары, байланыс бұрышы, қабаттар арасындағы ұзындық сияқты мәліметтерді алуға болады (Sergey, және т.б., 2018). Бұл мәліметтер арқылы модификацияланған вермикулит пен вермикулитті салыстыруға және неге модификацияланған сорбент табиғи сорбенттен гөрі эффективті деген сұрақтарға жауап алуға болады.

Бройльдың гипотезасы бойынша әр бөлшектің өзіндік толқыны болады және толқын бар жерде толқындық теңдеу болады. Сол толқындық теңдеуді (Шреденгер, теңдеуі) кванттық есептеулерге қолданады. Шреденгер теңдеуінен *ab initio* (басынан бастап) модельдеулері Хартри-Фок (ХФ) әдістері мен тығыздық-функционалдық теориясына (ТФТ) негізделіп толқындық теңдеумен математикалық болжам жасалынады (Sergey, және т.б., 2018). Тығыздық-функционалдық теориясы көп денелі жүйелердің электрондық құрылымын есептеуші квантты-механикалық модельдеу әдісі (Sergey, және т.б., 2018). Тығыздық-функционалдық теориясының бірнеше түрі бар. Соның ішінде молекулалардың модельін алуда Хартри-Фок әдісі мен оның базалық жинағы қолданылады. Бұл есептеулер Gaussian09W және GaussView 6.0 бағдарламалары арқылы жүзеге асады. Gaussian 09W бағдарламасы арқылы квантты-химиялық есептеулер жүргізілсе, GaussView 0.6 бағдарламасы графикалық модельдейді (Tomberg) (Frisch, 1996-2009).

Квантты-химиялық мәліметтер арқылы синтездеу процессі кезінде қандай құрылымдық өзгеріс болатындығы туралы теориялық дәлелдемелер ала аламыз. Квантты-химиялық есептеулер теориялық дәлелдеме ретінде қарастырылады.


Материалдар мен зерттеу әдістері

Гиричева, Сырбу, Филиппов және Киселевтың еңбегінде үлкен молекулалық химиялық затты тығыздық-функционалдық теориясы (ТФТ-DFT) арқылы, оның ішінде B3LYP/6-311++G** базистік жинағы арқылы квантты-химиялық есептеулер жүргізілген (Giricheva, және т.б., 2021). Квантты-химиялық есептеу кем дегенде 24 сағаттан көп уақытты алады, сол себепті базистік жинақ дұрыс енгізілмесе, квантты-химиялық модельдеу шықпай қалады. Вермикулиттің құрылымының бөлігін Gaussian W09 және GaussView 6.0 арқылы графикалық түрде салынып, есептеу параметрін енгіземіз. Ал, металл ионын сорбцияланған вермикулиттің құрылымын салып, оған басқа есептеу параметрлерін енгіземіз. Мыс (II) ионын сорбциялаған модификацияланған вермикулитті сорбенттің құрылымын Курманалиев пен Жанабаеваның еңбегінен алуға болады (Курманалиев және т.б., 2019). Себебі, сорбенттің құрылымын өзгеріп, металл катионымен комплексті құрылым түзеді. Оны квантты-химиялық есептеу үшін Сингх, Патель, Абхай және тағы басқа ғалымдардың еңбегінде DFT/B3LYP базистік жинағы қолданылады (Singh, және т.б., 2021). Бұл базистік жинақ анионды ескермей,

катионды комплексті есептейді. Сузуки, Яйта, Пакольд, Алтман және тағы басқа ғалымдардың еңбегінде ФТТ-тың негізінде FP-LAPW базистік жинағымен WIEN2k коды арқылы NEXAFS spectra (шеткі рентген сәулелерін сіңірудің жұқа құрылымы спектроскопиясын – ШРССЖҚС) есептеп, моделдеуге болады (Suzuki, және т.б., 2019). Есептеулердің нәтижелері молекуланың тұрақтылығын, реакция механизмдерін және физикалық-химиялық қасиеттерін болжауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, алынған мәліметтер вермикулиттің қолдану салаларын, мысалы, катализаторлар, адсорбенттер және құрылыс материалдары ретінде пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге негіз болды.

Квантты-химиялық модельдеу нәтижелері мен визуализациялары ғылыми зерттеулерде, сондай-ақ өнеркәсіптік қолдануда маңызды рөл атқарады, себебі олар молекулалық деңгейде материалдардың қасиеттерін түсінуге және жаңа материалдарды жобалауға мүмкіндік береді. **Нәтижелер мен талқылаулар**

Вермикулиттің құрылымдық бөлігін Gaussian W09 бағдармасымен есептеуге шамамен 70 сағаттан көп уақыт кетті.



1-сурет. Есептеуші Gaussian W09 және графикалық GaussView 6.0 бағдарламалары арқылы алынған вермикулиттің құрылымдық бөлігінің моделі (ұзындықтары нм өлшемде)

Атомдар арасындағы ұзындықтар кванттық-математикалық есептеулерден кейін алынған вермикулит моделі бойынша алынды. Вермикулиттің графикалық құрылымына қарасақ (1-сурет), орталық кешенде үш алюминий атомын және бес магний атомын көруге болады. Гидролюдалы вермикулитті қышқылмен жуу арқылы орталық металл атомдарын, яғни темір мен магний атомдарын жою арқылы оның кеуектілігін арттыруға болады. Алюминий және магний иондарының бос белсенді орындары вермикулиттің мыс, никель, қорғасын, кадмий, хром және марганец иондарын сулы ерітінділерден сорып алатынының дәлелі. 1-суретте көрсетілгендей, магний мен алюминий иондары арасындағы

The sea buckthorn fruits were collected in the Karagaily district of the Abai region in September 2024. The hawthorn fruits were collected in the Aksuat district of the Abai region in late August 2024. Appropriate species identification keys were employed to identify the wild species *C. sanguinea* L. and *H. rhamnoides* L. Frozen fruits were dried using a lyophilizer (SCIENITZ-12N Freeze Dryer, China) for 48 hours, and the dried fruits were ground to a particle size of 1 mm.

Elemental analysis

Elemental analysis of the dried raw material for nitrogen, sulfur, total carbon, and organic carbon content was performed using a VarioMax elemental analyzer (Elementar Analysensysteme GmbH, Germany).

Inductively coupled plasma mass spectrometry

Extractable content of elements in samples were determined by inductively coupled plasma mass spectrometry with Integrated Collision Reaction Cell HPLC-ICP(iCRC) MS Plasma Quant MS Q (Analytik Jena, Germany). Samples were firstly lyophilized for 24h and then ground manually to homogenize. The samples (0.250 ± 0.01 g) were extracted in 5 ml of nitric acid in closed PTFE containers in the Mars 6 Microwave Digestive System (CEM, USA). The program included 20 min of heating to 180°C, 20 min of holding the temperature and 30 min of cooling. Afterwards, samples were filtered through previously washed filter papers (with 200 ml of deionized water) to the polypropylene Falcon tubes and filled up to 15 ml with water.

Extraction process

The extraction of 20 g of ground plant fruit material was performed using a Soxhlet apparatus with 70% ethanol as the solvent at a ratio of 1:10. The process was conducted at a temperature of 80°C for 6 hours. The obtained extracts were concentrated using a rotary evaporator (IKA RV 10, China) to remove the solvent. The resulting extracts appeared as clear or slightly turbid, intensely colored liquids with a characteristic fragrant aroma. The liquid extracts were subsequently filtered and subjected to analysis.

The quantitative determination of flavonoids in the extracts was carried out and expressed in terms of quercetin equivalents.

A 2 mL aliquot of the extract was transferred into a 25 ml volumetric flask, followed by the addition of 2 mL of a 1% aluminum chloride solution in 90% ethanol. The volume was then adjusted to the mark with the same ethanol. After 30 minutes, the optical density of the resulting solution was measured using a spectrophotometer at a wavelength of 426 nm in a cuvette with a 10 mm path length. Simultaneously, the optical density of a quercetin standard solution was measured. For this purpose, 2 ml of a 0.02% standard solution was placed into a 25 ml volumetric flask, followed by the addition of 2 ml of a 1% aluminum chloride solution, and the volume was adjusted to the mark with 90% ethanol. The flavonoid content, expressed as a percentage (%) in terms of quercetin, was calculated using a specific formula:


$$X = \frac{D \cdot m_o \cdot 50 \cdot 50 \cdot 1 \cdot 100 \cdot 100}{D_o \cdot m \cdot 1 \cdot 25 \cdot 25 \cdot (100 - W)}$$

- D – optical density of the test solution;
 Do – optical density of the standard solution;
 m – mass of the raw material (g);
 m₀ – mass of the standard sample (g);
 W – moisture loss percentage during drying

The antioxidant activity of the extracts was determined using a spectrophotometer (SPECORD-210 Plus, Analytik Jena, Germany) according to the FRAP method (Ferric Reducing Antioxidant Power) (Madhuranga, et al., 2023).

The extracts were diluted with ethanol to various concentrations ranging from 0.01 to 0.05 mg/mL. As a standard for comparison, ascorbic acid solutions with identical concentrations (0.01, 0.02, 0.03, 0.04, and 0.05 mg/ml) were used. Ascorbic acid serves as a reference antioxidant, providing a basis for evaluating the antioxidant activity of the tested samples. To the samples and reference standards, 2.5 ml of phosphate buffer (pH 6.6) and 2.5 ml of a 1% solution of K₃[Fe(CN)]₆ were added. The mixture was vortexed for 5 minutes using a vortex shaker and then incubated at 50°C for 20 minutes. Following incubation, 2.5 ml of 10% trichloroacetic acid was added to the mixture, which was then centrifuged at 3000 rpm for 10 minutes. The supernatant obtained after centrifugation (2.5 ml) was collected, followed by the addition of 2.5 ml of deionized water and thorough mixing. Subsequently, 0.5 ml of a 0.1% ferric chloride solution was added to the mixture to produce a colored solution. The absorbance of the reference standard solutions and samples was measured using a UV-visible spectrophotometer at a wavelength of 711 nm.

The reducing power of the extract was evaluated based on the reaction:



The FRAP value was expressed as milligrams of ascorbic acid equivalents per milliliter of extract (AAE).

Results and Discussion. According to the results of elemental analysis, the studied samples contained the highest levels of total carbon (48.38; 45.28) and organic carbon (48.22; 44.57), while sulfur content was the lowest (0.23; 0.07). The element concentrations were higher in *Hippophae rhamnoides* L. (Table 1).

Table 1. Elemental Analysis Results of Plant Samples: Sample 1 (*Hippophae rhamnoides* L.) and Sample 2 (*Crataegus sanguinea* L.)

Sample	Element Content, wt. %			
	Nitrogen	Sulfur	Carbon (Total)	Carbon (Organic)
Sample 1	2,07 ± 0,04	0,23 ± 0,02	48,38 ± 0,07	48,22 ± 4,20
Sample 2	0,51 ± 0,02	0,07 ± 0,03	45,28 ± 0,32	44,57 ± 0,64

Table 2. Results of Plant Analysis by ICPM Spectrometry: Sample 1 (*Hippophae rhamnoides* L.) and Sample 2 (*Crataegus sanguinea* L.)

Element	Al	Mn	Co	Ni	Cu	Zn	Cd	La	Ce	Na	Mg
Sample 1, mg/kg	23,1	7,05	0,0178	0,990	4,24	17,4	0,0099	<DL	<DL	571	528
Sample 2, mg/kg	42,9	5,59	0,102	0,432	2,45	9,00	0,0310	0,0171	0,032	5,46	776
Element	P	K	Ca	Fe	B	Ba	Pb	Cr	As	Se	
Sample 1, mg/kg	1270	8670	915	31,1	11,6	1,21	0,663	0,138	0,0065	0,051	
Sample 2, mg/kg	1530	9306	2472	41,6	14,1	5,24	0,388	0,167	0,0326	0,063	

*DL-Detection Limit

The data on the flavonoid content expressed as quercetin equivalents in the obtained extracts are provided in Table 3.

Table 3. Total Flavonoid Content in Samples (as %, in Quercetin Equivalents): Sample 1 (*Hippophae rhamnoides* L.) and Sample 2 (*Crataegus sanguinea* L.)

Sample	Total flavonoid content expressed as quercetin equivalents, %.
Sample 1	0.37±0.03
Sample 2	0.41±0.05

The FRAP method has significant advantages over other methods for determining antioxidant activity, including its rapid analysis speed, low cost per sample, simplicity of the required equipment, and high reproducibility of results. Evaluates antioxidants capable of reducing iron (Fe^{3+} to Fe^{2+}). (Munteanu, et al., 2021; Madhuranga, et al, 2023). Ascorbic acid was used as the standard solution, as it acts as a secondary antioxidant, scavenging free radicals and preventing the propagation of chain reactions.

During the experiment, changes in the intensity or hue of the solution's color were observed, which were correlated with the amount (concentration) of antioxidants present in the samples (Figure 2).




Figure 3. Color changes in the solution as a function of sample concentrations: Sample 1 (*Hippophae rhamnoides*), Sample 2 (*Crataegus sanguinea*)

The regression curve was plotted based on the following parameters: y-represents the optical density, while x-denotes the concentration (mg/ml) (Figure 4). The calibration curve for the standard concentrations is described by the equation: $y = 1.6920x + 0.0803$. The R^2 (coefficient of determination) value is approximately 0.9998, demonstrating an exceptionally high degree of linearity and accuracy within the specified concentration range.




Figure 4. Calibration curve of the ascorbic acid

The calculation of antioxidant activity was based on the optical density (absorbance) values of the analyzed samples (Table 4). The measured absorbance values were applied to the equation derived from the calibration curve. This enabled the quantification of antioxidant activity (Figure 5) by relating the sample's absorbance to the known antioxidant concentration, fulfilling the objective of the analysis.




Figure 5. Comparative Antioxidant Activity: Sample 1 (*Hippophae rhamnoides* L.) and Sample 2 (*Crataegus sanguinea* L.)

Table 4. Results of Antioxidant Activity Determination of Extracts: Sample 1 (*Hippophae rhamnoides* L.) and Sample 2 (*Crataegus sanguinea* L.)

Concentration (mg/ml)	Absorbance (711 nm)		Antioxidant activity (mg AAE/ml extract)	
	Sample 1	Sample 2	Sample 1	Sample 2
0.01	0.8623	0.9864	0.4622	0.5355
0.02	0.8651	0.9901	0.4639	0.5377
0.03	0.8686	0.9963	0.4659	0.5414
0.04	0.8733	1.0023	0.4687	0.5449
0.05	0.8776	1.0067	0.4712	0.5475

As shown in Table 4, an increase in extract concentration from 0.01 to 0.05 mg/mL results in higher antioxidant activity. The fruits of *Crataegus sanguinea* L. exhibit greater antioxidant activity compared to the fruits of *Hippophae rhamnoides* L.

Conclusion.

The analyzed plant fruit samples revealed the presence of various essential macro- and microelements, as well as flavonoids with antioxidant activity. The flavonoid content, and consequently the antioxidant activity, was slightly higher in the fruits of *Crataegus sanguinea* L. compared to those of *Hippophae rhamnoides* L.

Extracts from medicinal plants represent an accessible and cost-effective source of biologically active compounds (Donkor, et al., 2023). Flavonoids exhibit anti-inflammatory effects and support lipid and carbohydrate metabolism. Currently, flavonoids are considered a crucial component of various cosmetic, pharmaceutical, and medicinal products. Quercetin has been shown to possess antioxidant, antifungal, anticancer, hepatoprotective, and cytotoxic activities (Batiha, et al., 2020).

Plant-based antioxidants reduce oxidative stress and prevent DNA damage (Shubayr, 2023).

The results obtained indicate that the extracts of *Hippophae rhamnoides* L. and *Crataegus sanguinea* L. fruits have potential applications in the development of therapeutic, preventive, and cosmetic products (Silva, et al., 2023).

References

- Bal L.M., Meda V., Naik S.N., Satya S. (2011, 44 (7), 1718-1727). Sea buckthorn berries: A potential source of valuable nutrients for nutraceuticals and cosmoceuticals. Food Research International. <https://doi.org/10.1016/j.foodres.2011.03.002> (in Eng.).
- Batiha G.E.-S., Beshbishy A.M., Ikram M., Mulla Z.S., El-Hack M.E.A., Taha A.E., Algamal A.M., Elewa Y.H.A. (2020, 9, 374). The Pharmacological Activity, Biochemical Properties, and Pharmacokinetics of the Major Natural Polyphenolic Flavonoid: Quercetin. Foods. <https://doi.org/10.3390/foods9030374> (in Eng.).
- Chrzaszcz M., Krzeminska B., Celinski R., Szewczyk K. (2021, 10, 952) Phenolic Composition and Antioxidant Activity of Plants Belonging to the Cephalaria (Caprifoliaceae) Genus. Plants. <https://doi.org/10.3390/plants10050952> (in Eng.).
- Ciesarová Z., Murkovic M., Cejpek K., Kreps F., Tobolková B., Koplík R., Belajová E., Kukurová K., Daško L., Panovská Z., Revenco D., Burčová Z. (2020, 133: 109170). Why is sea buckthorn (*Hippophae rhamnoides* L.) so exceptional? A review. Food Research International. <https://doi.org/10.1016/j.foodres.2020.109170> (in Eng.).
- Donkor A-M., Ahenkorah B., Wallah T.A., Yakubu A. (2023. 9(9):e19316). Evaluation of extracts from *Sida acuta*, *Phyllanthus amarus*, *Parkia biglobosa* and their herbal ointment for therapeutic and biological activities. Heliyon. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2023.e19316> (in Eng.).

Jurikova T., Sochor J., Rop O., Mlcek J., Balla S., Szekeres L., Adam V., Kizek R. (2012, 17, 14490-14509). Polyphenolic Profile and Biological Activity of Chinese Hawthorn (*Crataegus pinnatifida* BUNGE). *Fruits Molecules*. doi:10.3390/molecules171214490 (in Eng.).

Kumar D., Arya V., Bhat Z.A., Khan N.A., Prasad D.N. (2012, 22(5), 1187-1200). The genus *Crataegus*: chemical and pharmacological perspectives. *Revista Brasileira de Farmacognosia* <https://doi.org/10.1590/S0102-695X2012005000094> (in Eng.).

Li A.-N., Li S., Zhang Y.-J., Xu X.-R., Chen Y.-M., Li H.-B. (2014, 6, 6020–6047). Resources and biological activities of natural polyphenols. *Nutrients*. doi: 10.3390/nu6126020. (in Eng.).

Madhuranga H.D.T., Samarakoon D.N.A.W. (2023, 7(4): 000431) Advancing In vitro Antioxidant Activity Assessment: A Comprehensive Methodological Review and Improved Approaches for DPPH, FRAP and H₂O₂ Assays. *Nat Ayurvedic Med.* DOI: 10.23880/jonam-16000431 (in Eng.).

Munteanu I.G., Apetrei C. (2021, 22 (7) 3380). Analytical Methods Used in Determining Antioxidant Activity: A Review. *International Journal of Molecular Sciences*. <https://doi.org/10.3390/ijms22073380> (in Eng.).

Pang Y., Ahmed S., Xu Y., Beta T., Zhu Z., Shao Y., Bao J. (2018, 240, 212–221). Bound phenolic compounds and antioxidant properties of whole grain and bran of white, red and black rice. *Food Chemistry*. doi: 10.1016/j.foodchem.2017.07.095. (in Eng.).

Shubayr N. (2023.16:100729). Phytochemicals properties of herbal extracts for ultraviolet protection and skin health: A narrative review. *Journal of Radiation Research and Applied Sciences*. <https://doi.org/10.1016/j.jrras.2023.100729> (in Eng.).

Silva A.M., Luis S., Macedo C., Ferreira A.S., Costa P.C., Delerue-Matos C., Rodrigues F. (2023, 447-490). Cosmetic applications of herbal products and encapsulated herbal active extracts. *Nanotechnology in Herbal Medicine. Applications and Innovations*. Woodhead Publishing Series in Biomaterials. Chapter 17. <https://doi.org/10.1016/B978-0-323-99527-6.00013-6> (in Eng.).

Stagos D. (2020, 9, 19). Antioxidant Activity of Polyphenolic Plant Extracts. *Antioxidants*. doi:10.3390/antiox9010019 (in Eng.).

Zielińska A., Nowak I. (2017, 16:95). Abundance of active ingredients in sea buckthorn oil. *Lipids in Health and Disease*. DOI 10.1186/s12944-017-0469-7 (in Eng.).

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224–5286

Volume 1. Number 462 (2025), 79–93

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1491.268>

FTAXP: 31.19.29

ӨОЖ: 661.152.4

M.B. Kambatyrov¹, P.A. Abdurazova^{2*}, U.B. Nazarbek¹, Y.B. Raiymbekov¹, 2025.

¹M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

²O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan.

E-mail: abdurazova.perizat@okmpu.kz

FTIR SPECTROSCOPIC STUDY OF HUMIC ACIDS PRECIPITATION

Kambatyrov Maksat Batyrovich – PhD. M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: maksat-kambatyrov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5791-8627>;

Abdurazova Perizat Adilbekovna – PhD, Associate Professor, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Department of Chemistry, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: abdurazova.perizat@okmpu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5244-7678>;

Nazarbek Ulzhalgas Bakytkeyzy – PhD, Associate Professor. M. Auezov South Kazakhstan University. Department of Chemistry and Pharmaceutical Engineering, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: unazarbek@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8890-8926>;

Raiymbekov Yerkebulan Batyrbekuly – PhD. M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: eplyusr@bk.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2119-2406>.

Abstract. This article investigates the precipitation process of humic acids using different acids, including hydrochloric, sulfuric, ascorbic, citric, and formic acids. Humic acids are complex organic compounds widely found in soils, peat, coal, and natural waters. They play a crucial role in biogeochemical processes, possess high sorption capacity, and are applied in ecology, agriculture, medicine, and industry. However, their interaction mechanisms with acids and precipitation behavior remain insufficiently studied. In this study, Fourier Transform Infrared (FTIR) spectroscopy was employed to analyze the structural changes in humic acids during precipitation. The results indicate that each acid uniquely affects the functional groups of humic acids, including hydroxyl (-OH), carbonyl (C=O), carboxyl (-COOH), and aromatic structures. Hydrochloric acid has a minimal impact on the structure, ensuring mild precipitation, whereas sulfuric acid promotes sulfate bond formation and partial oxidation of aromatic structures. Ascorbic and citric acids preserve the natural properties of humic acids with only slight modifications, while formic acid induces strong molecular aggregation and the formation of dense precipitates. This study provides deeper insights into the interactions between humic acids and various acids, assessing their effects on the chemical properties of humic substances. The findings can contribute to optimizing humic acid extraction

techniques and enhancing their applications in environmental science, water treatment, agriculture, biotechnology, and pharmaceuticals.

Keywords: humic acids, precipitation, IR spectroscopy, functional groups, acids.

М.Б. Камбатыров¹, П.А. Абдуразова^{2*}, У.Б. Назарбек¹, Е.Б. Райымбеков¹, 2025.

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

²Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

E-mail: abdurazova.perizat@okmpu.kz

ГУМИН ҚЫШҚЫЛДАРЫН ТҮНДЫРУ ҮРДІСІН ИҚ- СПЕКТРОСКОПИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Камбатыров Максат Батырұлы – Ph.D, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан, E-mail: maksat-kambatyrov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5791-8627>;

Абдуразова Перизат Адилбековна – Ph.D, қауымдастырылған профессор, Химия кафедрасы, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан, E-mail: abdurazova.perizat@okmpu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5244-7678>;

Назарбек Улжалғас Бахытқызы – Ph.D, қауымдастырылған профессор, Химия және фармацевтикалық инженерия кафедрасы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан, E-mail: unazarbek@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8890-8926>;

Райымбеков Еркебұлан Батырбекұлы – Ph.D, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан, E-mail: eplusrb@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2119-2406>.

Аннотация. Бұл мақалада гумин қышқылдарын түндыру процесі әртүрлі қышқылдар (тұз, күкірт, аскорбин, лимон және құмырсқа қышқылдары) қолдану арқылы зерттелді. Гумин қышқылдары топырақта, шымтезде, көмірде және табиғи суларда кең таралған күрделі органикалық қосылыстар болып табылады. Олар биогеохимиялық процестерде маңызды рөл атқарады, жоғары сорбциялық қабілетке ие және экологияда, ауыл шаруашылығында, медицинада және өнеркәсіпте қолданылады. Алайда, олардың қышқылдармен әрекеттесу механизмдері мен түндыру ерекшеліктері әлі де толық зерттелмеген. Бұл зерттеуде гумин қышқылдарының құрылымындағы өзгерістер ИҚ-спектроскопия әдісі арқылы талданды. Сілтілік ортада гумин қышқылдары диссоциацияланған күйде болады, мұнда карбоксил (-COOH) және фенол (-OH) топтары иондалған, бұл олардың жоғары ерігіштігін және коллоидтық жүйе түріндегі тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Алынған нәтижелер әрбір қышқылдың гумин қышқылдарының функционалдық топтарына (гидроксил, карбонил, карбоксил және ароматты құрылымдар) ерекше әсер ететінін көрсетті. Тұз қышқылы құрылымға минималды әсер етіп, жұмсақ түндыруды қамтамасыз етсе, күкірт қышқылы сульфаттық байланыстардың түзілуіне және ароматты құрылымдардың ішінара тотығуына әкеледі. Аскорбин және лимон қышқылдары гумин қышқылдарының табиғи қасиеттерін сақтай отырып, тек аздаған модификация жасайды, ал құмырсқа қышқылы молекулалардың күшті агрегаттануына және тығыз тұнбалардың түзілуіне ықпал етеді. Зерттеу гумин қышқылдарының әртүрлі қышқылдармен

әрекеттесуін тереңірек түсінуге, олардың химиялық қасиеттеріне әсерін бағалауға және гуминді заттарды алу мен қолдану әдістерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер гумин қышқылдарын экология, ауыл шаруашылығы, су тазарту, биотехнология және фармацевтика салаларында тиімді пайдалану стратегияларын жасауға негіз бола алады.

Түйін сөздер: гумин қышқылдары, тұндыру, ИҚ-спектроскопия, функционалдық топтар, қышқылдар.

Қаржыландыру: Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан AP19174296 гранты аясында қаржыландырылды.

М.Б. Камбатыров¹, П.А. Абдуразова^{2*}, У.Б. Назарбек¹, Е.Б. Райымбеков¹, 2025.

¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан;

²Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан.

E-mail: abdurazova.perizat@okmpu.kz

ИК-СПЕКТРОСКОПИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ОСАЖДЕНИЯ ГУМИНОВЫХ КИСЛОТ

Камбатыров Максат Батырович – PhD, ЮКУ имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: maksat-kambatyrov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5791-8627>;

Абдуразова Перизат Адилбековна – PhD, ассоциированный профессор, кафедра Химии, ЮКПУ имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан, E-mail: abdurazova.perizat@okmpu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5244-7678>;

Назарбек Улжалгас Бахыткызы – PhD, ассоциированный профессор, кафедра Химии и фармацевтической инженерии, ЮКУ имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: unazarbek@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8890-8926>;

Райымбеков Еркебулан Батырбекулы – PhD, ЮКУ имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: eplusr@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2119-2406>.

Аннотация. В данной статье рассматриваются процессы осаждения гуминовых кислот с использованием различных кислотных реагентов, таких как соляная, серная, аскорбиновая, лимонная и муравьиная кислоты. Гуминовые кислоты являются сложными органическими соединениями, широко распространенными в почвах, торфе, угле и природных водах. Они играют важную роль в биогеохимических процессах, обладают высокой сорбционной активностью и находят применение в экологии, сельском хозяйстве, медицине и промышленности. Однако процессы их осаждения и взаимодействие с различными кислотами требуют дальнейшего изучения. В данной работе методом ИК-спектроскопии проведен анализ изменений структуры гуминовых кислот в процессе осаждения. Результаты исследования показывают, что каждая из примененных кислот оказывает специфическое влияние на функциональные группы гуминовых кислот, включая гидроксильные (-ОН), карбонильные (C=O), карбоксильные (-COOH) и ароматические структуры.

Соляная кислота вызывает минимальные изменения, способствуя мягкому осаждению. Серная кислота, напротив, индуцирует значительные модификации за счет образования сульфатных связей и частичного окисления ароматических структур. Аскорбиновая и лимонная кислоты практически не изменяют природные свойства гуминовых кислот, лишь незначительно модифицируя их структуру. В то же время муравьиная кислота приводит к сильной агрегации молекул и образованию плотных осадков. Проведенное исследование позволяет лучше понять механизмы взаимодействия гуминовых кислот с кислотными осадителями и оценить их влияние на химические и сорбционные свойства полученных осадков. Полученные результаты могут быть полезны для оптимизации методов выделения гуминовых веществ, разработки технологий очистки воды, улучшения свойств почв в сельском хозяйстве, а также для применения гуминовых веществ в биотехнологиях и фармацевтике.


Ключевые слова: гуминовые кислоты, осаждение, ИК-спектроскопия, функциональные группы, кислоты.

Кіріспе. Гумин қышқылдарын және олардың тұнуын зерттеудің өзектілігі олардың экожүйелердегі маңызды рөлімен және ауыл шаруашылығы, су тазарту, медицина және экология сияқты түрлі салаларда кеңінен қолданылуымен негізделеді. Гумин қышқылдары топырақ пен судың органикалық заттарының маңыздықұрамдасбөлігі болыптабылады, олардың физика-химиялық қасиеттеріне, соның ішінде ылғалды сақтауына, қоректік заттардың қолжетімділігіне және топырақ құрылымының қалыптасуына әсер етеді (Reddy, et al., 2018; Li, et al., 2024). Әртүрлі қышқылдарды пайдалана отырып, гумин қышқылдарының тұнуы олардың ерігіштігі мен сорбциялық белсенділігін реттеуге мүмкіндік береді, бұл суды тазарту және ластанған экожүйелерді қалпына келтіру технологияларын әзірлеу үшін ерекше маңызды (Yang, 2024). Алайда, гумин қышқылдарының қышқылдармен молекулалық деңгейде өзара әрекеттесу механизмдері әлі де жеткілікті зерттелмеген, бұл осы процестерді оңтайландыру мүмкіндіктерін шектейді. ИК-спектроскопиясын жоғары сезімталдыққа ие талдау әдісі ретінде қолдану гумин қышқылдарының құрылымындағы өзгерістерді тұну кезінде егжей-тегжейлі зерттеуге, реакцияға қатысатын негізгі функционалдық топтарды анықтауға және олардың химиялық мінез-құлқын түсінуге үлес қосуға мүмкіндік береді (Silverstein, et al., 2014; Cheng et al., 2019). Бұл зерттеу іргелі ғылым және экология мен материалтану саласындағы қолданбалы міндеттер үшін үлкен маңызға ие.

Іргелі маңыздылығынан бөлек, гумин қышқылдарын зерттеудің қолданбалы маңызы да бар, өйткені олардың тұнуы қышқылдарды қолдану арқылы ауыр металдар мен органикалық ластағыштарды су экожүйелерінен экологиялық қауіпсіз түрде жоюға арналған технологияларды жасау үшін пайдаланылуы мүмкін (Machado, et al., 2020). Сонымен қатар, гумин қышқылдары антиоксиданттық, бактерияға қарсы және хелат түзуші қасиеттерге ие бола отырып, медицина мен фармацевтикада қолданылуда, мұнда олардың ерігіштігін және белсенділігін

реттеу басты рөл атқарады (Khaled, et al., 2021). Дегенмен, қазіргі уақытта әртүрлі қышқылдардың гумин қышқылдарының құрылымына әсер етуі, әсіресе шынайы экологиялық ортаға еліктейтін жағдайларда, ашық мәселе болып отыр. ИҚ-спектроскопиясын талдау әдісі ретінде қолдану гумин қышқылдарының химиялық құрамындағы өзгерістерді ғана зерттеп қоймай, сонымен қатар олардың қышқылдармен өзара әрекеттесуінің табиғатын тереңірек түсінуге ықпал етеді (Proskurnin, et al., 2023; Maffia, et al., 2025). Осылайша, бұл зерттеу гумин қышқылдары туралы білімді кеңейтуге және оларды ғылым мен тәжірибенің әртүрлі салаларында пайдаланудың тиімді стратегияларын жасауға үлес қосады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде гуматтар Қарағанды облысындағы Майкөбен көмір бассейнінің Шөптікөл кен орнынан алынған көмір өндірісінің қалдықтарынан алынды. Бастапқы шикізат МШЛ-1 зертханалық диірменінде алдын ала ұсақталып және майдаланып, қажетті дисперстік деңгейге жеткізілді. Гуматтарды экстракциялау зертханалық жағдайда якорлы араластырғышпен жабдықталған реакторда стандартты әдістеме бойынша жүргізілді. Дайындалған үлгінің тиісті массасы 250 см^3 көлеміндегі конустық колбаға салынып, оған 100 см^3 сілтілік ерітінді қосылды. Қоспаны реагенттердің тиімді әрекеттесуі үшін механикалық шайқағышпен бір сағат бойы мұқият араластырды. Алынған суспензияны 210 с^{-1} жылдамдықта 15 минут бойы центрифугалағаннан кейін, үстіңгі ерітінді абайлап 1000 см^3 көлеміндегі колбаға декантталды (1-сурет).



Сурет 1. Гумин қышқылын алудың зертханалық қондырғысы

Ерімеген қалдықты екі рет 100 см^3 гидроксид ерітіндісімен жуған. Әрбір жуудан кейін материалды қайтадан дәл сол шарттарда центрифугалап, жуу ерітінділерін негізгі экстрактпен бір ыдысқа біріктірді. Содан кейін қалдықты бастапқы конустық колбаға қайта салып, 100 см^3 гидроксид ерітіндісін қосып, гумин заттарын экстракциялауды күшейту үшін қоспаны қайнап тұрған су моншасында қыздырды. Қоспа бөлме температурасына дейін салқындағаннан

кейін, оны қайтадан 15 минут бойы центрифугалап, алынған ерітінді абайлап декантталып, бұрынғы экстракттарға қосылды. Қалдықты қайтадан екі рет 100 см³ гидроксид ерітіндісімен жуудан өткізді, бұл ретте әр жуудан кейін центрифугалау және ерітінділерді жинау процедурасы қайталанды. Бұл көпсатылы процесс зерттелетін шикізаттан гуматтардың максималды алынуын және гумин заттарының жоғалтуын азайтуды қамтамасыз етті, бұл кейінгі талдау үшін сенімді деректер алу үшін маңызды болды.

Гумин қышқылдарын бөліп алу үшін В колбасындағы сұйықтықты 1000 см³ көлемді өлшемді колбаға сүзіп, көлемін тазартылған сумен белгіге дейін жеткізді. Филтраттан 100 см³ сұйықтық пипеткамен алынып, стаканға құйылды. Оған гумин қышқылдарын тұндыру үшін 60 см³ қышқыл қосылып, мұқият араластырылды және тұнба түзілуі үшін қалдырылды. Алынған суспензия центрифугалау немесе сүзу арқылы тұнбаны ерітіндіден бөліп алу үшін өңделді. Гумин қышқылдарының тұнбасын пептизация басталғанға дейін, яғни әлсіз сары түстің пайда болуына дейін дистилденген сумен жуды (гель немесе коллоид түзілуі). Қосымша тұндыру үшін коллоидты ерітіндіге 5 см³ тұз қышқылы қосылды. Гумин қышқылдарының жалпы тұнбасын алдын ала кептірілген және салмағы тұрақты күйге жеткізілген (90±5)°C температурада кептірілген күлсіз сүзгі арқылы сүзді. Тұнбасы бар сүзгі алдын ала өлшенген және кептірілген бюкске салынып, 90±5°C температурада 1 сағат кептірілді. Бюкс алдымен ауада 5 минут, содан кейін сусыздандырғышы бар эксикаторда салқындатылып, өлшенді. Қажет болған жағдайда кептіру, салқындату және өлшеу процедуралары екі реттік өлшеу арасындағы салмақ айырмашылығы 0,001 г-нан аспағанға дейін қайталанды. Бюкс мен сүзгінің массасын шегеру арқылы тұнбаның массасы анықталды.

Кептірілген сүзгі тұнбасымен бірге алдын ала 600±25°C температурада тұрақты массаға дейін қыздырылған тигельге ауыстырылды және 1-2 сағат ішінде осы температурада күлге айналдырылды. Тигель алдымен ауада 5 минут, содан кейін эксикаторда салқындатылып, өлшенді. Қажет болса, 15 минут ішінде сол температурада бақылау күйдіру, салқындату және өлшеу жүргізіліп, екі өлшеу арасындағы масса айырмашылығы 0,001 г-нан аспағанға дейін қайталанды. Гумин қышқылдарын тұндыру үшін тұз, күкірт, лимон, аскорбин және құмырсқа қышқылдары қолданылды, бұл олардың гуминді заттардың қасиеттері мен құрылымына әсерін зерттеуге мүмкіндік берді.


Зерттеу нәтижелері және талқылау. Гумин қышқылдары (ГК) – бұл топырақта, шымтезекте және су экожүйелерінде өсімдік қалдықтарының биохимиялық трансформациясы нәтижесінде түзілетін күрделі табиғи органикалық полимерлер. Олардың құрылымы карбоксил (-COOH), фенол (-OH), альдегид (-CHO) және кетон (-C=O) сияқты әртүрлі функционалдық топтары бар торлы жүйені құрайды, бұл олардың химиялық белсенділігін анықтайды. Гумин қышқылдары жоғары молекулалық массамен және гетерогенділікпен сипатталады, олардың құрамында ароматты ядролар, алкил тізбектерімен байланысқан құрылымдар, сондай-ақ азот және күкірт қосылыстары болады. Олардың қасиеттері негізінен құрамына және полимеризация деңгейіне байланысты, бұл олардың шығу тегі мен түзілу жағдайларына қарай өзгереді (Silverstein, et al., 2014).

ГҚ металдармен және органикалық қосылыстармен кешендер түзетін ерекше хелатообразушы қабілетке ие, бұл оларды детоксикация және қоршаған ортаны тазарту процестерінде маңызды компонент етеді. Сонымен қатар, олар ылғалды, қоректік заттардың иондарын және органикалық қосылыстарды байланыстырып, ұстап тұру арқылы жоғары сорбциялық қабілеттілікке ие, бұл топырақтың құрылымы мен құнарлылығын жақсартуда маңызды рөл атқарады (Machado et al., 2020). Гумин қышқылдары биологиялық белсенділік танытады, өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ете отырып, зат алмасу мен қоректік элементтердің сіңуін ынталандыратын реттеуші функцияларды орындайды. Олардың ерігіштік, қышқылдық және коллоидтық жүйелерге өздігінен жинақталу қабілетін қоса алғанда, физика-химиялық қасиеттері ауыл шаруашылығы, медицина, экология және материалтану сияқты салаларда көпфункционалды қосылыс ретінде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Гумин қышқылдарының тұнуы олардың ерігіштігінің сыртқы факторлардың, мысалы, ортаның қышқылдығы, қолданылатын тұндырғыштың түрі және реагенттердің концентрациясы әсерінен өзгеруімен байланысты күрделі химиялық әрекеттесу болып табылады. Гумин қышқылдарының тұндырылуы негізінен олардың молекулаларының зарядын бейтараптандыру арқылы жүзеге асады, бұл коагуляция мен тұнба түзілуіне әкеледі. Сілтілік ортада гумин қышқылдары диссоциацияланған күйде болады, мұнда карбоксил ($-\text{COOH}$) және фенол ($-\text{OH}$) топтары иондалған, бұл олардың жоғары ерігіштігін және коллоидтық жүйе түріндегі тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қосылған тұз, күкірт, лимон немесе құмырсқа қышқылдары рН деңгейін төмендетіп, функционалды топтардың протондалуына, теріс зарядтың бейтараптандырылуына және гумин қышқылы молекулалары арасындағы электростатикалық тебілудің азаюына әкеледі (Proskurnin et al., 2023). Осы процестердің нәтижесінде молекулалар бірігіп, тұнба түзіледі.

Сонымен қатар, қышқылдың түрі әрекеттесу сипатына әсер етеді, өйткені олардың әрқайсысының күші мен кешен түзуші қабілеті әртүрлі. Мысалы, күкірт қышқылы гумин қышқылдарының құрамындағы күкіртті топтармен тұрақты байланыстар түзе отырып, тұндыруға қосымша үлес қоса алады, ал лимон қышқылы металдар иондарымен әрекеттесіп, олардың гумин заттарымен коагуляциясын күшейте алады. Микроструктура деңгейінде тұндыру гумин қышқылы молекулаларының тығыздығы мен бағытының өзгеруімен қатар жүреді, бұл тұнбаның соңғы құрылымына әсер етеді. Бұл химиялық әрекеттесулер тұндыру тиімділігін ғана емес, сонымен қатар алынған тұнбалардың сорбциялық қабілеті, ыдырауға төзімділігі және басқа заттармен әрекеттесу сияқты қасиеттерін анықтайды (Li, et al., 2024). Тұндыру механизмдерін түсіну гумин қышқылдарын бөлудің және оларды әртүрлі технологиялық және экологиялық міндеттерде пайдаланудың процестерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

2-суретте гуматтарды тұз қышқылы арқылы тұндырудың ИК-спектрограммасы келтірілген.




Сурет 2. Тұз қышқылы ерітіндісімен гумин қышқылын тұндырудың ИҚ-спектрограммасы және салыстырмалы талдауы

Тұз қышқылымен тұндырылған гумин қышқылының ИҚ-спектрограммасы гумин қышқылдарының құрамына кіретін функционалдық топтарға сәйкес келетін сипаттамалық сіңіру жолақтарын көрсетеді. $2926\text{--}2854\text{ см}^{-1}$ аймағындағы жолақ алкил тізбектеріне тән метил және метилен топтарындағы C-H байланысының валенттік тербелістерін білдіреді. 3400 см^{-1} аймағындағы кең және қарқынды жолақ гидроксилді (-OH) топтарының валенттік тербелістеріне жатады, бұл фенол және карбоксил топтарының, сондай-ақ адсорбцияланған судың болуымен байланысты. 1712 см^{-1} аймағындағы жолақ карбоксил және кетон топтарына тән C=O байланысының валенттік тербелістерін көрсетеді, бұл гумин қышқылдарының қышқылдық функционалдық топтарының бар екенін растайды. $1620\text{--}1640\text{ см}^{-1}$ аймағындағы сіңіру ароматты ядролардағы (C=C) тербелістермен немесе гумин қышқылымен әрекеттесетін судың деформациялық тербелістерімен байланысты. $1418\text{--}1450\text{ см}^{-1}$ және 1375 см^{-1} аймақтарындағы жолақтар метил топтарындағы C-H байланысының деформациялық тербелістерін және, мүмкін, карбоксилаттардың (COO⁻) симметриялық тербелістерін көрсетеді. $1050\text{--}1080\text{ см}^{-1}$ аймағындағы жолақ спирттердегі, фенолдардағы немесе күрделі эфирлердегі C-O байланысының тербелістерін көрсетеді, бұл гумин қышқылдарына тән (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 1, 2007; Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 2, 2007; Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 3, 2007; Georgia State Crime Lab Drug Library). Спектрде карбоксил, гидроксил, ароматты және алкил құрылымдары сияқты негізгі функционалдық топтардың бар екені көрсетілген, бұл гумин қышқылының күрделі құрамын және оның қышқылдармен реакцияларда химиялық белсенділігін растайды. Тұз қышқылының әсері спектрлік қарқындылықтың өзгеруі арқылы көрінеді, бұл гумин қышқылының құрылымдық өзгерістерін тұндыру кезінде көрсетуі мүмкін.

Спектрлерді салыстырмалы талдау гумин қышқылының индандион, эпсилон-капролактам, сондай-ақ эритромицин стеараты сияқты қосылыстарға сәйкестігін көрсетті, бұл тұндырудың қалдық қоспалар немесе жанама өнімдерінің болуы

мүмкін екенін көрсетеді. Стандарттар мен талданған үлгінің толық сәйкестігі гумин қышқылының күрделі құрамға ие екенін, оның құрамында алифаттық және ароматтық компоненттер, сондай-ақ қышқылдармен реакцияларда химиялық белсенділікке жауапты функционалдық топтардың бар екенін растауға мүмкіндік береді. Бұл спектрлік талдау гумин қышқылының құрылымдық гетерогенділігінің жоғары деңгейін және тұндырудың оның қасиеттеріне елеулі әсерін атап көрсетеді (Nieweś, et al., 2023).

Күкірт қышқылымен тұндырылған гумин қышқылының ИҚ-спектрограммасы (3-сурет) оның құрылымын құрайтын негізгі функционалдық топтарды анықтауға мүмкіндік беретін сипаттамалық сіңіру жолақтарын көрсетеді. $3106\text{--}3016\text{ cm}^{-1}$ аймағындағы кең жолақ гидроксилді (-OH) топтарының валенттік тербелістеріне байланысты, бұл фенолдар мен спирттердің, сондай-ақ сутектік байланыстардың болуын көрсетеді. $2920\text{--}2850\text{ cm}^{-1}$ аймағындағы жолақтар метил және метилен топтарының C-H валенттік тербелістеріне жатады, бұл құрылымда алифаттық тізбектердің бар екенін растайды (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 3, 2007).




Сурет 3. Күкірт қышқылы ерітіндісімен гумин қышқылын тұндырудың ИҚ-спектрограммасы және салыстырмалы талдауы

1701 cm^{-1} аймағындағы айқын жолақ карбон қышқылдары, кетондар немесе күрделі эфирлердегі C=O валенттік тербелістеріне сәйкес келеді, бұл карбоксил құрылымдарының болуын дәлелдейді. 1401 cm^{-1} аймағындағы жолақ C-H-тың деформациялық тербелістерін және, мүмкін, ароматты құрылымдардың болуын көрсетеді. $1068\text{--}974\text{ cm}^{-1}$ аймағындағы қарқынды жолақтар спирттерге, эфирлерге немесе фенол топтарына тән C-O байланыстарына жатады. Бұл жолақтар, сондай-ақ, күкірт қышқылымен тұндыру кезінде пайда болған сульфат топтарымен өзара әрекеттесуді көрсетуі мүмкін (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 2, 2007; Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 3, 2007; Georgia State Crime Lab Drug Library).

Спектрді кітапханалық мәліметтермен салыстырмалы талдау гуминдік заттар мен күкірт қышқылының өзара әрекеттесуі нәтижесінде этиленоксид және дибромбутан сияқты қоспалардың немесе тұндырудың жанама өнімдерінің болуын көрсетеді. Сондай-ақ, $600\text{--}400\text{ см}^{-1}$ аймағындағы өзгерістер сульфат қалдықтарының болуын растайды, бұл мұндай қосылыстар үшін тән (Liu et al., 2023). Спектр гумин қышқылының құрылымдық гетерогенділігінің жоғары деңгейін және күкірт қышқылымен тұндыру процесінің оның сорбциялық және химиялық қасиеттеріне елеулі әсерін көрсетеді.

4-сурет аскорбин қышқылымен тұндырылған гумин қышқылының ИҚ-спектрограммасы гумин қышқылының құрылымдық ерекшеліктерін және аскорбин қышқылының оның құрылымына әсерін көрсететін негізгі сіңіру жолақтарын демонстрациялайды. 3269 см^{-1} аймағындағы кең жолақ гидроксилді (-OH) топтарының валенттік тербелістеріне сәйкес келеді, бұл спирттер мен фенолды қосылыстардың, сондай-ақ сутектік байланыстардың болуымен байланысты. $2920\text{--}2850\text{ см}^{-1}$ аймағы метил және метилен топтарындағы C-H валенттік тербелістерімен сипатталады, бұл алифаттық компоненттердің бар екенін көрсетеді (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 2, 2007).



Сурет 4. Аскорбин қышқылы ерітіндісімен гумин қышқылын тұндырудың ИҚ-спектрограммасы және салыстырмалы талдауы


1639 см^{-1} аймағындағы қарқынды жолақ карбоксиль топтары немесе кетондарға тән C=O валенттік тербелістеріне жатады және гумин қышқылының негізгі қышқылдық қасиетін көрсетеді. 1404 см^{-1} аймағындағы жолақ C-H деформациялық тербелістеріне сәйкес келеді және карбоксилаттарға тән COO⁻ тербелістерімен байланысты болуы мүмкін. $1074\text{--}1035\text{ см}^{-1}$ аймағындағы жолақтар фенолды және спиртті топтардағы C-O тербелістеріне жатады, бұл гумин қышқылының күрделі құрылымын растайды (Georgia State Crime Lab Drug Library; Nieweś et al., 2023).

Тұндыру процесінде аскорбин қышқылының болуы $700\text{--}600\text{ см}^{-1}$ аймағындағы қосымша жолақтармен байланысты болуы мүмкін, бұл гумин қышқылының аскорбин қышқылының тотығу өнімдерімен әрекеттесуін көрсетуі мүмкін. Бұл өзара әрекеттесу гумин қышқылының құрылымдық өзгерістеріне және оның сорбциялық қабілеті мен химиялық белсенділігі сияқты қасиеттеріне ықпал етуі мүмкін. Осылайша, спектр гумин қышқылының жоғары гетерогендігін және аскорбин қышқылының оның құрылымы мен функционалдылығына айтарлықтай әсерін көрсетеді.

Күкірт және тұз қышқылдарын тұндырғыш ретінде қолданғанда гумин қышқылының құрылымындағы айырмашылықтар олардың химиялық қасиеттерінің әртүрлілігімен байланысты, бұл гумин қышқылдарының функционалдық топтарымен әртүрлі әрекеттесу механизмдеріне әкеледі. Тұз қышқылы (HCl) күшті протон доноры ретінде әрекет етіп, карбоксил ($-\text{COOH}$) және фенол ($-\text{OH}$) топтарының протондануына ықпал етеді. Бұл олардың ерігіштігінің төмендеуіне және гумин қышқылы молекулаларының агрегаттануына әкеледі. Бұл жағдайда спектр гумин қышқылының бастапқы құрылымына тән карбонил ($\text{C}=\text{O}$) және гидроксил ($-\text{OH}$) топтарының негізгі сіңіру жолақтарын сақтайды. HCl-дың ароматты құрылымдарға әсері минималды, себебі бұл қышқыл тотығу қасиеттерін көрсетпейді. Күкірт қышқылы (H_2SO_4), күшті протондандырудан басқа, сульфат қалдықтары (SO_4^{2-}) арқылы гумин қышқылының функционалдық топтарымен тұрақты байланыстар түзе алады. Бұл C-O-S байланыстарына байланысты $1200\text{--}900\text{ см}^{-1}$ аймағындағы жаңа сіңіру жолақтарының пайда болуына әкеледі (Liu, et al., 2023). Сонымен қатар, күкірт қышқылы тотығу қасиеттеріне ие, бұл ароматты құрылымдардың ішінара бұзылуына және олардың модификациясына әкелуі мүмкін. Тұз қышқылымен тұндырылған жағдайда гумин қышқылының құрылымы көбірек ароматты ядроларды ($\text{C}=\text{C}$) сақтайды, бұл $1600\text{--}1620\text{ см}^{-1}$ аймағындағы жолақтардың болуымен расталады. Бұл HCl-дың ароматты құрылымдарды бұзбайтынымен байланысты. Күкірт қышқылы ароматты ядроларды ішінара тотықтыра алады, бұл олардың модификациясына әкеледі. Бұл $1600\text{--}1400\text{ см}^{-1}$ аймағындағы сіңіру жолақтарының қарқындылығының өзгеруімен және тотығу өнімдеріне байланысты қосымша жолақтардың пайда болуымен көрінеді. HCl көмегімен тұндырылған гумин қышқылдары ароматты құрылымды және функционалдық топтарды сақтау арқылы бастапқы сорбциялық орталықтарды көбірек сақтайды (Abdel Maksoud, 2023). H_2SO_4 қолданғанда сульфаттық топтардың пайда болуы және функционалдық топтардың бір бөлігінің бұзылуы гумин қышқылының сорбциялық қабілетінің өзгеруіне әкеледі, бұл кейде оң әсер етуі мүмкін (белсенді орталықтардың санының артуы), ал кейде теріс әсер етуі мүмкін (сорбциялық учаскелердің жоғалуы). HCl негізінен гумин қышқылы молекулаларының зарядын бейтараптандыру арқылы коагуляцияны тудырады, бұл агрегаттануға әкеледі. H_2SO_4 молекулалар арасындағы сульфаттық көпірлерді енгізу арқылы молекулааралық өзара әрекеттесуді күшейтеді (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 2, 2007).

Лимон қышқылымен тұндырылған гумин қышқылының ИҚ-спектрограммасы

оның құрылымдық ерекшеліктерін және лимон қышқылының химиялық құрылымына әсері 5-суретте көрсетілген. 3294–2929 см^{-1} аймағындағы кең жолақтар гидроксилді (-OH) топтарының валенттік тербелістеріне сәйкес келеді, бұл фенолдардың, спирттердің және сутектік байланыстардың болуымен байланысты. 1722 см^{-1} аймағындағы жолақ карбонил (C=O) топтарына тән, бұл карбоксилді қышқылдар мен күрделі эфирлерге тән қасиеттерді көрсетеді және қышқылдық функционалдық топтардың сақталғанын растайды. 1619–1454 см^{-1} аймағындағы жолақтар ароматты жүйелердегі C=C-деформациялық тербелістеріне байланысты, бұл гумин қышқылының ароматты құрылымын растайды (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 1, 2007; Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 2, 2007; Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 3, 2007; Georgia State Crime Lab Drug Library).




Сурет 5. Лимон қышқылы ерітіндісімен гумин қышқылын тұндырудың ИҚ-спектрограммасы және салыстырмалы талдауы

1045–1011 см^{-1} аймағындағы жолақтар фенолдар, спирттер және эфирлерге тән C-O тербелістерін көрсетеді, бұл гумин қышқылының күрделі құрамын қосымша дәлелдейді. Лимон қышқылының тұндыру процесіне қатысуы гумин қышқылының функционалдық топтарымен, мысалы, карбоксил және гидроксил топтарымен өзара әрекеттесумен байланысты 771–650 см^{-1} аймағындағы қосымша жолақтардың пайда болуына әсер етуі мүмкін (Nieweś, 2023).

Кітапханалық деректермен салыстырмалы талдау гумин қышқылының хлороформ және гексафторфосфат сияқты қосылыстармен сәйкестігін анықтады, бұл өзара әрекеттесудің жанама өнімдерінің немесе қалдық қоспалардың болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл деректер лимон қышқылының тек тұндырғыш рөлін ғана емес, сонымен қатар гумин қышқылының химиялық құрылымын өзгертетін реагент рөлін атқаратынын көрсетеді, бірақ сонымен бірге оның негізгі функционалдық топтарын сақтайды. Осылайша, спектр гумин қышқылының жоғары химиялық белсенділігін, құрылымдық гетерогендігін және лимон

қышқылының оның сорбциялық және химиялық қасиеттеріне елеулі әсерін көрсетеді.

Құмырсқа қышқылымен тұндырылған гумин қышқылының ИҚ-спектрограммасы (6-сурет) оның құрылымдық ерекшеліктерін және құмырсқа қышқылының функционалдық топтарға әсерін көрсетеді.



Сурет 6. Құмырсқа қышқылы ерітіндісімен гумин қышқылын тұндырудың ИҚ-спектрограммасы және салыстырмалы талдауы

3301 cm^{-1} аймағындағы кең жолақ гидроксилді (-OH) топтарының валенттік тербелістеріне сәйкес келеді, бұл фенолды қосылыстармен, спирттермен және күшті сутектік байланыстармен байланысты. 1657 cm^{-1} аймағындағы жолақ карбонил (C=O) топтарының валенттік тербелістеріне жатады, бұл карбон қышқылдары мен кетондарға тән және карбоксил құрылымдарының бар екенін растайды. 1422 cm^{-1} аймағындағы жолақ ароматты жүйелердегі C-H-тың деформациялық тербелістерін және, мүмкін, карбоксилаттарға тән COO^- тербелістерін көрсетеді (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 1, 2007).

1072–1038 cm^{-1} аймағындағы жолақтар спирттерде, фенолдарда және күрделі эфирлерде кездесетін C-O тербелістерін сипаттайды, бұл гумин қышқылының құрылымының күрделілігін көрсетеді. Қосымша түрде, 771–650 cm^{-1} аймағындағы жолақтар құмырсқа қышқылының гумин қышқылының карбоксил және ароматты құрылымдарымен өзара әрекеттесуімен байланысты болуы мүмкін, бұл олардың модификациясына әкеледі (Aldrich Edition 2 FT-IR Condensed Phase Library Part 2, 2007).

Спектрдің кітапханалық деректермен салыстырмалы талдауы хлороформ және қышқылдардың туындылары сияқты қосылыстармен сәйкестікті көрсетті, бұл реакцияның жанама өнімдерінің немесе қалдық қоспалардың болуы мүмкін екенін көрсетеді. Құмырсқа қышқылы күшті протон доноры бола отырып, карбоксил және фенол топтарының протондануын тудырады, бұл гумин қышқылының агрегаттануына және оның сорбциялық қасиеттерінің өзгеруіне әкеледі. Осылайша, спектр гумин қышқылының жоғары гетерогендігін және құмырсқа

қышқылының оның химиялық белсенділігі мен функционалдық сипаттамаларына әсерін көрсетеді.

Қорытынды. Өртүрлі қышқылдармен тұндырылған гумин қышқылдарының ИҚ-спектрограммаларын талдау әрбір қышқылдың гумин қышқылдарының құрылымы мен функционалдық топтарына ерекше әсер ететінін, олардың қасиеттері мен мінез-құлқын анықтайтынын көрсетті. Тұз қышқылы гумин қышқылдарының бастапқы құрылымын минималды өзгерістермен сақтай отырып, негізінен карбоксил және фенол топтарына әсер етеді, бұл жұмсақ тұндыруды және сорбциялық орталықтардың сақталуын қамтамасыз етеді. Күкірт қышқылы, керісінше, оның тотығу қасиеттері мен сульфат байланыстарының түзілуі есебінен елеулі өзгерістер тудырады, бұл ароматты құрылымдардың бір бөлігінің бұзылуына және молекулалардың полярлығының артуына әкеледі. Аскорбин және лимон қышқылдары гумин қышқылдарының негізгі функционалдық топтарын сақтай отырып, құрылымын тек аздап өзгертеді, бұл олардың гумин қышқылдарының табиғи қасиеттерін сақтау үшін қолайлы екенін көрсетеді. Құмырсқа қышқылы күшті протон доноры бола отырып, карбоксил және фенол топтарымен белсенді әрекеттеседі, бұл молекулалардың күшті агрегаттануына және тығыз тұнбалардың түзілуіне әкеледі. Осылайша, қышқылдардың әсеріндегі айырмашылықтар олардың химиялық қасиеттерімен анықталады, ал гумин қышқылдарын тұндыру үшін қышқылды таңдау зерттеу немесе практикалық қолдану мақсаттарына, мысалы, сорбциялық белсенділікке, полярлыққа немесе тұнбалардың химиялық тұрақтылығына байланысты болуы керек.

References

Соңғы 20 жылда C_1 - C_4 қаныққан көмірсутектерді олефиндерге тотыға дегидрленуге байланысты ғылыми жарияланымдарды талдау барысында Қазақстанда осы бағытта зерттеулер әлі де әлсіз жүргізіліп жатқанын көрсетті. Катализаторларды әзірлеу бойынша негізгі зерттеулер АҚШ-та, Германияда, Ресейде, Жапонияда жүзеге асырылады, бірақ пилоттық және тәжірибелік-өнеркәсіптік кезеңдерге жеткізілген елеулі ғылыми әзірлемелер әлі жеткіліксіз болып табылады. Өнеркәсіптің олефиндерге деген қажеттілігінің тұрақты өсуі, бір жағынан, әлемдегі ең үлкен табиғи газ қорлары, екінші жағынан, C_1 - C_4 көмірсутектерінің тотықтыра дегидрлеу процесі үлкен қызығушылық тудырады (Lemonidou, et al, 2001). Технология табиғи газ негізінде этилен, пропиленді және басқа өнімдерді (метанол, формальдегид) алудың басқа процестерімен салыстырғанда тиімдірек болып табылады. Синтезделген катализатор олефиндер алуда үлкен қолданбалы қызығушылық көрсетеді. Көмірсутектердің дегидрлену процестерінде C_1 - C_2 көмірсутектер түзіле жүретін крекинг сияқты аралық процестің маңызы зор. Сонымен қатар, көміртектің бөлінуінен катализатор беті көмірленіп, катализатордың белсенділігі төмендейді. Бастапқы шикізат ретінде модельді көмірсутектерді, оның ішінде изобутан, пропанды қолдану, газтәрізді көмірсутектер қоспасынан оларды бөліп алу үшін арнайы әдістер қажет болады. Осыған байланысты экономикалық тұрғыдан алғанда көмірсутектерді дегидрлеу процесі тиімді. Ұсынылып отырған ғылыми жұмыста көмірсутектердің дегидрлену процесі табиғи тасымалдағышқа қондырылған монокөпкомпонентті каталитикалық жүйеде жүргізілді. Көмірсутек қоспасының табиғи сазбалшық негізінде құрылған оксидті катализаторларда жартылай тотығуы бірнеше бағытта жүретін каталитикалық процеске жатады. Көп бағытты реакция болғандықтан әртүрлі заттар түзіледі (Масалимова, 2019).

Материалдар мен негізгі әдістер.

Көмірсутекті (КС) қоспадан құрамында олефиндері бар қосылысты дегидрлену процесі арқылы алу үшін кварцты түтікті реакторда, атмосфералық қысымда ағынды қондырғыда тәжірибелер жүргізілді. Дегидрлену процесін жүргізу үшін келесі газ қоспалары: көмірсутек газ баллоннан, ауадағы оттегі, инертті газ (Ar) қатысуымен және қатысуынсыз қолданылды. Қаныққан көмірсутектердің тотыға дегидрлену процесінде катализатордың катализдік белсенділігін зерттеу бойынша жасалынған эксперименттер ағынды-катализдік қондырғыда жүргізілді (Масалимова Б.К. және т.б., 2024). Ағынды қондырғы үш негізгі бөліктен құралған: бастапқы газ қоспасын дайындау, ағынды типтегі катализдік кварц реакторы және газдарды талдауға арналған хроматограф. Өзірленген катализаторлардың белсенділігін анықтау кезінде реактордың температурасы 300-ден 600°C аралығында зерттелді. Катализаторды дайындау үшін олардың судағы тұздарының ерітінділерін сіңіру әдісі бойынша табиғи сазбалшығына қондырылды. Дайындалған үлгілер күйдіріліп, эксикаторда сақталынды (Масалимова, 2019). Хроматографиялық талдауды жүргізу «Agilent Technologies

6890N» (АҚШ) хроматографы арқылы жүргізілді (Масалимова, 2019; Tungatarova, et al, 2019).

Табиғи сазбалшыққа қондырылған хром негізді катализатор құрылып, оның қасиеттері зерттелді. Қазақстанда табиғи сазбалшықтардың көптеген түрлері бар. Табиғи сазбалшықтардың каталитикалық белсенділігі, құрылымдық қасиеттері туралы мәліметтер отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде жарияланған (Shorayeva, et al, 2020; Shorayeva, et al, 2021). Табиғи тасымалдағыштар өңдеу технологиясы жағынан тиімді және қолайлы болып келеді. Көптеген каталитикалық процестердің өзіндік құнын жоғарылату үшін табиғи сазбалшықты тасымалдағыш негізіндегі катализаторларды қолдану өзекті сұрақтардың бірі болып табылады (Vernikovskaya, et al, 2011; Масалимова, 2019).

Ғылыми әдебиет көздеріне сүйенсек, хромқұрамды катализаторларды дайындаудың әртүрлі әдістері көрсетілген (Heracleous, et al, 2004; Heracleous, et al, 2005; Петров, et al, 2009; Петров, et al, 2009) және т.б.

Катализатор дайындау кезінде қолданылатын әдістердің бірі ылғал сыйымдылық арқылы сіңдіру. Осы әдістің басты артықшылықтары қарапайымдылығы, ауқымдылығы және белсенді компоненттің біркелкі таралуы және оны жоғары дисперсті күйде тұрақтандыру есебінен активтілігі жоғары, жұмыс жасау мерзімі тұрақты болып келетін катализаторларды алу мүмкіндігін айтуға болады (Jesper, et al, 2014). Силикагель, алюминий оксидтері, цирконий диоксиді, титан диоксидтерін тасымалдағыш ретінде қарастыруға болады. Жоғарыда аталған жүйелердің каталитикалық активтілігі негізінен тасымалдағыш сипатына, белсенді компоненттің (CrOx) мөлшеріне, каталитикалық жүйелерді алдын-ала өңдеу процестеріне тікелей байланысты.

Ғылыми әдебиеттерде хром оксидінің ізашарлары ретінде зерттеулер жүргізілген (Арутюнов, et al, 2012; Heracleous, et al, 2004; Петров, et al, 2009; Heracleous, et al, 2004; Петров, et al, 2009). Әртүрлі тасымалдағыштардың сіңдіру кезінде құрамында хром бар прекурсорлардың өзара әрекеттесу сипаты бетінің әртүрлі функционалдық қасиеттеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Хром оксиді құрылымдарымен бетін жабудың төмен және орташа дәрежесінде көптеген тасымалдағыштар оттегінің тетраэдрлік координациясында Cr(VI) иондары түріндегі хромды тұрақтандыруға көмектеседі, ал жоғары дәрежеде хром қосылыстарының ($\alpha\text{-Cr}_2\text{O}_3$) көлемді фазалары қалыптасады. (Jesper, et al, 2014) жұмыста металдар мен металл оксидтеріндегі жеңіл алкандардың каталитикалық дегидрленуін көрсететін зерттеу жүргізілген. Әрбір каталитикалық жүйе үшін белсенді орталықтардың ерекше табиғаты, сондай-ақ катализатордың өнімділігі мен қызмет ету мерзімін анықтау үшін тасымалдағыштың, промоторлардың және шикізаттың әсері сияқты тиісті факторлар талқыланды. Зерттеу реакция механизмі, дезактивация жолдары және каталитикалық сипаттамалары бойынша әртүрлі катализаторлар салыстырылған. Дегидрлеу кезеңінің ұзақтығы реакцияның эндотермиялық сипатына байланысты тез төмендейтін катализатор қабатының жылу сыйымдылығына байланыстылығы анықталған.

Құрамында шамамен 6 мас.% болатын хром және калий мөлшерін (1,8 мас.%)

дейін), біртіндеп жоғарылата отырып, гамма-алюминий оксидіне қондырылған хром оксиді негізіндегі дегидрлеу катализаторлары дайындалып және бірнеше әдістер арқылы химиялық талдаулар жүргізілген. Пропанның 813 К дегидрлеу реакциясындағы үлгілердің каталитикалық әрекеті, калий қоспасының әсері зерттелді (Rombi, et al, 2003). Тасымалдағышқа ізашар ретінде хром оксиді немесе аммоний бихромат/хроматты қолдану тиімді, өйткені хромның тұрақтануы сіңдіру сатысында оң зарядталған гамма-алюминий оксидінің бетінде теріс зарядталған ізашар аниондардың адсорбциясы арқылы жүреді (Петров, et al, 2009).


Жұмыста (Арутюнов, et al, 2012; Jesper, et al, 2014) хром негізді каталитикалық жүйе қасиеттеріне температура, атмосфера сияқты термиялық өңдеу жағдайлары әсер етеді. (Арутюнов, et al, 2012; Fang, et al, 2015) жұмыста құрамында 13,2 мас.% хром мөлшері бар хром-алюминий катализаторлары азот және оттеққұрамды қоспалардың қатысуында әртүрлі температурада дайындалған және олардың морфологиялық құрылым зерттелген. Каталитикалық жүйені дайындау кезіндегі күйдіру температурасын жоғарылату арқылы хромның алты валентті катионының үлесі төмендеген, қолданылатын азот және оттеққұрамды қоспалардың қатысуындағы өңдеу түріне қарамастан, катализаторлардағы альфахром оксидінің ($\alpha\text{-Cr}_2\text{O}_3$) массалық үлесінің жоғарылауы анықталған. Каталитикалық жүйелерді бірдей температурада күйдіргенде, құрамында оттегі бар қоспалармен салыстырғанда инертті ортада күйдіруде хромның алыт валентті катионының үлесі жоғары болды, ал қоспадағы оттегі мөлшерін жоғарылатса, катализаторлардағы хромның алты валентті катионының үлесі жоғарылаған.

Авторлар тасымалдағыш бетіне қондырылған хром оксидінің (CrO_3) негізгі бөлігінің ыдырауы 450 °C температураға дейін, ал тасымалдағыш бетімен әрекеттесетін хроматтар мен полихроматтардың хромның алты валентті оксидіне (Cr_2O_3) айналуы үшін жоғары температура қажет екенін атап көрсеткен. Изобутанды дегидрлеуде азот және 15% оттегі/азот атмосферасында 450 °C температурада күйдірілген катализаторлар, сондай-ақ құрамында 10, 15 және 21% оттегі бар оттегі/азот атмосферасында 760 °C температурада күйдірілген каталитикалық жүйелер зерттелген. Хром катионы (Cr^{6+}) үлесінің жоғарылауынан изобутан айналым мөлшері шамалы ғана артады (шамамен 4,5%) және изобутанды крекинг өнімдерінің ($\text{C}_1\text{-C}_3$ көмірсутектер) және кокс шығымының салыстырмалы түрде 30% жоғарылауы көрсетілген. Қосалқы өнімдер шығымының артуы Cr^{6+} мөлшерінің жоғарылауымен катализаторлардың қышқылдығының жоғарылауымен байланысты болды. Термиялық өңдеу жағдайлары, қолданылатын ізашарлардың түрі хром күйіне және хромды құрайтын катализаторлардың каталитикалық қасиеттеріне әсер етеді. Хром оксидінің ізашарларын таңдау тасымалдағыш бетінің сипатына байланысты болуы керек (Петров, et al, 2009; Słoczyński, et al, 2011; Арутюнов, et al, 2012).

Нәтижелері.

Көмірсутектерді олефиндерге дейін дегидрлеу процесіне қолданылған катализаторды алу үшін тасымалдағышты хромның суда ерігіш қосылысымен сіңіру әдісі арқылы дайындалды (Реймбаев, et al, 2024). Синтезделіп алынған

катализатор кептіріліп, күйдірілді. Кептіру процесі кептіргіш шкафта 200 °C температурада 2 сағат бойы, күйдіру процесі муфельді пеште 500 °C 2 сағат бойы ұсталды. Зерттеуге таңдалып алынған табиғи тасымалдағыштың меншікті беттік ауданы 31,2 м²/г, кеуек көлемі 5 нм көрсетті. Катализатор дайындау үшін алдын-ала табиғи тасымалдағыштың ылғал сыйымдылығы есептелінді. Құрамында хром металы бар хром нитраты ерітіндісін (10 мл) алдын-ала өңделген табиғи тасымалдағышқа қосып, оларды араластырып, белгіленген бөлме температурасында сіңіру процесі жүргізілді. Алынған қоспаны араластыра отырып су моншасында буландырады. Дайын болған катализаторды кептіргіш шкафта кептіріп, муфельді пеште күйдіріп, бюкске салып, эксикаторда сақтайды. Көмірсутек қоспасы мен оттегіден олефин алу үшін ағынды кварцты түтікті реакторға катализаторды салады, реакторға зерттеуге алынған реакциялық қоспаны $C_3-C_4:O_2:N_2=7:1:4$ көлемдік қатынаста өткізеді. Бастапқы реакциялық қоспаның көлемдік жылдамдығы автоматты түрде реттеліп отырады. Көмірсутектердің олефиндерге дегидрлену процесі атмосфералық қысымда, 750 сағ⁻¹ көлмедік жылдамдықта, температураны әрбір 50 °C жоғарылата отырып 350-600 °C температура аралығында жүргізілді. Реакция 2 сағат бойы жүргізілді. Осы процесте олефиндерден басқа, сутегі мен CO₂ іздері және оттеkkұрамдас органикалық қосылыстар да түзілді. Реакция жағдайына байланысты көмірсутек қоспасының ауадағы оттегімен дегидрленуінде температураға байланысты айналымның пайыздық мөлшері есептелді (3-сурет).



Сурет 3 – Көмірсутек қоспасының дегидрленуінде айналымның реакция температурасына тәуелділігі. Реакция жағдайы: КС:ауадағы оттегі=150мл/мин:100мл/мин. 1%Cr/ТСБ.

3-суретте көрсетілгендей, көмірсутек қоспасының дегидрленуінде қолданылған 1%Cr/ТСБ катализаторының бастапқы қоспа айналымы температураның жоғарылауына байланысты артады. Тасымалдағыштың кеуекті құрылымы катализатордың белсенді аймақтарында көмірсутегінің ыдырауына кедергі жасайды, бастапқы қосылыстың айналымын төмендетеді, катализаторды қолдану

барысында кокстің көп мөлшерде түзілуіне әкеледі. Сондықтан, осы өзекті мәселенің тиімді немесе баламалы шешімі ретінде табиғи тасымалдағышқа қолайлы белсенді фазаны қондыру арқылы табиғи сазбалшықтарды пайдалану қажет (Масалимова, 2019). Зерттеуді қорытындылай келе, көптеген ғалымдардың аса үлкен қызығушылығын тудырып отырған мәселердің бірі - табиғи сазбалшықтарды адсорбенттер және катализаторлардың тасымалдағыштары ретінде қолдану. Көмірсутектердің дегидрлену процесіне реакция температурасының әсері көрсетілген. 1-кестеге сәйкес көмірсутек қоспасының дегидрлену процесінде 1%Cr/ТСБ катализаторында температураға байланысты өнімдердің шығымы зерттелген (Реймбаев, et al, 2024).

Кесте 1 - Көмірсутек қоспасының дегидрлену процесінде 1%Cr/ТСБ катализаторында түзілетін өнімдердің шығымына температураның әсері.

T, °C	K _{с3H8} , %	K _{н-С4H10} %,	K _{и-С4H10} %;	ШЫҒЫМЫ*, %					
				C ₃ H ₆	H ₂	CO	CH ₄	CO ₂	Σ Оттекті органикалық қосылыстар
400	40	10	10	29,2	ізі	1,0	0	0	12
450	35	5	5	33,1	3,4	2,0	0	0	11
500	35	20	33	39.2	4,5	2.0	0	0	8
550	35	35	36	36.9	6,2	1.8	ізі	ізі	8
600	37	40	42	37,4	6	2,4	ізі	ізі	9

1-кестеде көрсетілгендей, 400-600 °C температура аралығында пропанның айналымы 35-40%, н-бутан айналымы 10-40%. и-бутан айналымы 5-42% болғанда, осы температура аралығындағы пропилен шығымы 29,2-37,4% аралығында түзіледі. H₂ шығымы 3,4-6,2%; CO шығымы 1-2,4%; CH₄ және CO₂ мүлдем түзілмейді; оттекті органикалық қосылыстардың жиынтық шығымы 8-12% аралығында түзіледі. Реакция температурасын 600 °C темпеаурадан жоғарылатқанда, бастапқы реакциялық қоспа конверсиясы өзгеріссіз болды, сонымен қатар, пропилен, сутегі, CO, CH₄, CO₂, оттекті органикалық қосылыстардың жиынтық шығымы төмендейді. Қорытындылай келе, температураның жоғарылауынан бастапқы реакциялық қоспадағы қаныққан көмірсутектердегі сигма байланыстың үзілуі баяулайды, сонымен қатар, катализатордың белсенділігі төмендейді.

Талқылау.

Көмірсутектердің дегидрлену процесінде хромнегізді элементтермен түрлендіріп, қолданылған монооксидті катализатор физика-химиялық әдістер: БЭТ, элементтік талдау, электрондық микроскопия және рентгенофазалық талдау, ИҚС арқылы зерттелді. Рентгенфазалық талдауды Д.В.Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институтының ғылыми қызметкерлерімен талданып, қорытындыланды. Табиғи тасымалдағышқа қондырылған хром құрамды катализатордың фазалық құрамы рентгендік дифрактометр DRON-4

-07 Со K_a -сәуелендіру құралы арқылы анықталды. Алынған дифрактометрлік рефлекстерді салыстыру мақсатында қолданылып, ұнтақты стандартты JCPDS картотекасы арқылы негізделіп, сипатталды және қорытындыланды. Электронды микроскопиялық талдау Д.В.Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институтының ғылыми қызметкерлерімен талданып, қорытындыланды. Қаныққан көмірсутектердің дегидрлену процесінде зерттелген табиғи сазбалшық негізіндегі хромды катализатордың морфологиясы, бөлшектердің көлемін немесе мөлшерін зерттеу үшін электронды микроскопия әдісі қолданылды. Синтездеп алынған 1%Cr/ТСБ катализаторы ЭМ-125К электронды микроскоп көмегі арқылы бір сатыдан тұратын көмір репликасы әдісімен микродифракциялық сурет арқылы экстракцияланып, жарықтандыру әдісі арқылы зерттелді. Микродифракциялық суреттерді түсіру бөлшектердің көлеміне байланысты өзгертіле отырып, әртүрлі үлкейтулерді қолдану нәтижесінде жүргізілді (Масалимова, 2019; Реймбаев, et al, 2024).

Синтезделген катализаторда электронды микроскопия әдісі бойынша анықталған кейбір фазалар құрамы, зерттеуде қолданылған құралдың сезімталдылығының жоғары немесе төмен болуына байланысты РФА әдісімен зерттеу барысында көрінбеуі немесе айқындалмауы мүмкін болды. Табиғи сазбалшықта (ТСБ) негізінен ерімейтін компоненттердің мөлшері өте көп болды. Бастапқы катализатор үлгісіне ірі және тығыз бөлшектерден тұратын агрегаттардың болатындығымен сипатталады. Микродифракциялық сурет жекеленген сирек рефлекс түрінде берілетін біріккен фазасы бар. Мөлшері 3-5 нм болатын бөлшектен тұратын шағын шоғырлану көрсетілген. Микродифракциялық сурет сақина қоспасынан және жеке рефлекс түрінде берілген.

БЭТ әдісі бойынша катализаторлардың текстуралық сипаттамасын анықтау. Меншікті бет мөлшері мен қатты заттардың кеуектілігін анықтау газ фазасының молекулаларын олардың бетке сіңіру процесі арқылы анықталатын изотерма адсорбциясына негізделген. Изотерма адсорбциясы бірқалыпты температурада адсорбцияланған молекулалар мөлшерінің қысымға тәуелділігімен анықталады. Катализатордың текстуралық және адсорбциялық сипаттамасы азоттың төменгі температуралы адсорбциясы бойынша БЭТ әдісі арқылы американдық «Micromeritics Accusorb» құралында жүргізілді. Кеуктің жалпы көлемі төмендегі формула бойынша есептелінді: $\sum_{\text{шынайы кеук көлемі}} = V_{\text{АДСmax}} \cdot K$; ($K=0,001558$ мл/г) (Масалимова, 2019; Реймбаев, et al, 2024). Катализаторлардың беттік ауданы БЭТ әдісі арқылы анықталды (Кесте 2).

Кесте 2 - Тасымалдағыштардың әртүрлі өңдеу әдістеріне байланысты беттік ауданының, кеук көлемінің және негізгі көлемінің өзгерісі

Тасымалдағыштар	S, м ² /г	Кеук көлемі, VADSmax, мл/г	V _{негізгі} , мл
Табиғи сазбалшық	9,4	341,96	0,53
№1 өңдеу	10,34	50,2	0,078
№2 өңдеу	11,42	454,07	0,707
№3 өңдеу	14,2	47,73	0,074
№4 өңдеу	14,51	457,55	0,713

Табиғи сазбалшықтардың құрылымына арналған ғылыми еңбектер аса көп емес, табиғи сазбалшықтардың құрылымы толық зерттелмеген. Каолинит пен монтмориллониттен құралған табиғи сазбалшықтардың құрылымы қабатты болып келеді. Табиғи сазбалшықтағы кеуектердің таралуы әртүрлі және тұрақсыз деп айтуға болады, беттік ауданы 5-85 м²/г аралықта болады (Масалимова, 2019; Shorayeva, et al, 2020; Shorayeva, et al, 2021).

Табиғи сазбалшық және оның негізінде алынған катализатордың құрылымдық сипаттамалары төмен температурадағы азоттың адсорбциялық изотермаларының мәліметтері бойынша өзгерісі келтірілген (3-кесте). 3-кестедегі көрсетілген катализаторлардың да кеуектілік көлемдері де әртүрлі. Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер $V_{\text{негізгі}}$ мөлшерлерінің өзгерулерінен де байқалады.

Кесте 3- Көмірсутек қоспаның жартылай тотығу процесінде қолданылған катализаторлардың беттік мөлшері.

№	Катализаторлар құрамы	Беті, м ² /г	Кеуек көлемі V_{ADSmx} , мл/г	$V_{\text{негізгі}}$, мл
1	ТСБ	14,51	155.53	0.24
2	1%Cr/ТСБ	23,13	272.87	0.43

Тасымалдағыш ретінде қолданылған табиғи сазбалшықтар әртүрлі өндеуден өткізілді, одан соң әрбір үлгіге элементтік талдау жасалды.

Элементтік талдау нәтижесі бойынша 4-кестеде көрсетілген қосылыстар тасымалдағыштарға ортақ, бірақ пайыздық мөлшері бойынша ерекшелік байқалады. Өңделмеген тасымалдағыштағы Al_2O_3 ең көп мөлшері 68% болса, қышқылдық өндеуден кейіе оның пайыздық мөлшері 42% төмендейді. SiO_2 пайыздық мөлшері өңделген және өңделмеген табиғи сазбалшықта 25-30% арлығын көрсетті.

Кесте 4 - Тасымалдағышқа элементтік талдау жүргізу нәтижесі


Элементтер	Өңделмеген тасымалдағыш	Өңделген тасымалдағыш
CaO	<01	<01
MgO	<01	<01
Fe_2O_3	02	19
Al_2O_3	68	42
Na_2O	<01	02
K_2O	-	-
SiO_2	25	30

Элементтік талдау бойынша қорытындыласақ, тасымалдағышты қышқылдық өндеуден кейінгі элементтік құрамында өзгеріс болатындығы анықталды.

Инфра-қызыл спектроскопия әдісі арқылы табиғи сазбалшықта қарқынды сіңіру жолақтары (с.ж.) байқалды: валенттік симметриялық тербеліс жиілігі 1069 см⁻¹ Si-O-Si и Si-O-Al сәйкес келеді, 400-800 см⁻¹ аралығындағы жиілік Al-O, Si-O байланысының деформациялық тербеліс жиілігіне сәйкес келді. (Al-O 654-670 см⁻¹), (SiO 806-792см⁻¹). Si-O деформациялық тербеліс жиілігі 454 см⁻¹ тең болды.

Рентгенфазалық талдау нәтижесі бойынша, 1%Cr/ТСБ катализаторы α -кварцтан тұрады, рентгеноаморфты құрамды, әлсіз каолинит рефлекстерін көрсетті. Cr_2O_3 фазасының рефлекстері байқалды: 3.63_{γ} , 2.66_x , 2.48_y және т.б. (6-504 JCPDS).

Электронды микроскопия әдісі арқылы 1%Cr/ТСБ катализаторы зерттелді. 4а-суретте көлемі 20 нм болатын тығыз бөлшектерден құралған аздаған қырлану белгісі бар агрегатты көруге болады. Микродифракциялық сурет рефлекс түрінде берілген, шеңбер бойынша орналасқан, CrO (JCPDS, 6-532) фазасына сәйкес келеді. 4б-суретте ірі және тығыз орналасқан бөлшектерден тұратындығы көрсетілген. Сирек кездесетін рефлекстер Cr_2O_3 (JCPDS, 6-508) фазасына сәйкес келеді. 5в-суретте аз мөлшердегі фазалардың шоғырлануы байқалады, дисперсті жүйенің мөлшері 3 нм сәйкес келеді. Микродифракциялық сурет шеңбер түрінде көрсетілген және Cr_2O_5 (JCPDS, 36-1329) фазасына сәйкес келеді.



Сурет 4 - 1%Cr/ТСБ катализаторының микродифракциялық суреті

Көмірсутектердің тотыға дегидрленуінде табиғи тасымалдағышқа қондырылған 1%Cr/ТСБ катализаторында олефин шығымының артуы жоғарыда көрсетілген өзгеріске байланыстылығы анықталды. Сонымен, 1%Cr/ТСБ катализаторының белсенділігі РФА және ЭМ зерттеу әдістерінің нәтижесіне сәйкес жаңа фазалық құрамның түзілуіне, фазалардың көлеміне, хром оксидінің валенттік өзгерісіне тікелей байланысты екені көрсетілді. Катализаторлар мен каталитикалық процестерді зерттеудің заманауи әдістерін жасау қолданыстағы дегидрлеу технологияларын жетілдіруге және жаңаларын әзірлеуге мүмкіндіктер береді.

Әртүрлі ғылыми топтардың басты назары альтернативті катализаторларды жасауға, қолданыстағы катализаторлардың тұрақтылығын арттыруға, технологиялық өзгерістер арқылы алкандарды дегидрлеу процесінің энергия тиімділігін

арттыруға, сонымен қатар термодинамикалық шектеулерді азайту және қосалқы реакциялардың үлесін азайтуға бағытталған. Жаңа катализаторларды әзірлеудегі ең маңызды міндеттер олардың каталитикалық қасиеттерін жақсарту (белсенділік, талғамдылық және тұрақтылық), белсенді орталықтарды анықтау және құрылым-белсенділік-талғамдылық қатынастарын орнату, алайда Pt-Sn және CrO_x қасиеттерімен салыстырылатын практикалық балама жүйелері табылмаған. Сондықтан ғалымдардың назары сонымен қатар алкандардың дегидрлеу заңдылықтарын зерттеуге және қолданыстағы катализаторлардың белсенді орталықтарын құруға және оларды одан әрі жетілдіруге бағытталған (Olsbye U. және т.б., 2005).

Құрамында хром бар катализаторларды зерттеудегі ең көп тараған көзқарас алкан молекулаларының адсорбциясы Cr-O орталықтарында жүреді деп есептейтіндіктен, олардың тотығу-тотықсыздану жағдайында (соның ішінде дегидрлеу реакциясы жағдайларында) түзілуіне әсер ететін факторларды және бастапқы катализаторлардағы CrO_x формасын, олардан кейін белсенді орталықтардың түзілу формаларын түсіну маңызды болып табылады.

Әртүрлі ғылыми топтардың зерттеулеріне сәйкес, жаңа дайындалған катализаторлардағы хром құрамын және дайындалу шарттарын өзгерте отырып, әртүрлі промоторларды енгізу арқылы хром Cr^{6+} , Cr^{5+} , Cr^{3+} және Cr^{2+} күйлері анықталды, ал Cr^{6+} беттік хроматтар, полихроматтар түрінде болады, ал Cr^{3+} кристалды және аморфты $\alpha\text{-Cr}_2\text{O}_3$ түрінде берілген (Петров, et al, 2009).

Соңғы зерттеулерде дегидрлеуде қолданылатын хромды катализаторлардың белсенділігі негізінен Cr^{3+} әртүрлі жоғары дисперсті және үйлестіру қанықпаған түрлерімен анықталады. Реакциялық орта жағдайында Cr^{6+} немесе Cr^{5+} дегидрлеу реакциясында алкендерге қатысты талғамдылығы төмен екендігі анықталды, бірақ, олар Cr^{3+} белсенді орталықтары үшін прекурсорлар болып табылады. Әдебиеттерді талдау CrO_x әртүрлі формаларының арақатынасы хром құрамына (тасымалдағыштың меншікті бетінің ауданына қатысты), катализаторды дайындау әдісіне, қолданылатын прекурсорларға, термиялық өңдеуге және қолданылатын тасымалдағышқа байланысты екенін көрсетеді. Тасымалдағыштарға қойылатын талаптарға қарамастан, дегидрлеу катализаторлары үшін зерттелетін тасымалдағыштар толық инертті емес және реагенттердің адсорбциясына және негізгі немесе жанама реакциялардың жүруіне әсер ететіні бірнеше рет көрсетілді. Осылайша, беттік қышқылдығы төмен катализаторлар жұмыс кезінде жоғары тұрақтылықты көрсетеді және кокстелуі төмен болады, алканның активтенуінде орташа күшті қышқыл орталықтардың болуы маңызды рөл атқарады, осылайша катализатордың белсенділігін арттырады (Масалимова, 2019).

Қорытынды. Зерттелетін каталитикалық жүйелерде көмірсутектердің дегидрлену процесін жүргізудің қолайлы жолдарын анықтау үшін температура, реагенттердің (сандық қатынастарының мөлшерлерінің әсерлері тексеріліп реакциялық өнімдер алудың қолайлы жолдары анықталды. Жоғары талғамды, белсенді катализаторлардың тасымалдағыштары ретінде табиғи сазбалшықтарды тиімді пайдаланудың әдісі көрсетілді. Қаныққан көмірсутектерді олефиндерге

дейін тотықтыра дегидрлеуде қолданылған катализаторларды физика-химиялық әдістермен зерттелді: БЭТ, ИҚС, ЭМ, РФА, элементтік талдау. Қорытындылай келе, қаныққан көмірсутектердің тотыға дегидрлену процесінің механизмін зерттеу үлкен қызығушылықты тудыратыны анық.

Көмірсутектерді олефиндерге дейін тотықтыра дегидрлеу үшін табиғи сазбалшық негізінде дайындалған катализатордың қолайлы құрамы, катализатордың құрылымдық қасиеттері зерттелді. Жұмыстың нәтижелері бойынша катализатор және осы катализаторларды қолдана отырып, олефиндер өнімділігін жоғарылатып, күйе түзілуін төмендететін, каталитикалық пиролиздің тиімді әдісі зерттелді. Құрамында хром мөлшері аз тиімді каталитикалық композицияларды жасау және катализаторлардың белсенді бетінің қасиеттерін қаныққан көмірсутектерді тотықтыра дегидрлеу үшін зерттеу, сонымен қатар құрылым, белсенді беттік құрамы және каталитикалық қасиеттер арасындағы байланыстарды орнатудың практикалық маңызы зор.

Әдебиеттер

Арутюнов В.С., Магомедов Р.Н. (2012). Газофазный окспиролиз легких алканов. Успехи химии. 2012, 81(9), 790-822.

Бондарева В.М., Ищенко Е.В., Шадрина Л.А., Соболев В.И., Пармон В.Н., Парахин О.А., Чернов М.П. (2017). Способ получения оксидных катализаторов для процесса окислительной конверсии этана в этилен. Патент RU №2634593 C1. Оpubл. 01.11.2017.

Fang D., Zhao J., Li W. (2015). Investigation of the characteristics and deactivation of catalytic active center of Cr-Al₂O₃ catalysts for isobutane dehydrogenation. Journal of Energy Chemistry. 2015, 24(1), 101–107. DOI: 10.1016/S2095-4956(15)60290-X

Chen K., Xie S., Bell A.T., Iglesia E. (2001). Structure and Properties of Oxidative Dehydrogenation Catalysts Based on MoO₃/Al₂O₃. J. Catal. 2001, 198(2), 232-242. DOI: 10.1006/jcat.2000.3125

Słoczyński J., Grzybowska B., Kozłowska A., Samson K., Grabowski R., Kotarba A., Hermanowska M. (2011). Effect of potassium on physicochemical properties of CrOx/Al₂O₃ and CrOx/TiO₂ catalysts for oxidative dehydrogenation of isobutane: The role of oxygen chemisorption. Catalysis Today. 2011, 169(1), 29–35. DOI: 10.1016/j.cattod.2010.10.096

Heracleous E., Vakros J., Lemonidou A.A., Kordulis Ch. (2004). Role of preparation parameters on the structure-selectivity properties of MoO₃/Al₂O₃ catalysts for the oxidative dehydrogenation of ethane. Catal. Today. 2004, (91–92), 289-292. DOI: 10.1016/j.cattod.2004.03.046

Heracleous E., Machli M., Lemonidou A.A., Vasalos I.A. (2005). Oxidative dehydrogenation of ethane and propane over vanadia and molybdena supported catalysts. Journal of Molecular Catalysis A: Chemical. 2005, 232, 29–39. DOI: 10.1016/j.molcata.2005.01.027

Lemonidou A.A., Nalbandian L., Vasalos I.A. (2000). Oxidative dehydrogenation of propane over vanadium oxide based catalysts: Effect of support and alkali promoter. Catal. Today. 2000, 61(1–4), 333-341. DOI: [https://doi.org/10.1016/S0920-5861\(00\)00393-X](https://doi.org/10.1016/S0920-5861(00)00393-X)

Масалимова Б.К. (2024). C3-C4 көмірсутектердің жартылай тотығуы. Astana. 2019. ISBN: 978-601-7300-69-2. -128б.

Massalimova B.K., Darmenbayeva A.S., Mukazhanova Zh., Tungatarova S.A., Sadykov V.A. (2024). Partial Oxidation of a Propane-butane Mixture on Catalysts Supported on a Natural Support. NEWSOF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY. 2024, 1(458), 94–105. DOI: 10.32014/2024.2518-1491.210

Макарян И.А., Рудакова И., Савченко В.И. (2010). Промышленные процессы целевого каталитического дегидрирования пропана в пропилен. И.А. Макарян, М. Альтернативная энергетика и экология. 2010, (6), 67–81.

Olsbye U., Vornovskaia A., Prytz Ø. (2015). Mechanistic insight in the ethane dehydrogenation reaction over Cr/Al₂O₃ catalysts. Catalysis letters. 2005, 103, (1-2), 143–148. DOI: 10.1007/s10562-005-6521-7

Петров И.Я., Трясунов Б.Г. (2009). Структура и каталитические свойства нанесенных оксидомолибденовых, оксидованадиевых и оксидохромовых катализаторов дегидрирования углеводородов. Вестник Кузбасского государственного технического университета. 2009, 49-61.

Реймбаев Е., Шораева К.А., Масалимова Б.К. (2024). Қаныққан көмірсутектерді олефиндерге дейін тотықтыра дегидрлеу үшін табиғи сазбалшық негізінде катализаторларды дайындау және олардың құрылымдық қасиеттерін зерттеу. XII Халық.ғыл.-прак.конф. 12 сәуір, 2024, 440-443.

Rombi E., Cutrufello M.G., Solinas V. (2003). Effects of potassium addition on the acidity and reducibility of chromia/alumina dehydrogenation catalysts. *Applied Catalysis A: General*. 2003, 251(2). P. 255–266

Jesper J. H. B. Sattler, Javier Ruiz-Martinez, Eduardo Santillan-Jimenez, Bert M. Weckhuysen (2014). Catalytic dehydrogenation of light alkanes on metals and metal oxides. *Chemical reviews*. 2014, 114(20), 10613–10653. DOI: 10.1021/cr5002436

Shorayeva K.A., Massalimova B.K., Bepalko Y.N., Kovalev E.P., Ishchenko A.V., Sadykov V.A. (2021). Synthesis, properties, and activity of MoVTenbO catalysts modified by zirconia-pillared clays in oxidative dehydrogenation of ethane. *Open Chemistry*. 2021, 19, 492–502. DOI 10.1515/chem-2021-0048

Shorayeva K.A., Massalimova B.K., Bepalko Yu.N., Sadykov V.A. (2020) Testing of mo-containing catalysts applied to al-, Al/Zr-pillared clays during the oxidative dehydrogenation of ethane to ethylene. *Известия НАН РК. Серия химия и технология*. 2020, 4. 37-43. DOI: <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1491.62>

Tungatarova S., Xanthopoulou G., Baizhumanova T., Zhumabek M., G. Kaumenova G., Massalimova B., Shorayeva K. (2019). Catalytic methane reforming into synthesis-gas over developed composite materials prepared by combustion synthesis. *Reaction Kinetics, Mechanisms, and Catalysis*. 2019, 126(2), 645-661.

Vernikovskaya N., Savin I., Kashkin V. (2011). Dehydrogenation of propane–isobutane mixture in a fluidized bed reactor over Cr₂O₃/Al₂O₃ catalyst: Experimental studies and mathematical modelling. *Chemical Engineering Journal*. 2011, 176, 158–164.

Закумбаева Г., Иткулова Ш. (2013). Каталитические превращения газообразных углеводородов. Нефтезаменяющие процессы. Издательство LAP LAMBERT. Academic Publishing. ISBN 9783659335426. -384с. -2013.

References

Arutyunov V.S., Magomedov R.N. (2012). Gazofaznyj okspiroliz legkih alkanov. *Uspekhi himii* [Gas-phase oxyprolysis of light alkanes]. *Russ. Chem. Rev.* 2012, 81 (9), 790-822. (In Russ.).

Bondareva V.M., Ishchenko E.V., Shadrina L.A., Sobolev V.I., Parmon V.N., Parakhin O.A., Chernov M.P. (2017). Sposob polucheniya oksidnykh katalizatorov dlya processa oksislitel'noj konversii etana v etilen [A method for producing oxide catalysts for the process of oxidative conversion of ethane into ethylene]. Patent RU No. 2634593 C1. Publ. 01.11.2017. Арутюнов В.С., Магомедов Р.Н. (2012). (In Russ.).

Fang D., Zhao J., Li W. (2015). Investigation of the characteristics and deactivation of catalytic active center of Cr-Al₂O₃ catalysts for isobutane dehydrogenation. *Journal of Energy Chemistry*. 2015, 24(1), 101–107. DOI: 10.1016/S2095-4956(15)60290-X (in Eng.)

Chen K., Xie S., Bell A.T., Iglesia E., 2001. Chen K., Xie S., Bell A.T., Iglesia E. (2001). Structure and Properties of Oxidative Dehydrogenation Catalysts Based on MoO₃/Al₂O₃. *J. Catal.* 2001, 198(2), 232-242. DOI: 10.1006/jcat.2000.3125 (in Eng.)

Słoczyński J., Grzybowska B., Kozłowska A., Samson K., Grabowski R., Kotarba A., Hermanowska M. (2011). Vliyanie kaliya na fiziko-himicheskie svojstva katalizatorov CrOx/Al₂O₃ i CrOx/TiO₂ dlya oksislitel'nogo degidrirovaniya izobutana: rol' hemosorbicii kisloroda. [Effect of potassium on physicochemical properties of CrOx/Al₂O₃ and CrOx/TiO₂ catalysts for oxidative dehydrogenation of isobutane: The role of oxygen chemisorption]. *Catalysis Today*. 2011, 169(1), 29–35. DOI: 10.1016/j.cattod.2010.10.096 (In Russ.).

Heracleous E., Vakros J., Lemonidou A.A., Kordulis Ch. (2004). Role of preparation parameters on the structure–selectivity properties of MoO₃/Al₂O₃ catalysts for the oxidative dehydrogenation of ethane. *Catal. Today*. 2004, (91–92), 289-292. DOI: 10.1016/j.cattod.2004.03.046 (in Eng.)

Heracleous E., Machli M., Lemonidou A.A., Vasalos I.A. (2005). Oxidative dehydrogenation of ethane and propane over vanadia and molybdena supported catalysts. *Journal of Molecular Catalysis A: Chemical*. 2005, 232, 29–39. DOI: 10.1016/j.molcata.2005.01.027 (in Eng.)

Lemonidou A.A., Nalbandian L., Vasalos I.A. (2000). Oxidative dehydrogenation of propane over vanadium oxide based catalysts: Effect of support and alkali promoter. *Catal. Today*. 2000, 61(1–4), 333–341. DOI: [https://doi.org/10.1016/S0920-5861\(00\)00393-X](https://doi.org/10.1016/S0920-5861(00)00393-X) (in Eng.)

Masalimova B.K. (2024). S3-S4 көмірсутектердің zhartyrlaj totyryy. [C3-C4 partial oxidation of hydrocarbons]. Astana. (in Kaz.)

Massalimova B.K., Darmenbayeva A.S., Mukazhanova Zh., Tungatarova S.A., Sadykov V.A. (2024). Partial Oxidation of a Propane-butane Mixture on Catalysts Supported on a Natural Support. *NEWSOF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY*. 2024, 1(458), 94–105. DOI: 10.32014/2024.2518-1491.210 (in Eng.)

Makaryan I.A., Rudakova I., Savchenko V.I. (2010). Promyshlennyye processy celevogo kataliticheskogo degidrirovaniya propana v propilen. [Industrial processes of targeted catalytic dehydrogenation of propane into propylene]. I.A. Makaryan, M. Al'ternativnaya energetika i ekologiya. 2010, (6), 67–81. (In Russ.).

Olsbye U., Virnovskaia A., Prytz Ø. (2015). Mechanistic insight in the ethane dehydrogenation reaction over Cr/Al₂O₃ catalysts. *Catalysis letters*. 2005, 103, (1-2), 143–148. DOI: 10.1007/s10562-005-6521-7 (in Eng.)

Petrov I.YA., Tryasunov B.G. Struktrua i kataliticheskie svoystva nanesennyh oksidnomolibdenovyh, oksidnovanadievyyh i oksidnohromovyh katalizatorov degidrirovaniya uglevodorodov. [Structure and catalytic properties of supported molybdenum oxide, vanadium oxide and chromium oxide catalysts for hydrocarbon dehydrogenation.]. *Vestnik Kuzbasskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta*. 2009, 49-61. (In Russ.).

Rejmbaev E., SHoraeva K.A., Masalimova B.K. (2024). Қаныққан көмірсутектерді olefinderge dejin totykytra degidreleu yshin tabiri sazbalshyk negizinde katalizatorlardy dajyndau zhəne olardyң qyrylymdyk kasiyterin zertteu. [Preparation of catalysts based on natural clay for oxidative dehydrogenation of saturated hydrocarbons to olefins and study of their structural properties]. XII Halyq.ryl.-prak.konf. 12 səuir, 2024, 440-443. (in Kaz.)

Rombi E., Cutrufello M.G., Solinas V. (2003). Effects of potassium addition on the acidity and reducibility of chromia/alumina dehydrogenation catalysts. *Applied Catalysis A: General*. 2003, 251(2). P. 255–266 (in Eng.)

Jesper J. H. B. Sattler, Javier Ruiz-Martinez, Eduardo Santillan-Jimenez, Bert M. Weckhuysen (2014). Catalytic dehydrogenation of light alkanes on metals and metal oxides. *Chemical reviews*. 2014, 114(20), 10613–10653. DOI: 10.1021/cr5002436 (in Eng.)

Shorayeva K.A., Massalimova B.K., Bepalko Y.N., Kovalev E.P., Ishchenko A.V., Sadykov V.A. (2021). Synthesis, properties, and activity of MoVTaNbO catalysts modified by zirconia-pillared clays in oxidative dehydrogenation of ethane. *Open Chemistry*. 2021, 19, 492–502. DOI 10.1515/chem-2021-0048 (in Eng.)

Shorayeva K.A., Massalimova B.K., Bepalko Yu.N., Sadykov V.A. (2020) Testing of mo-containing catalysts applied to al-, Al/Zr-pillared clays during the oxidative dehydrogenation of ethane to ethylene. *News of NAS RK. Series of Chemistry and Technology*. 2020, 4. 37-43. DOI: <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1491.62> (in Eng.)

Tungatarova S., Xanthopoulou G., Baizhumanova T., Zhumabek M., G. Kaumenova G., Massalimova B., Shorayeva K. (2019). Catalytic methane reforming into synthesis-gas over developed composite materials prepared by combustion synthesis. *Reaction Kinetics, Mechanisms, and Catalysis*. 2019, 126(2), 645-661. (in Eng.)

Vernikovskaya N., Savin I., Kashkin V. (2011). Dehydrogenation of propane–isobutane mixture in a fluidized bed reactor over Cr₂O₃/Al₂O₃ catalyst: Experimental studies and mathematical modelling. *Chemical Engineering Journal*. 2011, 176, 158–164. (in Eng.)

Zakumbaeva G., Itkulova SH. Kataliticheskie prevrashcheniya gazoobraznyh uglevodorodov. Neftezamenyayushchie processy. [Catalytic transformations of gaseous hydrocarbons. Oil substitution processes]. Izdatel'stvo LAP LAMBERT. Academic Publishing. ISBN 9783659335426. -384c. -2013. (In Russ.).

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224-5286

Volume 1. Number 462 (2025), 121–132

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1491.271>

D.N. Makhayeva*, Sh. Zhetesbayeva, G.S. Irmukhametova, Z.A. Kenessova, 2025.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: danelya.1993@gmail.com

**PREPARATION AND CHARACTERIZATION OF POLYMER FILMS BASED
ON IODINE COMPLEXED WITH POLY(2-ETHYL-2-OXAZOLINE)**

Makhayeva Danelya Nurlanovna – PhD, senior researcher, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: danelya.1993@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1250-9587>;

Zhetesbayeva Sholpan — graduate student, laboratory assistant at the al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: sholpan.best.03.01.07@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-3308-987X>;

Irmukhametova Galiya Serikbayevna — Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail galiya.irm@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-1264-7974>;

Kenessova Zarina Anvarovna – PhD, senior lecturer, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: zarina.kenessova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2768-824X>.

Abstract. The skin is an essential barrier, preventing the penetration of micro- and macromolecules. Transdermal drug delivery treats skin diseases and enables systemic drug administration, offering ease of use, controlled release, and an alternative to tablets and injections. However, existing transdermal drug formulations, including patches, ointments, and creams, have several drawbacks, such as skin irritation, low bioavailability, instability of active ingredients, and inconvenience in application.

Iodine is one of the most widely used antiseptic agents commonly incorporated into wound dressings such as Inadine and cadexomer-iodine. However, these products may cause skin irritation, have an unstable composition, and fail to ensure uniform release of the active substance. In this study, novel film compositions based on agar-agar and a complex of poly(2-ethyl-2-oxazoline) (PEOZ) with iodine were developed to enhance transdermal delivery. The obtained films had a pH of 5.5, corresponding to that of the skin, while an increased PEOZ content reduced swelling, thereby improving the stability of the film compositions. Within 120 minutes, the films released 16.5% of active iodine (0.24 mg/mL), which is sufficient for effective antiseptic action. Antimicrobial analysis confirmed the high activity of the films against *Staphylococcus aureus* and *Candida albicans*. Thus, the proposed film compositions based on a complex of PEOZ with iodine represent promising drug formulations for the treatment of infected wounds and skin diseases.

Keywords: Iodine, iodine-polymer complex, polymer film, poly(2-ethyl-2-oxazoline), a natural polymer.

Д.Н. Махаева*, Ш. Жетесбаева, Ғ.С. Ирмухаметова, З.А. Кенесова, 2025.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

*E-mail: danelya.1993@gmail.com

ЙОДТЫҢ ПОЛИ(2-ЭТИЛ-2-ОКСАЗОЛИНМЕН) КЕШЕНІ НЕГІЗІНДЕ ПОЛИМЕРЛІ ҮЛДІРЛЕРДІ АЛУ ЖӘНЕ СИПАТТАУ

Махаева Данэля Нурланқызы – Ph.D, аға ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: danelya.1993@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1250-9587>;

Жетесбаева Шолпан – 4 курс студенті, лаборант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: sholpan.best.03.01.07@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-3308-987X>;

Ирмухаметова Ғалия Серікбайқызы – х.ғ.к., қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: galiya.irm@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-1264-7974>;

Кенесова Зарина Анварқызы – Ph.D, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: zarina.kenesova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2768-824X>.

Аннотация. Тері – адам ағзасын қоршаған ортадан қорғайтын негізгі тосқауыл, ол микро- және макромолекулалардың енуіне жол бермей, маңызды қорғаныс қызметін атқарады. Алайда, бұл қасиет кейбір жағдайларда дәрілік заттардың жүйелі және жергілікті жеткізілуін шектейді. Трансдермальді дәрі жеткізу жүйесі тері арқылы белсенді компоненттердің енгізілуіне мүмкіндік беріп, жергілікті және жүйелі терапия үшін тиімді әдіс болып табылады. Бұл әдістің артықшылықтарына ыңғайлылық, белсенді заттардың бақыланып, біркелкі бөлінуі, сондай-ақ таблеткалар мен инъекцияларды алмастыру мүмкіндігі жатады. Трансдермальді препараттар ұзақ әсер етуге, қажетті мөлшерде дәрілік затты тұрақты түрде жеткізуге және жанама әсерлердің төмендеуіне ықпал етеді. Алайда, қолданыстағы трансдермальді дәрілік формалар, соның ішінде пластырьлар, майлар және кремдер, терінің тітіркенуіне, биожетімділіктің төмендігіне, белсенді компоненттердің тұрақсыздығына және қолданудың қолайсыздығына байланысты шектеулерге ие.

Йод – кеңінен қолданылатын антисептик және Iodine, кадексомер-йод сияқты таңғыштар құрамына кіреді. Дегенмен, бұл құралдар теріні тітіркендіруі, тұрақсыз құрамға ие болуы және белсенді заттың біркелкі бөлінуін қамтамасыз етпеуі мүмкін. Осы зерттеуде трансдермальді жеткізуді жақсарту мақсатында агар-агар мен поли(2-этил-2-оксазолин) (ПЭОЗ) кешені негізіндегі йод қосылған пленкалық композициялар әзірленді. Алынған пленкалардың рН 5,5 болып, тері рН көрсеткішіне сәйкес келді, ал ПЭОЗ мөлшерінің артуы олардың ісіну дәрежесін төмендетіп, тұрақтылығын арттырды. 120 минут ішінде пленкалар 16,5 % белсенді йодты (0,24 мг/мл) босатты, бұл тиімді антисептикалық әсер үшін жеткілікті. Антимикробтық талдау нәтижелері пленкалардың *Staphylococcus aureus* және

Candida albicans-қа қарсы жоғары белсенділігін растады. Осылайша, агар-агар мен ПЭОЗ-йод кешені негізіндегі пленкалық композициялар инфекцияланған жаралар мен тері ауруларын емдеуге арналған перспективті дәрілік форма болып табылады.

Түйін сөздер: йод, йод-полимер кешені, полимерлі үлдір, поли(2-этил-2-оксазолин), табиғи полимер.

Д.Н. Махаева*, Ш. Жетесбаева, Г.С. Ирмухаметова, З.А. Кенесова, 2025.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

*E-mail: danelya.1993@gmail.com

ПОЛУЧЕНИЕ И ХАРАКТЕРИСТИКА ПОЛИМЕРНЫХ ПЛЕНОК НА ОСНОВЕ КОМПЛЕКСА ЙОДА С ПОЛИ (2-ЭТИЛ-2-ОКСАЗОЛИНОМ)

Махаева Данэля Нурлановна – PhD, старший научный сотрудник, Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан, E-mail: danelya.1993@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1250-9587>;

Жетесбаева Шолпан – студент 4-курса, лаборант, Алматы, Казахстан, E-mail: sholpan.best.03.01.07@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-3308-987X>;

Ирмухаметова Галия Серикбаевна – к.х.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, E-mail: galiya.irm@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-1264-7974>;

Кенесова Зарина Анваровна – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, E-mail: zarina.kenesova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2768-824X>.

Аннотация. Кожа выполняет важную барьерную функцию, предотвращая проникновение микро- и макромолекул. Трансдермальная доставка лекарств применяется как для местного лечения кожных заболеваний, так и для системного введения препаратов, обеспечивая ряд преимуществ, включая удобство использования, контролируемое высвобождение действующих веществ и возможность замены традиционных форм, таких как таблетки и инъекции. Однако существующие трансдермальные лекарственные формы, включая пластыри, мази и кремы, обладают рядом недостатков, таких как раздражение кожи, низкая биодоступность, нестабильность активных компонентов и неудобство при нанесении.

Йод является одним из наиболее распространенных антисептических агентов и широко используется в лечебных повязках, таких как, Inadine и кадексомер-йод. Однако такие средства могут вызывать раздражение кожи, иметь нестабильный состав и не обеспечивать равномерного высвобождения активного вещества. В данном исследовании разработаны пленочные композиции на основе агар-агара и комплекса поли(2-этил-2-оксазолина) (ПЭОЗ) с йодом, обладающие улучшенными характеристиками трансдермальной доставки. Полученные пленки имели pH 5,5, равный pH кожи, а увеличение содержания ПЭОЗ снижало их степень набухания, повышая стабильность пленочных композиций. В течение 120 минут пленочные

композиции высвобождали 16,5 % активного йода (0,24 мг/мл), что достаточно для эффективного антисептического действия. Результаты антимикробных анализов подтвердили высокую активность пленок против *Staphylococcus aureus* и *Candida albicans*. Таким образом, предложенные пленочные композиции на основе агар-агара и комплекса ПЭОЗ с йодом представляют собой перспективные лекарственные формы к лечению инфицированных ран и кожных заболеваний.

Ключевые слова: йод, йод-полимерный комплекс, полимерная пленка, поли(2-этил-2-оксазолин), природный полимер.

Введение. Кожа является самым доступным органом, который выполняет роль барьера для микро- и макромолекул окружающей среды благодаря своей низкой проницаемости. Трансдермальная доставка лекарств направлена на местную терапию кожных заболеваний или системную абсорбцию препаратов через кожу. Этот метод имеет несколько преимуществ, таких как обширная поверхность кожи, простота в использовании и возможность замены перорального приема лекарств или подкожных инъекций (Zurdo Schroeder, et al, 2007:111). Тем не менее, существующие формы лекарственных средств, такие как пластыри, мази и кремы, имеют свои недостатки. Например, пластыри могут вызывать раздражение кожи и неудобства при использовании, особенно на изогнутых участках. Полутвердые формы, такие как кремы и мази, могут легко стираться при контакте с одеждой, требуя частого повторного нанесения. Это создает трудности для пациентов с хроническими заболеваниями, такими как грибок стопы или кандидоз. Поэтому важно разработать новые лекарственные формы, которые обеспечат длительный контакт с кожей и улучшат соблюдение режима лечения (Tan, et al, 2012:1263).

Йод используется в качестве дезинфицирующего средства с 1830 года благодаря своей антимикробной активности против бактерий, плесневых грибов и некоторых вирусов, которая достигается за счет неспецифического механизма, предотвращающего развитие их (Makhayeva, et al, 2023:112573, Garg, et al, 2007:1340). Йод денатурирует белки, окисляя S–H группы и нарушая водородные связи в аминокислотах и нуклеотидах, что приводит к потере функций ферментов и структурных белков. Кроме того, йод нарушает целостность микробных мембран и ингибирует функции нуклеиновых кислот, что приводит к быстрой гибели микроорганизмов (Gottardi, 1980:1). Хотя современные лекарственные формы йода, такие как повязка Inadine с 10% повидон-йод, предлагают более безопасные и менее болезненные альтернативы, они все еще имеют свои недостатки, такие как необходимость в дополнительной повязке и высокая стоимость. Другой известной повязкой является кадексомер йод, который также эффективно высвобождает йод, но может образовывать трудноподдающиеся удалению пленки (Sibbald, et al, 2017:316).

